

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Г. СЫЗДЫҚОВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫ

Оқулық

Алматы, 2012

ӘОЖ 811.512.122'336(075)

КБЖ 81.2 Қаз-2я7

С 94

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. А. Жақыпов;**
филология ғылымдарының докторы, доцент **Ж. А. Құсайынова.**

Сыздықова Г. О.

С 94 Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. Г. О. Сыздықова
– Алматы, 2012. – 160 бет.

ISBN 978-601-217-345-1

«Оқулықта қазіргі қазақ тілі морфологиясының негізгі мәселелері қарастырылады. Оқулық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде «филология: қазақ тілі» және «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге, докторанттар мен магистранттарға арналған.

ӘОЖ 811.512.122'336(075)

КБЖ 81.2 Қаз-2я7

© Г.О.Сыздықова , 2012

© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2012

ISBN 978-601-217-345-1

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» – жоғары оқу орындарында «филология: қазақ филологиясы» және «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша оқытылатын міндетті пәндердің бірі.

«Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» пәні бойынша ұсынылып отырған оқулық оқытудың кредиттік жүйесі бойынша әзірленді. Оқулық студенттерге тілдің грамматикалық құрылысы, грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгерісі, сөз таптары, олардың өзіне тән грамматикалық сипаты туралы теориялық білім беру мақсаты мен практикалық талдаулар, өздік жұмыстары арқылы теориялық материалдарды меңгеріп, ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу қабілеттерін дамыту міндеттерін қамтиды.

Оқулық үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде грамматика және оның салалары, тілдің грамматикалық құрылысы, морфологияның зерттеу нысаны, грамматикалық негізгі ұғымдар, олардың арақатынасы, өзіндік белгілері мен ерекшеліктері, сөз таптары және олардың лексика-грамматикалық сипаты туралы жалпы теориялық мәліметтер мен тақырып бойынша бақылау сұрақтары берілді.

Оқулықтың екінші бөлімінде практикалық сабақтардың тақырыптары және әр тақырып бойынша талдау жұмыстарына арналған тапсырмалар берілген.

Үшінші бөлімде СӨЖ, СОӨЖ тақырыптары мен оларды орындауға қажетті әдебиеттер тізімі, бақылау-пысықтау жұмыстарына арналған тест тапсырмалары берілді.

Оқулық «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» пәнінің типтік оқу бағдарламасы (Алматы, 2006) бойынша дайындалды.

Оқулықтың әр бөлімінде кредиттік жүйе бойынша 15-тақырып қамтылған. Типтік оқу бағдарламасында берілмесе де, модаль сөздер оқулықта жеке тақырып ретінде ұсынылды.

Оқулықты әзірлеу барысында А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, Ы. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбай, т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар, тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінің деректері негізге алынды.

Бірінші бөлім

1. Грамматика және оның салалары

Жалпы грамматика гректің «grammatika», «gramma» – әріп, жазу деген сөздерінен шыққан. Грамматика ұғымы, біріншіден, тілдің құрылымы, яғни морфологиялық және синтаксистік категориялар, сөз тұлғалары мен синтаксистік құрылымдар, сөзжасам тәсілдерінің жүйесіне; екіншіден, тіл құрылымын зерттейтін тіл білімінің бір саласына; үшіншіден, жеке грамматикалық категориялардың қызметіне қатысты қолданылады.

Сөздің сөйлемдегі қолданылу заңдылығын қарастыратын ғылым ретінде грамматика тілдің грамматикалық құрылысын, яғни грамматикалық бірліктерді байланыстыратын және олардың ара-жігін ажырататын грамматикалық құралдар мен амал-тәсілдердің сөз тұлғасы, сөз құрамы, сөйлем құраудағы қызметін зерттейді. Сонымен қатар сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналары, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынас, сөздердің тұлғалану ерекшеліктері, бір-бірімен тіркесуі де грамматиканың зерттеу нысаны болып табылады.

Ғалым Қ. Жұбанов «грамматика өз алдына ғылым деп танылған соң және ол бірнеше ғылымдардан құралып пайда болған деп білгесін, алдымен грамматикаға кіретін ғылымдардың бәріне ортақ жалпы қасиетін ашып алу керек еді; әрі мұның бәрін де осы жалпы қасиет желісімен матастырып, өзара біріктіріп басын қосу керек еді; сондай-ақ тіл ғылымының басқа тарауларымен грамматика пәндерінің арасында қандай айырмашылық барын ашу керек еді» деген тұжырым жасай отырып, грамматиканы «тіл формаларын тексеретін тіл ғылымының бөлімі», «түрлі сөздердің жақын-алыстығын тергей, әр тобына белгілі форма тағатын, сөздер ауыл-үй қонғанда, оларға тиісті орын сайлап беретін ғылым саласы» деп түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, грамматика процесті қарайды. Басқаша айтқанда, **морфология – қызметші; ол лексиканың қызметшісі болғандықтан, түбірлер тудырады; синтаксистің қызметшісі**

болғандықтан, жалғау, жалғаушылықты қарайды. Бұл пайымдаудан грамматиканың тіл бірліктерінің құрылымдық, тұлғалық өзгерісі мен байланысын, өзара қарым-қатынасын, яғни грамматикалық құрылысын зерттейтін сала екендігі айқындалады.

Тілдің негізгі тірегі, арқауы – сөз. Сөз зат пен құбылыс, сапа мен белгі, т.б. ұғымдардың атауы қызметінде қолданылады. Ал тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметі сөздердің өзара тіркесуі, бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы арқылы жүзеге асады. Сондықтан сөздердің жеке дара қолданысы олардың атауыштық қызметін айқындаса, өзара байланысы, тіркесуі грамматика арқылы жүзеге асады. Сөздердің түрлену, өзгеру заңдылықтары мен сөйлемдердің құралу ережелері грамматика саласы арқылы белгіленеді. Соның негізінде сөз дыбыстық құрылымы мен мағыналық сипаты жағынан ғана емес, грамматикалық құрылысы жағынан да аса күрделі тілдік бірлік ретінде танылады. Сөздің грамматикалық құрылысына оның морфологиялық құрылымы мен құрамы, грамматикалық мағынасы мен оны білдіретін грамматикалық формалар, белгілі бір лексика-грамматикалық топқа қатысты категориялық белгілері, өзара байланысу амалдары мен тәсілдері кіреді.

Тілдің грамматикалық құрылысы аса күрделі. Оның бұл қасиеті тілдің грамматикалық құрылысына негіз болатын тіл бірліктері, атап айтқанда, дыбыс, сөз, сөз тіркесі және сөйлемдердің құрылысы мен құрылымының әр қырынан жан-жақты зерттелуімен байланысты анықталады. Осыған орай ғалым К. Аханов грамматиканың тарихи грамматика, сипаттама грамматика, салыстырмалы грамматика тәрізді түрлерін бөліп көрсетсе, ғалым Ә. Хасенов грамматиканы зерттеу материалдарының бағыт-мақсатына қарай сипаттамалы (синхрондық), тарихи (диахрониялық), туыстас тілдердің грамматикалық құрылысын салыстыра (салыстырмалы) және құрылысы жағынан бөлек-бөлек топқа жататын тілдерді салғастыра (салғастырмалы) тексеретін грамматика деп топтастырады. Ғалым, сондай-ақ грамматиканың формалды грамматика, нормативті грамматика, мектеп грамматикасы, академиялық грамматика тәрізді түрлерін де атап өтеді. Грамматиканың бұл түрлерін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Олардың әрқайсысының өзіндік зерттеу бағыты, мақсат-міндеттері болғанымен, бір-бірімен әрдайым тығыз қарым-қатынаста болып, бірін-бірі толықтырып, дамытып отырады.

Грамматика ғылымы морфология және синтаксис деп аталатын екі салаға бөлінеді. Морфология сөздердің морфологиялық

құрылымы мен түрлену жүйесін, лексика-грамматикалық топтарын, морфологиялық ұғымдардың арақатынасын, морфема және оның түрлерін қарастырса, синтаксис сол сөздердің сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы қолданысы мен қызметін, тіркесу заңдылықтарын қарастырады. Грамматиканың бұл екі саласының арасындағы қарым-қатынас морфема, сөз, сөз тіркесі және сөйлем тәрізді грамматикалық бірліктердің өзара байланысы арқылы айқындалады. Морфема сөздің морфологиялық құрамының мағыналық бір бөлшегі ретінде қызмет етсе, сөз түрлену жүйесі, грамматикалық мағынасы, морфологиялық құрылымы мен формасы, лексика-грамматикалық сипаты тұрғысынан жеке қолданылмай, сөз тіркесі мен сөйлем құрамында грамматикалық бірлік ретінде қолданылады. Ал сөз тіркесі мен сөйлем күрделі атауыштық және коммуникативтік қызметі тұрғысынан сөзден ерекшеленгенімен, онымен тығыз байланыста болады. Грамматикалық бірліктердің арасындағы мұндай қарым-қатынастан морфология мен синтаксис салаларының арасындағы байланыс шығады.

Қазақ тілі морфологиясының жалпы мәселелері 19-ғасырдың екінші жартысында Н. И. Ильминский, М. Терентьев, П. Мелиоранский, В. Катаринский сияқты ғалымдардың еңбектерінде жеке сөздердің құрамы мен жұрнақтар арқылы жасалуы және жалғаулар арқылы түрленуі тұрғысынан сөз етілгенімен, жеке сөз таптарының сөз табы ретіндегі ерекшеліктері мен лексика-грамматикалық сипатына баса назар аударылмады. Ал қазақ тілі морфологиясының негізгі мәселелері, оның ішінде сөз тұлғалары Қ. Жұбановтың 1936 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегінде жүйелі түрде қарастырылды.

Морфологияның жеке сөз таптарына қатысты мәселелері 40-50 жылдары М. Балақаевтың «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» (1941), А. Ысқақовтың «Қазақ тіліндегі үстеулер» (1950), Ғ. Мұсабаевтың «Сын есімнің шырайлары» (1951), Ә. Хасеновтің «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер» (1957), Р. Әміровтің «Қазақ тіліндегі шылаулар» (1959), Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіліндегі одағайлар» (1959) т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сөз етілді. Сөз таптарының жекелеген мәселелері 60-жылдары Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер» (1960), Ж. Шакеновтің «Қазақ тіліндегі сын есім категориясы» (1961), А. Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер» (1961),

Ә. Төлеуовтің «Қазақ тіліндегі есім категориясы» (1963) атты еңбектерінде лексика-грамматикалық ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты талданды.

Қазақ тілінің морфологиялық құрылысын жан-жақты қарастыруда тілдік жүйені құрайтын құрылымдардың мағынасын, қызметін, бір-бірімен байланысын айқындаудың өзіндік маңызы бар. Соның ішінде сөздің морфологиялық құрылымы грамматиканың аса маңызды мәселелерінің бірі болып танылады. Сөздердің морфологиялық құрылымы жағынан әртүрлі сипатта болып келуі олардың құрамындағы морфемалардың түрі және қызметімен анықталады. Соның негізінде сөз және морфема морфологияның зерттеу нысаны, ал сөз формалары мен сөздің грамматикалық құрылысын зерттеу морфологияның негізгі міндеті ретінде танылады. Тілдегі сөздерді сөз таптарының белгілі бір түріне бөліп, оның сол сөз табы қатарында қаралуын анықтау арқылы да морфологияның негізгі міндеттері сараланады. Грамматиканың бір саласы ретінде морфология сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырушы және сөзді тұлғалық жағынан түрлендіруші морфемалардың сөз таптарына қатысын, сөз таптары категорияларындағы сипаты мен сөзге үстейтін грамматикалық мағыналарын қарастырады.

Сөздің морфологиялық құрылымы тілдегі морфема ұғымымен тығыз байланысты. Морфема және оған қатысты түбір морфема, көмекші немесе қосымша морфема ұғымдары морфологиялық негізгі ұғымдар қатарынан орын алады. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» (2005) морфема «ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі» ретінде түсіндіріліп, белгілі бір морфологиялық құрылым деңгейінде бір морфеманың түрлі алломорфтарында алмасып отыратын фонемалар морфемаларға жатқызылады. Морфема ұғымы қазақ тілінің грамматикаларында да түрліше сипатталады. Мәселен, «Қазіргі қазақ тілінде» (1954) сөздің мағыналы әрбір бөлшегі морфема деп анықталса, «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) морфема сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасын білдіретін жеке бөлшегі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұжырымдарға ортақ нәрсе: морфема сөздің мағыналық бөлшегі ретінде қарастырылады. Сөз құрамында морфема өзінің әр алуан қолданысымен, мағынасымен ерекшеленеді. Ғалым А. Ысқақов әрбір сөз өзіне тән тұлға-тұрпатының арқасында бір бүтін тұлға ретінде қызмет еткендігімен, сол тұлға-тұрпатының (құрылымы) лексикалық және грамматикалық сипаттарымен бай-

ланысы сөздердің морфологиялық құрылысы жағынан әрқилы болуына ықпал етіп, сол әрқилылық сөз құрамдарының әртүрлі болуына байланысты болса, сөз құрамының әртүрлі болуы, оның бөлшектеріне байланысты екендігін атап көрсетеді. Ал Н. Оралбай сөздің морфологиялық құрылымын морфологияның маңызды мәселелерінің бірі ретінде қарастырып, морфеманы «сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналы бөлшегі» деп анықтайды. Сөздің морфологиялық құрылымының бір бөлшегі ретінде қолданылатын морфемалар бір-бірінен мағынасы мен қызметі жағынан ерекшеленеді. Осы ерекшеліктеріне, яғни мағынасы мен қызметіне қарай қазақ тілінің морфемалары түбір және көмекші морфема болып екіге бөлінеді.

Түбір морфема сөздің ең түпкі негізгі бөлшегі ретінде құрылысы, мағынасы жағынан әрі қарай бөлшектеуге келмесе, көмекші морфемалар өз алдына жеке тұрып, ешбір мағына білдірмейді, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әртүрлі қосымша мағына үстейді. Түбір морфема сөздің морфологиялық құрылысы мен мағынасына ұйытқы болып, негізгі морфема қызметінде қолданылады. Ғалым А. Ысқақов морфеманы «сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектер» ретінде анықтап, оның өзіне тән мазмұны мен формасы болатындығын айтады.

Сөздердің морфологиялық құрылымы жағынан әртүрлі құрамда болуы оның құрамындағы морфемалардың сипатына, қолданысы мен мағынасына байланысты. Соның ішінде негізгі морфемаға қосымша грамматикалық мағына үстейтін қосымшалар да ерекше қызметте қолданылады.

Көмекші морфема мәселесі, оның ішінде сөзтүрлендіргіш қосымшалардың жіктелуі мен оның атауындағы бірізділіктің жоқтығы морфологияның өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл сөз құрамы және морфема ұғымдарымен де тікелей байланысты. Түбір морфемаға қарағанда, көмекші морфемалар өзінің қызметімен ғана емес, қолданысымен де күрделі.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Салқынбай А., Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
2. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.

3. *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993.
4. *Қалиев Ф.* Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005.
5. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
6. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
7. *Хасенов Ә.* Тіл білімі. – Алматы, 1996.
8. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері.– Алматы, 1996.
9. *Сүлейменова Ж.* Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: ДДА. – Алматы, 2003.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Грамматиканың зерттеу нысаны, салалары.
2. Қазақ тілі морфологиясының зерттелу кезеңдері.
3. Морфология саласы және оның зерттеу нысаны.
4. Сөз және сөздің морфологиялық құрамы.
5. Морфема және оның түрлері, негізгі белгілері, ерекшеліктері.
6. Түбір морфема, мағынасы, қызметі.
7. Қосымша морфемалар, түрлері, қызметі, топтастырылуы.

2. Негізгі грамматикалық ұғымдар

Грамматикалық бірліктердің тілдік табиғатын, өзара байланысы мен қызметін, арақатынасын айқындау негізгі грамматикалық ұғымдармен тікелей байланысты. Грамматикалық ұғымдар мен олардың түрлерін анықтауда түрліше көзқарастар кездеседі. Мәселен, К. Аханов тілдегі негізгі грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық тәсіл және грамматикалық категорияларды жатқызса, Ә. Хасенов бұл ұғымдарды грамматиканың негізгі нысаны ретінде қарастырады.

«Қазақ грамматикасында» да грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория ең басты грамматикалық ұғымдар ретінде атап көрсетіледі. Осындай ғылыми тұжырымдарды саралай келіп, грамматикалық ұғымдардың негізгі үш түрі ретінде грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категорияны бөліп көрсетуге болады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағына білдірудің жолдары ретінде грамматикалық форманың ішінде қарастырылады.

Грамматикалық ұғымдардың қызметі морфема, сөз және сөз тіркестерінің тілдік табиғатын, олардың қарым-қатынасы мен байланысын, біріншіден, оларды өзара тіркестіріп, жалғастырып қолдануда, екіншіден, бір-бірінен айырым белгілерін ажыратып саралауда анықталады.

Грамматикалық негізгі ұғымдардың ішіндегі маңыздысы – грамматикалық мағына. Сөз негізгі лексикалық мағынасымен қатар грамматикалық мағынасы арқылы да ерекшеленеді. Грамматикалық мағына, бір жағынан, сөз семантикасымен, екінші жағынан, сөз формасы және сөз құрамымен байланысты болады. Мысалы, *орман, ағаш, биік, аласа, жеті, он, мен, сіз, бар, кел, бүгін, амалсыздан* сөздері лексикалық мағыналары арқылы жеке сөздер ретінде дараланса, грамматикалық мағыналары арқылы олардың әрқайсысы белгілі бір сөз таптарына тән сипатымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, *орман, ағаш* – зат есім, *биік, аласа* – сын есім, *жеті, он* – сан есім, *мен, сіз* – есімдік, *бар, кел* – етістік, *бүгін, амалсыздан* – үстеу.

Ғалым С. Исаев грамматикалық негізгі ұғымдарды түсініп, игеруде кездесетін қиындықтарды морфологияның басты теориялық мәселелері қатарында қарастырып, соның ішінде тілдің грамматикалық құрылысындағы ең маңыздысының грамматикалық мағына екендігін атап көрсетеді.

Грамматикалық мағына сөздердің түрленуінен басқа олардың сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасы, тіркесі және орын тәртібі мен дауыс ырғағы арқылы да берілетіні туралы қайшы пікірлер бар. Мұның өзі грамматикалық мағына туралы түсініктің әлі де толық қалыптаспағандығын көрсетеді. Оған грамматикалық мағына түрлерін топтастыруға қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар дәлел бола алады.

«Қазақ тілі» (1954) еңбегінде грамматикалық мағынаны «басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскенде сөздің лексикалық мағынасының үстіне жанамалай қосылған мағына» ретінде сипаттап, мағынаның бұл түрінің сөздердің арасындағы түрлі қатынасты білдіру қызметін атқаратындығын атап көрсетсе, «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология» (1967) еңбегінде сөздерді лексика-семантикалық сипатына қарай бөлудің нәтижесінде туған мағынаны «жалпы грамматикалық мағына» деп түсіндіреді. Бұл еңбектерде грамматикалық мағына грамматикалық ұғымдардың бір түрі ретінде түсіндірілгенімен, тек екінші еңбекте ғана грамматикалық мағына түріне қатысты «жалпы грамматикалық мағына» ұғымы қолданылады.

Грамматикалық мағынаны топтастыруда олардың берілу амал-тәсілдеріне де назар аударылады. Соның негізінде қазақ тілінің морфология саласында грамматикалық мағынаны бірнеше түрлерге бөліп қарастыратын көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, ғалым А. Ысқақов грамматикалық мағынаны «сөздің нақтылы лексикалық мағынасымен жарыса отырып, сол лексикалық мағынаны айқындай, саралай түсетін я сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде туатын жалпы мағынасы» ретінде анықтап, грамматикалық мағынаның сөздің түрленуі және басқа сөздермен қарым-қатынастары арқылы да берілетінін атап көрсетеді. Сонымен қатар ғалым бір сөздің әртүрлі формалары (*ауылдың, ауылға*), көмекші сөздер (*дәл өзі, өте жақсы*), күшейткіш буындар (*қып-қызыл, сап-салқын*), негізгі сөз бен шылау сөздер (*не үшін, сіз үшін*), сөздердің қосарлануы (*қайық-қайық, тарау-тарау*), тіркесуі, сөйлемдегі орны, дауыс ырғағы арқылы берілетін грамматикалық мағына түрлерін нақты тілдік деректермен түсіндіреді. Ғалымның «сөздің түрленуі» арқылы берілетін мағынасы категориялық грамматикалық мағына, ал «басқа сөздермен қарым-қатынастары арқылы берілетін» грамматикалық мағынасы қатыстық грамматикалық мағына екендігін грамматикалық мағынаның аталған түрлерінің тілдік табиғатымен, берілу сипатымен дәйектеуге болады.

Ғалым С. Исаев қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар мәселесін өз алдына дербес зерттеу нысанына ала отырып, соның ішінде грамматикалық мағынаның төмендегідей үш түрін бөліп көрсетеді 1) жалпы грамматикалық мағына; 2) категориялық грамматикалық мағына; 3) қатыстық (синтаксистік) грамматикалық мағына. Ал ғалым Н. Оралбай грамматикалық мағынаны ішкі ерекшелігіне қарай жалпы грамматикалық мағына және жеке немесе категориялық грамматикалық мағына деп екі түрге бөліп, «жалпы грамматикалық мағынаның сөйлемдегі сөз атаулының құрамында үнемі болатын, басқа грамматикалық мағыналармен бірге жарыса, қабаттаса жүретін, қолданылу аясы кең мағына, ал жеке грамматикалық мағынаның сөйлемдегі сөздердің басқа сөздермен қандай грамматикалық қатынасқа түсуіне байланысты бір сөйлемде қолданылса, екінші сөйлемде кездеспеуі де мүмкін, бірақ қолданылу аясы жалпы грамматикалық мағынадан әлдеқайда тар мағына екендігін атап көрсетеді.

Ғалымдардың тағы бір тобы грамматикалық мағына түрлерін олардың берілу тәсілдерімен байланысты қарастырады. Мәселен,

ғалым К. Аханов грамматикалық мағынаны осы бағытта, яғни олардың берілу тәсілдерімен байланысты түсіндіріп, соның негізінде аффиксация тәсілі арқылы берілетін грамматикалық мағына түрлерін деривациялық және реляциялық мағына деп бөліп көрсетеді. Грамматикалық мағынаның мұндай түрлерін анықтауда ғалым грамматикалық мағынаның аффиксация тәсілі арқылы берілуін негізге алып, «аффикстер сөз тудырып немесе сөз түрлендіріп, оған (сөзге) грамматикалық мағынаның екі түрін – деривациялық және реляциялық мағынаны үстейді» деген тұжырым жасайды.

«Қазақ грамматикасында» (2002) грамматикалық мағынаны жасалу тәсілі мен сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы белгісіне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына деп үш түрге бөледі.

Грамматикалық мағына түрлеріне қатысты ғылыми пікірлерге ортақ жайт: грамматикалық мағына грамматикалық формамен ғана жүзеге аспайды. Сонымен қатар сөздердің сөйлемдегі өзара грамматикалық қарым-қатынасы мен орын тәртібі, айтылу интонациясы және қызметі арқылы да грамматикалық мағына өзгереді, сөз түрленеді. Ғалым С. Исаев грамматикалық мағына түрлерінің өзара ерекшелігі ретінде төмендегідей бірнеше белгілерін атап көрсетеді: 1) грамматикалық мағына түрлерінің берілу жолы; 2) тілдің грамматикалық құрылысынан алатын орны; 3) грамматикалық категория жасауға негіз болуы; 4) сөйлеу үдерісінде жұмсалуды және басқа сөздермен әртүрлі байланысқа түсуі. Бұл белгілердің қай-қайсысы болмасын, грамматикалық мағына түрлерін бір-бірінен ажыратуға негіз бола алады. Мысалы, *көші-қон*, *көшті бастау*, *көштің басы* тәрізді тіркестер құрамындағы грамматикалық мағына *көш* сөзінің контекстегі басқа сөздермен тіркесімі мен қарым-қатынасы және орын тәртібі арқылы өзгеріп отырады. Соның нәтижесінде көш сөзі қатыстық, категориялық және жалпы грамматикалық мағыналарда қолданылады. Демек, грамматикалық мағына түрлері, біріншіден, жасалуы мен берілуі жағынан, екіншіден, сөздерді таптастыру принциптерінің негізі болуымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, жалпы грамматикалық мағына сөздерді таптастырудың семантикалық принципімен, категориялық грамматикалық мағына морфологиялық принципімен, қатыстық грамматикалық мағына синтаксистік принципімен байланысты болады.

Сонымен, грамматикалық мағына түрлері туралы пікірлерді саралай келе, қазақ тілінде грамматикалық мағынаның жалпы

грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына тәрізді түрлерін анықтауға болады.

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері жөніндегі пікірлер біркелкі емес. Ғалымдар Ә. Хасенов, К. Аханов оның екі түрін, яғни синтетикалық және аналитикалық тәсілдерді көрсетсе, «Қазақ грамматикасында» грамматикалық мағынаны білдірудің семантикалық, синтетикалық және аналитикалық тәрізді үш тәсілі, аталған тәсілдер арқылы берілетін бірнеше жолдары көрсетіледі. Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері мен түрлері әрбір тілдің құрылымдық сипатына қарай әркелкі. Соның ішінде қазақ тілінің жалғамалық қасиетіне байланысты грамматикалық мағына белгілі бір тәсілдермен беріледі. Ғалым К. Аханов грамматикалық мағынаны «сөз ішінде және сөз сыртында білдіру ыңғайына қарай» синтетикалық және аналитикалық тәсілдерді бөліп көрсетеді. Грамматикалық мағынаның синтетикалық тәсіліне аффиксация, ішкі флексия, екпін, ал аналитикалық тәсіліне көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонацияны жатқызады. Ғалым А. Ысқақов қазақ тілінде грамматикалық мағынаның бір сөздің әртүрлі грамматикалық формалары, күшейткіш сөздер мен күшейткіш буындар, шылау сөздер, сөзді қайталап (қосарлап) қолдану, көмекші етістіктер, сөздердің тіркесуі, орын тәртібі, дауыс ырғағы (интонация) арқылы берілу жолдарын нақты тілдік деректермен түсіндіреді. Ғалым Н. Оралбай «тілде қандай мағына болмасын тілдік бірліктер арқылы берілетінін, ешбір тілдік бірліксіз берілетін мағына болмайтынын» негізге ала отырып, грамматикалық мағынаның берілу жолдары мен тәсілдерінің тілдік бірліктер арқылы белгіленетіндігін атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, тілдегі әртүрлі грамматикалық мағынаны білдіретін тілдік бірліктер мен грамматикалық мағынаның берілу жолдары мен тәсілдерінің мынадай түрлері бар: 1) қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; 2) көмекші бірліктер арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Грамматикалық мағынаны білдіретін қосымшаларға жалғау, нөлдік қосымша және грамматикалық жұрнақтарды жатқызады. Ал шылау, көмекші есім, көмекші етістік, модаль сөздер, күшейткіш көмекшілер мен күшейткіш буындарды грамматикалық мағына білдіретін көмекшілер ретінде қарастырады.

Грамматикалық негізгі ұғымдардың келесі бір түрі – грамматикалық форма. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»

грамматикалық форма «грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік белгі» ретінде сипатталады.

Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы, олардың сөз тудыру және грамматикалық форма тудыру тәсілдері мен жүйелері тілдің даму барысында сол тілде сөйлеуші халықтың өзара сөйлеу үдерісінде қалыптасқан. Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы даму үстінде болатындығын ескерсек, даму үдерісінде сол тілдің грамматикалық формалары бір сөзге форма тудырушы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Грамматикалық формалы сөздердің лексикалық мағынасын түбір сөз білдірсе, оның грамматикалық формасын форма тудырушы қосымша белгілеп, бұлардың аражігі айқын көрініп тұрады. Сөз өзіне жалғанатын әртүрлі формалардың қызметі мен сипатына байланысты морфология саласында да зерттеу нысанына алынады. Сондықтан түбір сөздер мен грамматикалық формалардың аражігін, шегін ашып көрсете отырып зерттеу қазақ тілі үшін аса маңызды. Бұл орайда ғалым Ы. Маманов қазақ тілінде түбір сөздер мен сөздің грамматикалық формаларының аражігін анықтаудың ешқандай қиындық тудырмайтынын ескерте келіп, «грамматикалық формадағы сөздердің құрамындағы форма тудырушы қосымшаларын алып тастамай, сол формаға негіз болған түбір сөз өзінің дербес сөздік қасиетін жоймайды» деген тұжырым жасайды. Бұл тұрғыдан қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының органикалық байланыста болмайтындығы да негізге алынады.

Ғылыми еңбектерде грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағына білдіретін амал-тәсілдермен байланысты түсіндіретін көзқарастар да кездеседі. Мәселен, ғалым А. Ысқақов жалпы грамматикалық мағына білдіретін грамматикалық амал-тәсілдерді грамматикалық формалар деп атайды. Сонымен қатар грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен тығыз байланыста болатынын, грамматикалық мағынасыз грамматикалық форма, грамматикалық формасыз грамматикалық мағына болмайтындығын және тілдің грамматикалық құрылысы грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың бірлігінен қалыптасатындығын атап өтеді. Ғалым К. Аханов та «грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдірудің жолы болып саналады» деп, грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағына және грамматикалық тәсілдермен тығыз

байланыста түсіндіреді. Бұл пікірлерге ортақ мәселе: грамматикалық форма мен грамматикалық мағына ұғымдары өзара тығыз байланыста, ажырамас бірлікте қарастырылады.

Грамматикалық форма ұғымын ғалым Н. Оралбай сөздің грамматикалық тұлғасымен байланысты қарастырып, «сөйлемде категориялардың көрсеткіштерімен қолданылып, грамматикалық мағынада қолданылып тұрған түрін» сөздің грамматикалық тұлғасы ретінде анықтайды. Ғалымның тұжырымдауынша, сөздің грамматикалық тұлғасы грамматикалық категориялар көрсеткішімен түрленеді. Сондай-ақ грамматикалық сөзтұлға белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіруі шарт. Ал ол грамматикалық мағына кейде грамматикалық категорияға қатысты болмауы да мүмкін. Осы тұста грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен тығыз байланысы оның, яғни грамматикалық мағынаның барлық түрін толық қамти ала ма деген мәселе де нақтылауды қажет етеді. Грамматикалық форманың «Қазақ грамматикасындағы» зерттелу сипатына назар аударсақ, аталған еңбекте грамматикалық форма «грамматикалық мағынаны білдіретін синтетикалық тәсілдің бір типі» ретінде қарастырылып, грамматикалық мағынаның белгілі бір түрі, атап айтқанда, категориялық грамматикалық мағынаның грамматикалық формалар арқылы берілетіндігі атап көрсетіледі. Грамматикалық мағынаның түр-түрге бөлінбей, грамматикалық форманың ішкі мазмұны ретінде түсіндіріліп келуі грамматикалық форманы грамматикалық мағына білдірудің сыртқы жағы деп қабылдаумен байланысты болса, кейіннен грамматикалық форманың грамматикалық мағынаны білдірудің бір түрі ретінде дәйектеліп, ғылыми тұрғыдан нақтылануы грамматикалық мағынаны бірнеше түрлерге бөлуге толық негіз болды. Грамматикалық мағынаның барлық түрі тек грамматикалық формалар арқылы жасалмайтынын ескерсек, грамматикалық форманы грамматикалық мағына жасаушы тілдік құралдардың бір түрі деп қараған жөн.

Грамматикалық форма белгілі бір парадигмалық жүйенің бір көрінісі болып табылады. Ал грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен сәйкестігі категориялық грамматикалық мағынаның белгілі бір грамматикалық формалар арқылы берілу сипатында айқындалады. Бірақ бұл сәйкестік аталған грамматикалық ұғымдардың сөз құрамында әрдайым бірдей деңгейде көрінуімен анықталмайды. Бір грамматикалық форманың сөзге бірнеше грамматикалық мағына үстейтін жағдайлары да кездеседі. Мәселен,

досым, досың сөздерінің құрамындағы *-ым,-ың* формалары сөз түбіріне, біріншіден, тәуелдік мағына, екіншіден, жақтық (1, 2-жақ) мағына үстеп, бір грамматикалық форма арқылы екі түрлі грамматикалық мағына беріліп тұр. Грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен тығыз байланысы, грамматикалық формасыз грамматикалық мағынаның және грамматикалық мағынасыз грамматикалық форманың болмауы грамматикалық форманың грамматикалық мағынаның бір түрі, атап айтқанда, тек категориялық грамматикалық мағынамен байланысы тұрғысынан айқындалады.

Грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағынамен тығыз байланысты, оны білдірудің бір жолы, амал-тәсілі деп қабылдасақ, тіл жүйесінде грамматикалық мағынаның ешбір грамматикалық формасыз берілетін жағдайлары да кездеседі. Бұл грамматикалық формаға нөлдік форма ұғымын қарама-қарсы қойып, кейбір сөздерді грамматикалық формалардың қарсы баламасы ретінде нөлдік грамматикалық форма деп қарауға ықпал етеді. Нөлдік форма жалпы түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне де тән сипатымен ерекшеленеді. Қазақ тілінде мұндай форма, негізінен, ілік, табыс септіктерінің жалғаусыз түрі мен бұйрық райдың екінші жақ жекеше түріне тән. Нөлдік форма сырттай түбір тұлғамен ұқсас болғанымен, сөз түбірінің барлығын грамматикалық нөлдік форма деп қарауға болмайды. Грамматикалық форма сөйлеу үдерісінде сөздерді өзара байланыстырып, әртүрлі грамматикалық мағына үстейді. Нөлдік форма мен грамматикалық форма грамматикалық мағынаны білдіру қызметімен ерекшеленеді. Нөлдік форманың өзіндік белгілерін анықтауда Ы. Маманов, С. Исаев, Н. Оралбай, Ж. Балтабаева т.б. ғалымдар оның түрлі ерекшеліктеріне көңіл бөледі. Мәселен, С. Исаев, Н. Оралбай «белгіленушісі, яғни мағынасы бар», «сөздердің түрлену жүйесінен, парадигмадан орын алады», «парадигмада оппозиция болады» десе, Ә. Төлеуов, Н. Сауранбаев, Ж. Балтабаевалар «қосымша сөзге бірде жалғанып, бірде жалғанбай қолданылады, бірақ жалғанбаса да мағына білдіреді» деген тұжырым жасайды. Бұған алдыңғы ғалымдар да қосылады.

Сонымен, қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымын жақсы тану үшін түбір сөз бен сөздің грамматикалық формасын айырып қарау қажет. Ал олардың аражігін анықтау үшін, ең алдымен, сөз тудырушы және грамматикалық форма тудырушы қосымшалардың басты белгілері, өзіндік ерекшеліктері негізге алынады. Сөздің грамматикалық формасы грамматикалық форма

тудырушы қосымшалар арқылы жасалып, морфологиялық бүтінге айналады. Сөйтіп морфологиялық единица ретінде морфологияның нысаны болып саналады.

Грамматикалық негізгі ұғымдардың ішінде грамматикалық сипаты, жасалу жолы мен тұлғалық жүйесі жағынан ерекшеленетіні – грамматикалық категория. Грамматикалық категория ұғымы грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарынан тыс қарастырылмайды. Бұл ерекшелік грамматикалық категорияның грамматикалық мағына мен грамматикалық форма жүйесінің жиынтығы ретінде сипатталуымен айқындалады.

Ғылыми еңбектерде грамматикалық категория ұғымына зерттеушілер тарапынан түрлі анықтамалар беріледі. Мәселен, А. Ысқақов грамматикалық категория ұғымын «тілдегі өзіне тән грамматикалық формасы бар жалпы грамматикалық мағына» ретінде қарастырады. Грамматикалық категория ұғымына ғалым К. Аханов мынадай анықтама береді: «Грамматикалық категория – сөйлемдегі сөздердің тіркесі мен сөздерге тән және мұнымен бірге сол сөздердің нақты мағыналарынан дерексізденген, жалпылаушы сипаты бар грамматикалық мағына». Бірінші тұжырымда «жеке сөздердің түрленуі арқылы туатын жалпы грамматикалық мағына» ретінде анықталса, екінші тұжырымда «сөздердің сөйлемдегі тіркесі, сөздерге тән және сол сөздердің нақты мағыналарының жалпылануы» нәтижесінде туған грамматикалық мағына ретінде сипатталады. Грамматикалық категория ұғымына берілген анықтамалардың ішінде ғалым Н. Оралбайдың анықтамасына назар аударсақ, зерттеуші грамматикалық категория деп «біртекте жүйелі грамматикалық мағыналардан тұратын және оларды білдіретін арнайы грамматикалық көрсеткіштері бар тілдік құбылыстарды» атайды. Бұл анықтаманың ерекшелігі: грамматикалық категорияның біртекте жүйелілігі және ол жүйеліліктің арнайы грамматикалық көрсеткіштер арқылы жүзеге асатындығы айқындалады.

Ғалымдар А. Ысқақов, Н. Оралбай грамматикалық категорияларды ішінара морфологиялық және синтаксистік категориялар деп екі түрге бөліп қарастырады. Соның ішінде морфологиялық категория морфология саласында, синтаксистік категория синтаксис саласында қарастырылады. А. Ысқақов морфологиялық категорияны «жеке сөздердің өзгеруі (түрленуі) арқылы туатын жалпы грамматикалық мағыналар» деп атаса, Н. Оралбай морфологиялық категорияларды «грамматикалық мағына мен грамматикалық мағынаны білдіретін

тілдік бірліктерден, көрсеткіштерден құралып, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыратын» категория ретінде түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, морфологиялық категория – грамматикалық мағына мен оны білдіретін тілдік бірліктердің бұлжымас бірлігі. Грамматикалық категория грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарымен тығыз байланысты. Грамматикалық категорияның грамматикалық мағынамен байланысы оның, яғни грамматикалық категорияның білдіретін мағынасымен анықталса, сол грамматикалық категориялар арқылы берілетін грамматикалық мағынаны білдіретін тұлғалардың белгілі бір грамматикалық формаға қатысты болуы грамматикалық категорияның грамматикалық формамен байланысына негіз бола алады. Грамматикалық мағына грамматикалық категориядан тыс, грамматикалық категорияға байланыссыз болмайтындықтан, ол грамматикалық категорияның құрамында оның бір бөлшегі ретінде өмір сүреді. Сол сияқты грамматикалық категорияның біртектес грамматикалық мағыналар жиынтығынан тұруы оның, кем дегенде, екі немесе бірнеше грамматикалық формалар арқылы берілуімен шарттасады. Грамматикалық категорияның аталған грамматикалық ұғымдармен байланысындағы мұндай белгілер К. Аханов, Н. Оралбай, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады.

Грамматикалық категорияның грамматикалық мағына және грамматикалық формамен арақатынасы, байланысы оның өзіне тән заңдылықтарымен белгіленеді. Ғалым Н. Оралбай грамматикалық категорияға қатысты мынадай заңдылықтарды бөліп көрсетеді: 1) категорияның өзіндік грамматикалық мағынасы болуы керек, 2) категорияның мағынасын білдіретін ең кемі екі көрсеткіші, яғни сөздің грамматикалық категориясының екі тұлғасында қолданылу мүмкіндігі болуы керек, 3) сөздің құрамында тек бір категорияның көрсеткіші болуы міндетті емес, сөйлемдегі сөздің құрамында бірнеше категорияның көрсеткіші бола береді, 4) бір сөзде бір грамматикалық категорияның көрсеткіші қабаттаса қолданылмайды, 5) сөз сөйлемде, ең кемі, бір грамматикалық категорияның тұлғасында қолданылады, 6) грамматикалық категория сөз табына қатысты, сөз табынан тыс морфологиялық категория жоқ, 7) грамматикалық категория бір сөз табына ғана тән, бірнеше сөз табына ортақ грамматикалық категория жоқ, 8) сөз табының грамматикалық категориясы болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Бұл заңдылықтардың әрқайсысында грамматикалық категорияның

грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарымен байланысты болатындығы, олардан тыс өмір сүрмейтіндігі анық көрінеді.

Грамматикалық категория сөз таптарымен тікелей байланысты. Бірақ олардың сөз таптарына қатысы бірдей емес. Нақтылай айтсақ, барлық сөз таптары грамматикалық категорияға ие бола алмайды. Бұл сөз таптарының морфологиялық тұрғыдан түрлену я түрленбеу қасиетімен анықталады. Сөз таптарының ішінде грамматикалық категориялар зат есім, сын есімнің сапалық түрі және етістікке ғана тән. Бұлардың ішінде грамматикалық категорияға бай сөз табы – етістік. Қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың мағынасы біртектес, бір-бірімен байланысты бола тұра, әртүрлі сипатымен ерекшеленеді. Мұндай сипат грамматикалық категориялардың сөз таптарының түрлену жүйесіндегі көрінісімен, қолданысымен, аясымен анықталады. Әрбір грамматикалық категория белгілі бір арнаулы грамматикалық көрсеткіштер арқылы беріледі. Сол көрсеткіштер арқылы сөз белгілі бір жүйеде грамматикалық өзгеріске түседі.

Грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысы туралы кейбір қарама-қайшы пікірлер де бар. Ондай қарама-қайшылық аталған грамматикалық ұғым сөздерді таптастырудың басты белгісі бола ала ма деген көзқарастан туындайды. Ғалым А. Ысқақов сөздерді сөз таптарына бөлуде «ең алдымен олардың грамматикалық категорияларына қарап, топ-топқа бөліп, грамматикалық сөз таптары деп танитындығымызды» айтса, Н. Оралбай қазақ тілінде грамматикалық категориялары бар және грамматикалық категориялары жоқ сөз таптары да кездесетіндігін ескеріп, грамматикалық категорияны «сөз табының міндетті белгісі емес» деп көрсетеді. Егер қазақ тілінде зат есім, сапалық сын есім және етістіктен басқа сөз таптарының арнаулы грамматикалық категорияларының жоқ екендігіне және соған қарамастан олардың сөз таптары ретінде танылатындығына назар аударсақ, екінші пікірді негізді деуге болады.

Сөз таптарының грамматикалық категориялары өзара қарым-қатынаста болады. Тілдің грамматикалық ерекшеліктері осындай қарым-қатынастардан туындап, нәтижесінде тілдің грамматикалық құрылысына тән әр алуан грамматикалық құбылыстар пайда болады.

Сонымен, тіл ғылымында грамматикалық категория ұғымына берілген түсініктер және грамматикалық категорияның мәні мен

түрлеріне қатысты тұжырымдар біркелкі емес. Ондай әркелкілік грамматикалық категория ұғымының бірде тек грамматикалық мағынаға ғана қатысты түсіндіріліп, енді бірде «ортақ грамматикалық сипаттағы мағынаны білдіретін сөз формаларының жүйесі» немесе «бірыңғай мағыналы грамматикалық формалар қатарының бір-біріне қарама-қайшы жүйесі» ретінде сипатталуынан көрінеді. Грамматикалық категорияға қатысты осындай тұжырымдарды саралай отырып, оның грамматикалық ұғымдар қатарындағы ерекшелігі мен тілдік табиғатын, ең алдымен, аталған ұғымның грамматикалық басқа негізгі ұғымдармен, атап айтқанда, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарымен тығыз байланыста анықтауға болады. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың болуы – грамматикалық категорияның грамматикалық ұғым ретіндегі қызметін жүзеге асырудың басты шарты, негізі. Бірақ кез келген грамматикалық мағына мен грамматикалық форма грамматикалық категория құрауға негіз бола алмайды. Бұл жағдайда олар жүйелі, тектес, мәндес және бір-біріне қарама-қайшы мәнде болуы шарт. Грамматикалық категория осындай әрі өзара тектес, мәндес, ыңғайлас, әрі бір-біріне қарама-қайшы мәндегі бірнеше грамматикалық мағынада тұрып, белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі ретінде ерекшеленеді.

Жалпы тіл білімінде грамматикалық категориялардың бірнеше түрлері көрсетіледі. Бірақ әрбір тілде олардың қолданысы әртүрлі. Бұл қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне де тән.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996.
2. *Хасенов Ә.* Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
3. *Қазақ грамматикасы.* – Астана, 2002.
4. *Маманов Ы.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
5. *Исаев С.* Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997.
6. *Қазақ тілінің грамматикасы.* – Алматы, 1967.
7. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Грамматикалық мағына, өзіндік белгілері, мағынаның басқа түрлерінен ерекшелігі, түрлері, берілу тәсілдері.

2. Грамматикалық форма, өзіне тән белгілері, ерекшелігі.
3. Грамматикалық форма және нөлдік форма.
4. Сөз формасы және грамматикалық форма, арақатынасы.
5. Грамматикалық форма мен грамматикалық мағынаның байланысы.
6. Грамматикалық категория, сөз таптарына қатысы, түрлері.
7. Грамматикалық категорияның грамматикалық мағына және грамматикалық формамен байланысы, ерекшелігі.

2. Сөз таптары

Грамматиканың морфология саласының теориялық әрі практикалық жағынан маңызды мәселелерінің бірі – тілдегі сөздерді белгілі бір сөз таптарына қарай бөлу, олардың сөз таптарының қай тобына жататындығын анықтап, саралау, яғни лексика-грамматикалық сипатына қарай таптастыру.

Қазақ тіліндегі сөздер мағыналық (семантикалық) және морфологиялық белгілеріне қарай түрліше топтастырылады. Мұндай көзқарастар қазақ тілі грамматикалары мен А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, Н. Оралбай, т.б. зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Мәселен, 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздерді негізгі және көмекші сөздер деп екіге бөлсе, 1967 жылғы «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деп үш топқа бөледі. Сондай-ақ қазақ тіл білімінің негізін салушы ұлы ғалым А. Байтұрсынов өзінің «Тіл – құрал» еңбегінде атауыш сөздер, шылау сөздер деп екіге, А. Ысқақов атаушы (*А. Байтұрсыновта атауыш сөздер. автор*) сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер деп үш топқа бөледі. Ғалым Н. Оралбай «сөздерді атауыш және көмекші сөздер деп топтастыруда тілдегі сөздердің жалпы ерекшеліктері ашылып, соған байланысты мағыналы топтары, сөйлемдегі ойды білдіру қызметі белгіленетіндігін» атап көрсете отырып, бұл екі топтан басқа ерекше топ – одағай сөздердің бар екендігі осы топтастырудан анықталатындығын айтады. Соның негізінде тілдегі сөз атаулыны, алдымен, атауыш сөздер, көмекші сөздер деп екі топқа бөліп, әр топтың өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін бөліп көрсетеді.

«Қазақ грамматикасында» қазақ тіліндегі сөздерді атаушы немесе мағыналы сөздер (атауыш сөздер атаушы деп берілген. автор),

көмекші сөздер, кейде оған үшінші топ – одағай сөздер деп бөлудің тілдегі грамматикалық құбылыс пен лексикалық құбылыстың өзара айырмашылығын, сөздердің грамматикалық сипатын толық ашып бере алмайтындығы айтылады. Сөйтіп сөздер атаушы, көмекші және одағай сөздер деп грамматикалық белгілерінің негізінде емес, лексикалық сипаттарының, семантикасының негізінде бөлінетіндігі туралы тұжырым жасалып, сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі қағидаттарының атауыш сөздерге ғана қатысты екендігіне баса назар аударады.

Сонымен, қазақ тіліндегі сөздер атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер болып үлкен үш топқа бөлінеді. Бұл топтағы сөздер бір-бірінен мағынасы, дербестігі, түрлену я түрленбеуі, сөйлемдегі қызметі тұрғысынан ерекшеленеді.

Өмірде кездесетін ұғымдар мен түсініктерді не тікелей, не жанама білдіріп, олардың атауы ретінде қабылданатын және қолданылатын, өздеріне тән толық лексикалық мағынасы, қалыптасқан дыбыстық құрамы мен тұлғасы бар, сөйлемде өздігінен мүше бола алатын сөздер атауыш сөздер деп аталады. Атауыш сөздер, мағыналық дербестігі бар сөздер болғандықтан, басқа сөздермен тіркесіп те, тіркеспей жеке-дара тұрып та қолданыла береді. Олардың түрлену-түрленбеуі де тілдің белгілі бір грамматикалық заңдылықтары арқылы жүзеге асады.

Дербес лексикалық мағыналары солғынданған немесе мүлдем жойылған, соның нәтижесінде мағыналық дербестігінен айрылған, сөйлемде өз алдына дербес мүше бола алмайтын, атауыш сөздермен селбесіп жұмсалатын сөздер көмекші сөздер деп аталады. Олар грамматикалық даму нәтижесінде лексикалық мағыналарынан айрылып, көмекші сөздер қызметін атқарады.

Көмекші сөздердің лексикалық мағыналары қаншалықты солғын болғанымен, керісінше, олардың грамматикалық мағыналары басым болады. Соның негізінде көмекші сөздер атауыш сөздермен тіркесіп, грамматикалық жағынан әр алуан қатынастарды білдіреді. Атауыш сөздер мен көмекші сөздер бір-бірінен төмендегідей белгілері арқылы ажыратылады: 1) атауыш сөздердің толық лексикалық мағынасы бар, көмекші сөздердің лексикалық мағынасы солғындаған не одан біржола қол үзген; 2) атауыш сөздер сөйлем ішінде де, сөйлемнен тыс та дербес қолданылады, көмекші сөздерде ондай дербестік болмайды. Олар тек атауыш сөздермен селбесіп қана қолданылады; 3) атауыш сөздер ойға қазық, негіз болса, көмекші сөздер атауыш

сөздердің негізгі ойды жеткізуіне жанама қызмет етеді; 4) атауыш сөздер түрленіп те, түрленбей де қолданылады, ал көмекші сөздер, негізінен, түрленуге бейім емес; 5) кейбір атауыш сөздердің өздеріне тән грамматикалық категориялары болады, ал көмекші сөздерде грамматикалық категориялар мүлдем болмайды.

Сөз топтарының ішінде одағай сөздердің өз алдына дербес бөлініп алынуы олардың ешбір сөз тобына ұқсамайтын ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Ғалым Н. Оралбай одағай сөздердің сөйлемдегі айтылатын ойды білдіруіне қатыспауы, грамматикалық категориялар көрсеткіштерін қабылдамауы және грамматикалық мағына білдірмеуі мен сөйлем мүшесі қызметін атқармауы тәрізді ерекшеліктерін бөліп көрсетеді. Осы белгілері негізінде одағай сөздер атауыш және көмекші сөздерден дербес топ ретінде қарастырылады.

Сөздердің бұл топтары өзара ерекшеленгенімен, олар бір-бірімен тығыз байланыста, грамматикалық жағынан қарым-қатынаста болады. Олардың арасындағы мұндай байланыс, қарым-қатынасқа бір кезде атауыш сөз қызметінде жұмсалған сөздердің тілдің даму барысында көмекші немесе одағай сөздер қатарына ауысып, тұрақтанғандығы негіз бола алады. Мысалы, *олай еткені* → *өйткені*, *мә саған* → *мәссаған*, т.б. Соған қарамастан, бұл топтағы сөздердің тіл жүйесіндегі орны мен қызметі бірдей емес. Көмекші сөздер мен одағайларға қарағанда, бұл орайда атауыш сөздер ерекше орын алады.

Сөздерді семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай топтастыру оларды лексика-грамматикалық сипатына қарай, яғни сөз таптарына жіктеуге негіз болады. Атауыш сөздер мен көмекші сөздердің және одағай сөздердің арақатынасы олардың сөз таптарына қатысы тұрғысынан да түсіндіріледі.

Ғалым А. Байтұрсынов атауыш сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті, ал көмекші сөздерге (*ғалым шылау сөздер деп атайды. автор*) үстеу, демеу, жалғаулық және одағай сөздерді жатқызады. А. Ысқақов атауыш сөздерді есімдер және етістіктер деп екі топқа бөліп, есімдердің өзін іштей атаушы есім және үстеуші есім деп жіктейді. Ғалым атауыш сөздерді осылайша топтастыруда олардың заттық мағыналары негізге алынбайтындығын, керісінше, категориялық семантикаға баса назар аударылатынын ескертеді. Ал көмекші сөздерге тек шылауларды жатқызып, олардың негізгі үш түрін (жалғаулық, демеулік, септеулік) бөліп көрсетеді.

Ал Н. Оралбай шылаулармен бірге көмекші есім, көмекші етістік,

күшейткіш көмекшілер мен күшейткіш буындарды да көмекші сөздер қатарына жатқызып, оларды сөз табына қатысына қарай белгілі сөз табына қатысты көмекшілер және сөз табына қатысы жоқ көмекшілер деп екіге бөледі. Бірінші топқа көмекші есім, көмекші етістік, септеулік шылаулар, күшейткіш көмекшілер мен күшейткіш буындарды, екінші, яғни сөз табына қатысы жоқ көмекшілерге жалғаулық және демеулік шылауларды жатқызады. Алдыңғы пікірлерден ерекшелігі: ғалым тілдегі қалыптасқан көмекші сөздер тобына күшейткіш көмекшілер мен күшейткіш буындарды қосады. Күшейткіш көмекшілер мен күшейткіш буындар бұған дейін шырай категориясының көрсеткіштері қызметінде сын есімнің аясында қарастырылып келгендігі белгілі. Зерттеуші олардың өзі тіркесетін сөзіне үстейтін мағынасы мен тіркесу ерекшеліктерін саралай отырып, қызметі жағынан көмекші сөздерге бір табан жақын екендігін анықтайды, соның негізінде көмекші сөздер қатарында қарастырады.

Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында да сөз топтары түрліше топтастырылады. Егер «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде атауыш сөздерді (негізгі) есімдер және етістіктер деп екіге бөліп, есімдер тобына зат есім, сын есім, сан есім, есімдікті жатқызса, етістіктер тобына мағына жағынан қимылды, амалды білідретін сөздерді, яғни етістіктерді жатқызады. Ал «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология» (1967) еңбегінде атауыш сөздерді есімдер және етістіктер деп бөліп, одан әрі атауыш сөздерді атауыш есімдер, үстеуіш есімдер және етістіктер деп бөлудің өзіндік негізі бар екендігін көрсетеді.

Тілдің сөздік құрамындағы барлық сөздерді атауыш, көмекші және одағай сөздер деп жіктеуде олардың семантикалық белгілері негізге алынса, сөз таптарына қарай таптастыруда лексика-семантикалық белгілерімен қатар грамматикалық ерекшеліктеріне де назар аударылады. Сондықтан сөздерді таптастыру олардың грамматикалық сипатымен байланысты жүзеге асырылады. Бұл орайда, біріншіден, жеке сөз таптарына телінетін сөздердің барлығы тілдің сөздік құрамына еніп, олардың әрқайсысы лексика-семантикалық тұрғыдан саралануы тиіс; екіншіден, грамматиканың негізгі міндеттерінің бірі сөздерді грамматикалық жағынан таптастырып, олардың түрлену жүйесін, тіркесу әлеуеті мен синтаксистік қызметін анықтау болғандықтан, әрбір сөз табы және оның құрамына енетін әрбір сөз грамматикалық тұрғыдан да сипатталуы қажет.

Сөздерді белгілі бір сөз табына топтап, таптастыру мәселесі ту-

ралы Қ. Жұбанов маңызды тұжырым жасайды. Ғалым тіліміздегі сөздердің қай-қайсысы болса да өзіндік лексика-грамматикалық сипатына қарай үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, олардың іштей бірнеше жікке бөлініп жататынын және ол жіктердің белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделіп, соның ыңғайында топтасып жататынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, топқа айырғанда мынадай үш түрлі негізге сүйенеміз: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ертетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай. Сөз таптарына жіктеудің бұл үш негізі қазақ тілі үшін ғана емес, жалпы түркі тілдері үшін де маңызды. Оның маңыздылығы: бұл негіздер күні бүгінге дейін тіл білімін зерттеушілердің өзекті қағидатына айналып отыр.

Сөздер өзара ортақ лексика-грамматикалық сипаты мен белгілері арқылы сөз табы ретінде танылады. Ал сөздің лексика-грамматикалық белгілері деген ұғым белгілі бір сөзге, сөз табына тән барлық лексикалық (семантикалық), морфологиялық және синтаксистік сыр-сипаттарды толық қамтиды.

Қазақ тілінде сөздерді таптастырудың белгілі бір қағидаттары (принциптері) қалыптасқан. Бірақ сөз таптарының сол қағидаттарға қатысы туралы мәселеде оларды бірде лексика-грамматикалық, бірде формалды-грамматикалық, енді бірде таза грамматикалық категория ретінде қарастыратын әртүрлі көзқарастар бар. Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп анықтау орыс тіл білімінде В. В. Виноградов, И. И. Мещанинов, Н. С. Поспелов, т.б. ғалымдардың тұжырымдарынан көрінсе, Ф. Ф. Фортунатов пен оның мектебі сөз таптарын тек морфологиялық категория деп тану қажеттігін негізге алып, оларды формалды-грамматикалық категория ретінде қарастырады. Ал А. А. Реформатский, О. П. Суник, А. А. Шахматов, т.б. ғалымдар сөздерді таптастыруда жалпы грамматикалық мағынаға баса мән беріп, соның негізінде сөз таптарын таза грамматикалық категориялар деп түсіндіреді. Ғалым К. Аханов орыс тіл біліміндегі сөздерді таптастыру қағидаттарына қатысты келтірілген көзқарастардың ішінен бірінші топтағы ғалымдардың көзқарасын, яғни сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық категориясы ретінде қарастыратын ғылыми тұжырымдарды дәлелді деп таниды. Ғалымның пікірінше, сөз өзінің лексикалық мағынасымен бірге белгілі бір сөз табының мағынасына да ие болады. Сөздің лексикалық мағынасы мен сөз табы ретіндегі

мағынасын бірдей деп қарауға болмайды. Сондықтан ғалым сөздің сөз табы ретіндегі мағынасын оның лексикалық мағынасынан ажырату үшін орыс тіл біліміндегі «жалпы категориялды мағына» ұғымын қолданады. Сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда жалпы категориялды мағыналарымен қатар олардың морфологиялық және синтаксистік белгілеріне де назар аударылады. Осы үш белгі сөздерді таптастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік қағидаттарына негіз болады.

Сөздерді таптастыру қағидаттарына қатысты А. Ысқақовтың пікірін сараласақ, ғалым тілдегі барлық сөздерді таптастырғанда олардың лексика-семантикалық және грамматикалық жақтары бірдей ескерілуі керек деген тұжырым жасайды. Ал сөз табының аталған қырларын, яғни семантикалық, морфологиялық және синтаксистік жақтарын дұрыс анықтау үшін осы белгілерді толық қамту қажет. Тек сонда ғана сөз табына енетін сөздің мазмұны, морфологиялық формасы мен синтаксистік қызметі толық анықталады. Бұл белгілердің сөз таптарына енетін сөздердің барлығына тән бола бермейтіндігін ескерсек, сөздерді таптастыру қағидаттарының сөз таптары жүйесіндегі қызметі мен сипаты да бірдей болмайды. Сондықтан кейбір сөз таптарында таптастыру қағидаттарының бірі негізгі болса, басқасы жанама болуы немесе ол сөз табына қатысы басқаша сипатта көрінуі де әбден мүмкін. Мысалы, одағай, еліктеу сөздер мен шылаулардың түрленбеуі олардың морфологиялық белгісі ретінде танылады. Соның негізінде оларды сөз табы ретінде анықтауда осы белгісі негізге алынады.

Сөз таптарын анықтау жүйесінде морфологиялық және синтаксистік белгілердің барлық сөздерде бірдей дәрежеде болмауынан бұл үш ұстанымның бәрі біркелкі шешуші қызмет атқармайды. Соған қарамастан, сөздерді грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік қағидаттардың негізге алынуы сөз таптарына қатысты жалпы заңдылық болып танылады. Ал олардың ішінен қайсысы негізгі, тірек қағидат бола алады деген жағдайда, ғалымдар, негізінен, семантикалық қағидатты негіз етіп алады.

Сөздерді таптастыру қағидаттары бойынша қазақ тілінде бертінге дейін тоғыз сөз табы анықталып келсе, кейінгі грамматикада модаль сөздер де сөз табы ретінде танылып, он сөз табы көрсетіледі. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай, модаль сөздер. Сөз таптарының тұрақталып

айқындалуына, олардың жүйелі тәртіпке түсірілуіне өзіндік үлес қосқан ғалымдар қатарында А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, С. Исаев, т.б. ғалымдарды ерекше атауға болады.

Бұл сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаты, қызметі, тілдегі алатын орны, қалыптасуы бірдей емес. Сондай-ақ сөз таптарының барлығы бірдей таптастыру ұстанымдарына толық сай келе бермейді. Олардың ішінде грамматикалық категориялары жоқ, түрленбейтін сөз таптары да бар. Мәселен, үстеу, еліктеу, одағайлар түрленбейді, бірақ үстеу мен еліктеу сөздер сөйлем мүшесі қызметін атқарады, ал одағай сөздер сөйлемде синтаксистік қызмет атқармайды.

Сонымен, сөздерді таптастыру қағидаттары бойынша атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер; көмекші сөздер: шылау, одағай және модаль сөздер болып бөлінеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы, 1967.
3. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
4. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
5. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
6. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
7. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
8. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Атауыш сөздер, негізгі белгілері, мағынасы мен қызметі.
2. Көмекші сөздер, қалыптасуы, грамматикалық ерекшелігі, түрлері.
3. Сөздерді таптастыру қағидаттары, олардың сөз таптарындағы сипаты.
4. Лексика-семантикалық қағидат, ерекшелігі, көрінісі,
5. Морфологиялық қағидат, сөз таптарындағы көрінісі.
6. Синтаксистік қағидат, сөз таптарына қатысы, көрінісі.
7. Қазақ тіліндегі негізгі сөз таптары, түрлері.

3. Зат есім. Көмекші есімдер

Сөз таптарының ішінде семантикалық сипаты, грамматикалық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленетін негізгі сөз таптарының бірі – зат есім.

Зат есім – өмірдегі, бізді қоршаған ортадағы жанды-жансыз заттардың, заттық ұғымдар мен түрлі құбылыстардың, оқиғалардың атын білдіретін, есімдер тобына енетін сөз табы. Зат есімнің басқа сөз таптарынан ерекшелігі: олар лексика-семантикалық жағынан тек заттардың атын ғана білдірмей, сонымен бірге әр алуан құбылыстар мен оқиғалардың аттарымен байланысты заттық, сапалық, қимылдық, мезгілдік мәнді әртүрлі атаулардың да атын білдіреді. Мысалы, *жақсылық, ашылық, тоқтық, оқу, көсеу, оймақ*, т.б.

Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі морфологиясында зерттеушілер зат есімдерді мағыналық сипатына қарай бірнеше топтарға бөліп, соның негізінде олардың грамматикалық сыр-сипатын анықтайды.

А. Байтұрсынов зат есімдерге «зат есім – нәрселердің атын көрсететін сөздер. Нәрсе деп не түрлі де болса бір заттарды айтамыз» деген анықтама беріп, оларды семантикалық сипатына қарай деректі, дерексіз, жалпы, жалқы есімдерге бөледі. Ғалымның зат есімнің аталған мағыналық топтарына берген анықтамалары да олардың тілдік табиғатын толық ашады. Деректі және дерексіз зат есімдерді «зат тегінде екі түрлі. Біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіс келетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар. Екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылымен ғана білетін дерексіз заттар» деп сипаттап, оларды мағыналық топтарға ажыратудағы басты ерекшелікті адамның көру, сезу мүшелерімен, таным-түйсігімен байланыстырады. Ал жалқы және жалпы зат есімдерді «біреулері нәрсенің дербес өз ба-сына ғана қойылған, екіншілері нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған» деп ажыратады. Тағы бір назар аударатын пікір: ғалым адамзат және ғаламзат есімдерін зат есімдердің дербес мағыналық тобы ретінде бөліп көрсетпесе де, оларды «Кім? деп сұраймыз адам туралы. Не? деп сұраймыз басқа заттар туралы» деген анықтамамен сипаттайды.

Ғалым А. Ысқақов зат есімдердің қай-қайсысы болсын заттық ұғымды білдіретіндіктен, олар, негізінен алғанда, біркелкі болғандарымен, іштей нақтылық және абстрактілік, жалпылық және жалқылық, даралық және жинақтылық, жекелік және топтық сияқты семантикалық категорияларды қамтитынын айтып, олардың ішінен адамзат және ғаламзат есімдерін, жалқы есімдер мен көптік мәнді есімдерді, эмоциялы-экспрессивтік зат есімдерді өздеріне тән семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері бар мағыналық топтар ретінде бөліп көрсетеді.

Зат есімдерді мағыналық жағынан топтастыруда ғалым Н. Оралбай адамзат және ғаламзат атаулары, жалпы және жалқы зат есімдер, деректі және дерексіз зат есімдер, дара және жинақтық мағыналы зат есімдер, түрлі реңк мәнді зат есімдер тәрізді топтарын бөліп көрсетеді.

Сонымен, ғылыми тұжырымдарда зат есімдердің семантикалық топтары сан жағынан түрліше топтастырылып, түрліше аталады. Жоғарыдағы пікірлерді саралайтын болсақ, зат есімдердің мағыналық топтарының ішінде орнығып, қалыптасқаны – жалпы, жалқы, деректі, дерексіз есімдер (А. Байтұрсынов, А. Ысқақов, Н. Оралбай). Бірақ деректі және дерексіз есімдер бірде нақтылық және абстрактілік (А. Ысқақов) деген атаумен беріледі. Сондай-ақ А. Ысқақов даралық және жинақтық, жекелік және топтық, көптік мәнді есімдер мен эмоциялы-экспрессивтік зат есімдерді, Н. Оралбай реңк мәнді есімдерді зат есімдердің дербес мағыналық топтары ретінде көрсетеді.

Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында да зат есімдердің семантикалық топтары түрліше анықталады. «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде зат деген ұғымның тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай заттарды ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі әр алуан құбылыстарды да қамтитындығын атап өтіп, оларды нақтылы (конкретті) және жалпылық (абстракті) зат есімдер, жалқы және жалпы есімдер тәрізді топтарға бөледі. Ал «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде зат есімдерді лексикалық тұрғыдан өз алдына мағыналық дербестігі бар сөздер ретінде түсіндіріп, жалқы және жалпы есімдерді зат есімдердің грамматикалық категорияларының қатарында қарастырады. «Қазақ грамматикасында» (2002) зат есімдер лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамзат, ғаламзат, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді, эмоция-экспрессия реңі бар топтарға жіктелген. Академиялық

грамматикалардың ішінде зат есімдердің семантикалық топтары «Қазақ грамматикасында» (2002) толық көрініс тапқанымен, деректі және дерексіз зат есімдер көрсетілмейді.

Сонымен, зат есімдердің мағыналық топтарына қатысты ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, олардың мынадай мағыналық топтарын бөліп көрсетуге болады: 1) адамзат және ғаламзат есімдері, 2) жалқы және жалпы есімдер, 3) деректі және дерексіз есімдер, 4) дара және жинақтық мәнді есімдер, 5) реңдік мәнді есімдер, 6) эмоция-экспрессия реңі бар есімдер; 7) көптік мәнді есімдер.

Зат есімнің мағыналық топтарының ішінде адамзат және ғаламзат есімдері бұған дейінгі еңбектерде кімдік, нелік, персондық, бейперсондық болып түрліше аталып келгендігі белгілі. Адамзат және ғаламзат есімдері зат есімнің басқа топтарынан және өзара ерекшеленіп қана қоймай, өзіне тән қасиеттері мен белгілері арқылы да қазақ тілін өзге тілдер жүйесінен даралап көрсетеді. Адамзат есімдеріне жалпы адамға, оның мамандығы мен кәсібі, туыстық қатынасы, әр алуан лауазым, қызмет және т.б. атауларына қатысты сөздер жатады. Ал ғаламзат есімдерін адамнан тыс барлық заттар мен құбылыстарға, жан-жануарларға қатысты ұғымды білдіретін атаулар тобы құрайды.

Жалқы есімдер жеке адам, дүниедегі жеке я дара заттар мен құбылыс атауларын, жалпы есімдер бір-біріне ұқсас, деректі және дерексіз ұғым атауларын қамтиды. Сонымен қатар тіл жүйесінде жалпы есімнен жалқы есімге және керісінше ауысу құбылыстары да кездеседі. Мысалы, *Жүзім, Алма, Шырын, Қуаныш, Бақыт*, т.б. адам атаулары жалқы есімдерге жалпы есімдерден, *астаналық, қарағандылық, ресейлік* тәрізді зат есімдер жалпы есімге жалқы есімдерден ауысқан. Зат есімнің мағыналық топтарының арасындағы мұндай құбылыстар тілдегі омонимдердің пайда болуының бір жолы ретінде қаралады. Өзге тілдердегідей, қазақ тілінде де жалпы зат есімдерге қарағанда жалқы есімдер сан жағынан аз кездеседі. Зат есімдердің бұл топтары мағыналық сипатымен қатар грамматикалық және емле жағынан да ерекшеленеді. Грамматикалық тұрғыдан алғанда, жалқы есімдер мен жалпы есімдердің ерекшеліктері олардың жекеше немесе көпше түрде жұмсалыуымен анықталады. Жалқы есімдер тек жекеше түрде, жалпы есімдер екі тұлғада да қолданылады. Ал жалқы есімдер белгілі бір стилистикалық қолданыста ғана көптік жалғауын қабылдайды.

Деректі және дерексіз есімдердің мағыналық топ ретіндегі

ерекшеліктері: деректі зат есімдер көзбен көріп, қолмен ұстауға келетін, дәмін, түр-түсін көзге елестетуге болатын нақты зат атауларын сипаттаса, дерексіз зат есімдер, керісінше, көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын, тек ойлау, топшылау арқылы танылатын жалпы зат атауларын сипаттайды.

Дара және жинақтық зат есімдерді А. Ысқақов даралық және жинақтық, Н. Оралбай дара және жинақтық зат есімдер деп атайды. А. Ысқақов зат есімдердің даралау және жинақтау қабілетінің бар екендігіне назар аударып, белгілі бір ұғымдарды жинақтап, топ-тобымен білдіретін зат есімдерді жинақтық, ал керісінше, даралау, бөлу ұғымын білдіретін зат есімдерді даралық зат есімдер деп атайды. Н. Оралбай бір түрлі зат атауларын дара зат есімдерге, біртектес әртүрлі заттардың ортақ атын білдіретін сөздерді жинақтық мағыналы зат есімдерге жатқызады. Олардың арасындағы басты айырмашылық: дара зат есімдер құрамына әртектес, әртүрлі заттар енсе, жинақтық мағыналы зат есімдер тек біртектес зат атауларынан ғана құралады. Мысалы, *кітап, орындық, қағаз, жүзім, қауын*, т.б. – дара зат есімдер; *жеміс, ағаш, жәндік, құс*, т.б. – жинақтық мағыналы зат есімдер. Бұл топтағы жинақтық мағыналы зат есімдер құрамына тек бір-бірімен байланысты зат атаулары ғана кіреді. Мысалы, *құс* зат есімінің құрамына *бұлбұл, торғай, қаршыға, бүркіт*, т.б. сөздер енсе, керісінше, *емен, қайың, қарағай* тәрізді сөздерді енгізуге болмайды. Дара және жинақтық зат есімдердің арасындағы мұндай айырмашылық олардың тек-түрлік қатынасына негіз болады.

Зат есімдердің мағыналық топтарының ішінде реңдік мәнді есімдер зат есімдердің басқа мағыналық топтарынан морфологиялық құрылымы мен мағынасы жағынан ерекшеленеді. Ғалымдардың зат есімдердің мағыналық топтарын жіктеуге қатысты тұжырымдарында реңдік мәнді зат есімдер бірде эмоциялы-экспрессивтік (А. Ысқақов), бірде түрлі реңк мәнді (Н. Оралбай) зат есімдер деп аталса, «Қазақ грамматикасында» (2002) реңдік мәнді зат есімдер мен эмоция-экспрессия реңі бар зат есімдердің аражігі ажыратылып, зат есімнің дербес топтары ретінде берілген. Егер зат есімдер түбір тұлғада тұрып, заттық мағынаны білдіретін болса, реңдік мәнді зат есімдердің бірқатары зат есім түбіріне реңк мәнін тудыратын қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *ақынсымақ, өлеңсымақ, көлшік, төбешік, әкей, апай, апатай*, т.б. А. Ысқақов реңдік мәнді зат есімдерді «затты я заттық ұғымды әдеттегіше

атаумен қатар, сол аталған заттың сын-сипат жағынан қандай екенін қоса қабат білдіре атайтын, олардың кейбір өзіндік сипатын нақтылай түсіп, әсерлеу не бейнелеу жолымен сезіми түрде қолданылатын» зат есімдердің мағыналық тобы ретінде анықтаса, Н. Оралбай зат есімдердің заттарды атап қана қоймай, сөйлеушінің пікірін қоса білдіретін тобын реңк мәнді зат есімдер деп атайды.

Эмоция-экспрессия реңі бар есімдердің реңдік мәнді зат есімдерден басты айырмашылығы: бұл топқа мағыналық құрамында эмоционалды-экспрессивтік реңі бар зат есімдер негіз болады. Егер реңдік мәнді зат есімдер зат есім түбіріне реңк мәнін тудыратын түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалса, эмоция-экспрессия реңі бар есімдер зат есімдердің тікелей өзі арқылы беріледі. Мысалы, *қуаныш, жақсылық, құрмет, арамдық, қауіп, реніш, ашу, ыза*, т.б. Бір ескеретін жағдай: реңдік мәнді зат есімдер мен эмоция-экспрессия реңі бар есімдердің аражігінде әлі де болса анықтауды, нақтылауды қажет ететін мәселелер бар. Соның бірі – *-жан, -тай, -еке* қосымшалары арқылы жасалған (*агажан, әкетай, агеке*, т.б.) зат есімдердің бірде реңдік, бірде эмоция-экспрессия реңі бар есімдер қатарында қарастырылуы. Егер «реңдік мәнді туынды зат есімдердің біразының пайда болуына есім сөздерге жалғанатын *-сымақ* жұрнағының қызметі зор» деген тұжырымды негізге алсақ, жоғарыда келтірілген жұрнақтар арқылы жасалған зат есімдерді де бірыңғай реңдік мәнді зат есімдер қатарында қарастыру толық негізді, ғылыми тұрғыдан дәлелді деуге болады.

Затты жеке-даралап атамай, оның жиынын тобымен атайтын зат есімдер көптік мәнді есімдер деп аталады. Мысалы, *сүт, айран, ұн, ақыл, жел, боран, өмір, шындық, шаш*, т.б. Көптік мәнді есімдер зат есімнің басқа топтарынан мағыналық және грамматикалық сипаты тұрғысынан ерекшеленеді. Олардың мағыналық ерекшелігі түпкі табиғи қалпында тұрып-ақ көптік мағына білдіруімен айқындалса, грамматикалық ерекшелігі, белгілі бір стильдік мақсатта болмаса, негізінен, көптік жалғауын қабылдау сипатымен айқындалады. Зат есімдердің мағыналық топтарының ішінде көптік мәнді есімдерді А. Ысқақов зат есімдердің дербес мағыналық тобы ретінде бөліп көрсетеді.

Лексика-семантикалық сипатымен қатар зат есімдер морфологиялық құрылымы жағынан жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң зат есімдер іштей негізгі және туынды түбірлі зат

есімдер болып бөлінсе, күрделі зат есімдер біріккен, қосарланған, қысқарған және тіркескен түбірлі зат есімдерден жасалады.

Зат есімдердің ішінде түпкілікті мағынасы мен қызметінен бүтіндей не жартылай айырылып, көмекші сөз қызметінде қолданылатын сөздер көмекші есімдер деп аталады. Көмекші есімдер өздеріне тән лексикалық мағыналарының жалпылануы нәтижесінде морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп, синтаксистік жағынан кейде жеке дара мүше есебінде, кейде күрделі мүше құрамында қолданылады.

Көмекші есімдердің зат есімдерден айырмашылығы: мағыналық жағынан дерексізденіп, семантикалық тұрғыдан нақтылы бір ұғымды, яғни затқа қатысты кеңістікті, мекенді өзінен бұрын тұрған есім сөзге тіркесу арқылы білдіреді. Көмекші есімдердің мағынасы мен қолданысындағы мұндай ерекшеліктер олардың морфологиялық тұлғасына әсер етіп, олардың басым көпшілігі тәуелдеулі тұлғада жұмсалады. Көмекші есімдердің басқа көмекші сөздерден, атап айтқанда көмекші етістік пен шылаулардан да өзіндік айырмашылығы бар. Егер көмекші етістіктер қимыл ұғымын білдіретін етістіктерге де (*айтса екен, алып қал, көрген емес*, т.б.), есім сөздерге де (*жаман емес, бала екен, сәлем берді*) тіркесіп, лексика-грамматикалық жағынан түрлі қызмет атқарса, көмекші есімдер бұл орайда тек есім сөздер, оның ішінде зат есім және зат есім орнына қолданылатын сөздермен ғана (*ауылдың маңы, анасының қасы, үстелдің үсті, жердің асты, қардың беті, т.б.*) тіркесіп қолданылады. Ал шылаулардан ерекшелігі: көмекші есімдердің мағынасы дерексіз, жалпы болғанымен, шылау сөздердің мағынасы сияқты бүтіндей не жартылай жоғалып кетпей, керісінше, сол деңгейде сақталып қалады. Сонымен қатар көмекші есімдер қосымша жалғау жұрнақтарды қабылдаса, кей жағдайда негізгі сөзден дараланып, жеке қолданылады. Мысалы, *қасынан жүгіріп өтті, маңынан табылады, алдынан шықты*, т.б.

Ғалым А. Ысқақов көмекші есімдердің қалыптасу негізі мен зат есімдермен арақатынасындағы тығыз байланысын «кейбір зат есімдер өздеріне тән байырғы қызметтерінен жартылай айрылып, көбінесе, көмекші сөздер, яғни көмекші есімдер есебінде жұмсалады» деген тұжырымымен дәйектейді. Соның негізінде көмекші есімдерге мынадай анықтама береді: *көмекші есімдер деп лексикалық мағыналары бірде бүтіндей сақталып, бірде солғындап, өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтаксистік*

жағынан кейде жеке дара мүше есебінде, кейде күрделі мүше есебінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп отыратын жәрдемші сөздерді айтамыз. Сондай-ақ көмекші есімдердің бойында зат есімдерге тән семантикалық дербестік те, морфологиялық жағынан дәл сол зат есімдердей түрлену қабілеті де толық сақталатындығын айта отырып, синтаксистік қызметі мен морфологиялық формаларында бір-бірінен айырмашылық болмайтындықтан, олардың семантикалық жағынан мағынасына қарай синонимдес (мәндес) және антонимдес (қарсы мәндес), негізгі сөздерге үстейтін қосымша мағыналарына қарай көлемдік және мезгілдік қатынастарды білдіретіндігін де атап өтеді. Соның ішінде *үсті, басы; арты, сырты; басы, қасы; жаны, маңы; арасы, ортасы*, т.б. синонимдес мәнді, яғни өзара мағыналас, ал *алды, арты; асты, үсті; іші, сырты; түбі, беті*, т.б. өзара антонимдес көмекші есімдер ретінде бөліп қарастырады.

Қазақ тіл білімінің морфология саласында аналитикалық форма, аналитикалық формант ұғымы соңғы кезге дейін етістікке қатысты түсіндіріліп келсе, соңғы кезде бұл ұғым септік жалғауларына да қатысты айтылып, соның негізінде жекелеген еңбектерде аналитикалық септік ұғымының да кездесетіндігі белгілі. Бұл мәселеге кейінгі тарауда тоқталатын болғандықтан, оның тек көмекші есімге қатысты тұсын ғана қарастырамыз. Нақтылап айтсақ, ғалым Н. Оралбай көмекші есімді аналитикалық септіктің құрамында қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, көмекші есімдер септік категориясының бір көрсеткіші ретінде септелген зат есімдердің құрамында ғана қолданылады, басқаша қолданылмайды. Яғни, көмекші есімдер септелетін зат есімдерге тіркесіп, зат есімге жалғанатын септік жалғауын қабылдап, зат есім құрамында тұтас бір грамматикалық сөзтұлға жасайды. Олар аналитикалық септік құрамында грамматикалық қызметімен қатар зат есімдерге үстейтін түрлі грамматикалық мағынасымен де ерекшеленеді. Ғалым көмекші есімдерді зат есімдермен байланысындағы мағыналық сипатына қарай көлемдік, мезгілдік, мекендік мәнді деп топтастырып, бұл мағыналардың септік категориясына да жат емес екендігін айтады. Соның негізінде көмекші есімдердің бірнеше ерекшеліктерін айқындайды. Атап айтсақ, біріншіден, септік жалғауын тіркестіретін саты, жалғастырушы қызметін атқаруы, екіншіден, зат есімдердің мекен, мезгіл мәнін нақтылауы, үшіншіден, септік жалғауларына нақтылық реңк қосуы. Бұл ерекшеліктердің барлығы көмекші есім

мен зат есімдердің өзара тығыз байланысы негізінде айқындалады. Бұл орайда қазақ тіліндегі көмекші есімдерді мағыналық жағынан топтастыратын ғылыми пікірлер мен көзқарастардың бірін-бірі дамытып, бірімен-бірі сабақтасып отыратындығы айқын көрінеді.

Көмекші есімдер «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде «көлемдік ұғымы бар зат есімдер» ретінде сипатталып, көлемдік дәлдікті білдірудегі ерекшеліктеріне қарай төмендегідей бірнеше түрге бөлінеді: 1) заттың тұрған орнын немесе қимылдың бір нәрсенің үстінде орындалғанын білдіретін КЕ: *үсті, беті, жүзі, басы, төбесі*; 2) заттың айналасын не қимылдың бір нәрсенің айналасында орындалғанын білдіретін КЕ: *қасы, маңы, жаны, алды, арты, сырты, айналасы*; 3) заттың не заттардың ішкі, аралық көлемін, орнын білдіретін КЕ: *іші, ортасы, арасы*; 4) заттың ең төменгі жақ көлемдік мағынасын білдіретін КЕ: *асты, түбі*; 5) заттың аулақтағы көлемдік мағынасын білдіретін КЕ: *аржағы, бержағы, тұсы, қасы*; 6) заттың сырт жағылық көлемін білдіретін КЕ: *жағасы, жиегі, бойы*. Бұл топтастыруда көмекші есімдердің мекендік, мезгілдік мағыналары жалпылама түрде көлемдік мағынаның ішінде қарастырылады. Сол сияқты *айнала, ары (ар жағы), бері (бер жағы)* тәрізді үстеулер де көмекші есімдер ретінде танылады. Ал «Қазақ грамматикасында» (2002) көмекші есімдер зат есімнің кеңістік ұғымын білдіретін тобы ретінде анықталып, олардың кеңістік мәнінің барынша айқындалуы, саралануы зат есімдердің кеңістік қатынасты білдіретін барыс, жатыс, шығыс септіктерінде қолданылуымен түсіндіріледі. Көмекші есімдердің бастапқы мағынасынан толық немесе жартылай айрылуы олардың грамматикалық жағынан өзгеріске түсуімен байланысты. Көмекші есімдердің тағы бір қыры – түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық жүйесін өзге тілдерден ерекшелендіруі. Орыс тілінде көмекші есімдердің қызметі предлогтармен салыстырылса, қазақ тілінде шылаулармен салыстырылып, аралық топтағы сөздер ретінде бірде есімдер, бірде шылаулар қатарында қарастыратын көзқарастар да кездеседі.

Көмекші есімдер өзара қызметі жағынан да ерекшеленеді. Бұл ерекшелік олардың көмекшілік қызметтегі әртүрлі қолданысымен анықталады. Соның негізінде көмекші есімдер зат есімдердің кеңістіктегі орнын білдіруіне қарай горизонталь (көлбеу) бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін, вертикаль (тік) бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін және көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер болып үш топқа бөлінеді. Көлбеу бағыттағы кеңістік

қатынасты білдіретін көмекші есімдерге *алды, арты, қасы, жаны, маңы, тұсы, шеті*; тік бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдерге *үсті, беті, түбі*; көлемдік қатынасты білдіретін көмекші есімдерге *іші, сырты, ортасы, арасы* сөздері жатады.

Қазақ тілінде көмекші есімдер сан жағынан аса көп емес. Көмекші сөздердің бұл тобы, негізінен, *алды, арты, асты, үсті, жаны, маңы, қасы, шеті, ортасы, арасы*, т.с.с. сөздерден құралады. Бірақ сан жағынан аз бола тұра, көмекші есімдер аса кең өрісте қолданылады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі есім категориясы. – Алматы, 1963.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2007.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
6. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Зат есімнің зерттелуі, сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Зат есімнің мағыналық топтары, ерекшелігі.
3. Көмекші есімдердің сөз таптары жүйесіндегі орны, зерттелуі.
4. Көмекші есімдердің семантикасы.
5. Көмекші есімдердің морфологиялық сипаты.
6. Көмекші есімдердің грамматикалық қызметі.

4. Зат есімнің грамматикалық категориялары

Тіл ғылымында грамматикалық категорияның грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарымен арақатынасы сөздердің лексика-грамматикалық топтарындағы сипаты мен қызметіне байланысты анықталады. Грамматикалық категориялар жалпы сөз таптарына тән құбылыс болғандықтан, оның сөз таптарына қатысы, ондағы берілу жолдары бірдей сипатта болмайды. Соған қарамастан, грамматикалық категория сөз таптарымен тығыз байланыста болады.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы жағынан түрленуге бейім, сөз таптары жүйесінде грамматикалық категорияларының түрі мен саны жағынан етістіктен кейінгі екінші орында тұратыны – зат есімдер. Зат есімдердің лексика-грамматикалық жағынан белгілі бір грамматикалық түрлену жүйесіне түсіп, әртүрлі грамматикалық мағынаны білдіруі және сөйлемде басқа сөздермен белгілі бір грамматикалық байланыста болуы олардың грамматикалық категориялары арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі морфологиясында зат есімдер, негізінен, көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларының қосымшалары арқылы түрленетіндігі белгілі. Зат есімдердің көптік және тәуелдік жалғауымен түрленуін А. Байтұрсынов зат есімдердің «айырысы» және «қалпы» деп анықтап, оның жекелік және көптік айырысы, оңаша тәуелді және ортақ тәуелді қалыптарын бөліп көрсетеді.

Грамматикалық категорияларға қатысы тұрғысынан зат есімдердің көптелу, септелу, тәуелдену жүйесіндегі мағыналық ерекшеліктері көптік, септік, тәуелдік категорияларымен байланысты.

Тіл ғылымында зат есімдердің қазақ тіліндегі төрт түрлі жалғауды қабылдауы жалпы грамматикалық категория мен сол категорияның бір көрсеткіші қызметінде ғана қолданылатын қосымшалардың аражігін анықтауда да қиындық келтіретіндігі белгілі. Сондықтан көптік категориясы мен көптік жалғау, септік категориясы және септік жалғауы, тәуелдік категориясы және тәуелдік жалғауы, жақ категориясы және жіктік жалғауы ұғымдарының арақатынасындағы межені анықтау зат есімдерге тән грамматикалық категория түрлерінің тілдік табиғатын нақтылауға толық негіз болады.

Қазақ тілінде зат есімдердің грамматикалық категорияларын ғалым Н. Оралбай сандылық категориясы, тәуелдік категориясы және септік категориясы деген түрлерге бөліп, әр категорияның өзіндік көрсеткіштерін анықтайды. Ғалымның пікірінше, ол көрсеткіштердің әрқайсысы зат есімдерге жалғанып, зат есім сөзді өз категориясының тұлғасына көшіреді.

Зат есімдердің сандылық категориясы (Н. Оралбайдың топтастыруы бойынша) бірде көптік-жекелік (А. Байтұрсынұлы), бірде грамматикалық сан-мөлшер (көптік-жекелік) (К.Аханов, С. Исаев), бірде көптік (А. Ысқақов) категориясы деп түрліше аталады. Ғалым С. Исаев грамматикалық категория деген ұғымның негізгі мәні мен түрлері туралы айқындай, аша түсетін мәселелердің аз емес

екендігін атап көрсетеді. Сондай мәселелердің бірі – грамматикалық категориялардың атауына байланысты. Бұл тұжырым зат есімнің түрліше аталып жүрген сандылық категориясына да байланысты.

Зат есімнің сандылық категориясын К. Аханов сан-мөлшер категориясы деп атап, оның пайда болуын тілдегі даралық ұғым мен көптік ұғымды бір-бірінен ажыратумен байланысты түсіндіреді. Сонымен қатар грамматикалық сан-мөлшер категориясының әртүрлі тілдерде түрлі грамматикалық тәсілдер, морфологиялық көрсеткіштер арқылы берілетіндігіне де назар аударады. Ал А. Ысқақов тілімізде көптік категориясы және көптік жалғау категориясы бар екендігін, бірақ бұларды бірдей категориялар ретінде қарауға болмайтындығын айтады. Соның ішінде көптік категориясы тым жалпы, көптік жалғау категориясы одан гөрі тым жалқы ұғым.

«Қазақ грамматикасында» сандылық категориясы көптік категория деп аталып, оның тек көптік жалғаумен шектелмейтінін, көптік мағына грамматикалық жағынан жекелік мағынаға қарамақайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының шеңберінде өмір сүретінін атап көрсетеді. Мұндай қайшылықтар зерттеушілердің морфологиялық құбылыстарды түрліше түсініп, соның нәтижесінде өзіндік әртүрлі пайымдаулар жасауымен де байланысты болуы мүмкін.

Ғалым Ы. Маманов қазақ тіліндегі көптік форма ұғымының көптік форма, көптік категория, сан-мөлшер категориясы делініп, әр еңбекте әртүрлі аталып, соған орай әртүрлі баяндалуын көптік форма туралы мәселенің толық шешілмегендігімен түсіндіреді. Сонымен қатар ғалым *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* қосымшаларының қазақ тілінде әрқашан сөз арасын байланыстыру қызметін атқармайтындығын да атап көрсетеді. Мысалы, *студенттер отыр, кітаптар бар* деген сөйлемдердегі көптік жалғауларын (*-тер, -тар*) алып тастасақ, сөз бен сөз арасындағы байланыс сақталады, тек көптік жалғауымен келген сөздің ғана мағынасы өзгереді, яғни көптік жалғауы сөз бен сөзді байланыстырушы қызмет атқарып тұрған жоқ. Көптік жалғауының сөз бен сөзді байланыстыру қызметі сөйлемнің бастауышы қызметінде жұмсалған екінші жақ жіктеу есімдігінің көпше түрін баяндауыш мүшемен қиыстыра байланыстырғанда ғана айқын көрінеді. Мысалы, *сендер барасыңдар, сіздер түсінесіздер*, т.б.

Ғалым К. Аханов грамматикалық категория атты ұғымның табиғатын ашып, айқындай түсу үшін және грамматикалық кате-

гориялардың сөз таптарымен арақатысын баяндау үшін тілдердің көпшілігіне тән ортақ грамматикалық категорияларға тоқталудың қажеттігін айтады. Зат есімнің сандылық категориясы да түркі тілдеріне тән ортақ категориялардың бірі. Жалпы сандылық категориясының пайда болуы тіл-тілдегі бір заттан көп затты ажырата білумен байланысты. Соның нәтижесінде әр тілдің даралық және көптік ұғымды бір-бірінен ажыратудың өзіне тән ерекшеліктері қалыптасқан. Даралық және көптік ұғымдар затпен тікелей байланысты, заттан тыс аталған ұғымдардың болуы мүмкін емес. Осыған орай сандылық категориясы да сөз таптарының ішінде зат есімдерге тән категория ретінде анықталады.

Түркі тілдерінде, чуваш тілінен басқа, заттар мен құбылыстың көптігін білдіру үшін көптік жалғауы кеңінен қолданылады. Бірақ түркі тілдерінің деректеріне сүйенсек, көне замандарда көптік ұғымы басқаша берілген. Әрине, ол кезде өмірлік тәжірибе нәтижесінде жекелік және көптік ұғымдық категориялары болған. Алайда олар тілде көрініс таппады. Мәселен, «ат сөзі ежелгі түріктердің түсінігінде мәтінге байланысты әрі «ат», әрі «аттар» ұғымын беретін болған. Ежелгі дәуір тілдерінде тым абстрактілі, шағын көлемді жинақтау мәнді көпше түр жиі қолданылып, бұл адамның аса конкретті ойлауына сәйкес келді. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде көптік жалғауының кеңінен қолданылатын *-лар, -лер* қосымшасы жинақтау мәнді көне *-л, -р* немесе *-з (-ыз, -із)* көрсеткіштерінің контаминациясы нәтижесінде пайда болған деп түсіндірілсе, К. Аханов түркі тілдерінде бұл көрсеткіштердің шығу тегі айқындалмағанын айтады.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді жекеше, көпше топтарға бөлуге ғана негіз болмай, өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар жинақтау, сый тұту, құрметтеу, тұспалдау, болжау мағыналарын да үстейді. Көптік жалғауының қолданысындағы мұндай ерекшеліктер оның жалпы сөз бен сөзді байланыстырушылық қызметінен басқа да қызмет атқаруынан көрінеді. А. Ысқақов, С. Исаев, т.б. ғалымдардың еңбектерінде көптік жалғауының қызметіндегі мұндай ерекшеліктер кеңірек қарастырылып, ғылыми негізде дәлелденген. Ғалым Ы. Маманов көптік жалғауының көптік форма жасаудың бірден-бір көрсеткіші екендігін, тілде басқа көрсеткіштер грамматикалық көптік форма көрсеткіші бола алмайтындығын көрсетіп, соның негізінде көптік форманың контекстке байланысты негізгі көптік мағынадан басқа, жанама, қосалқы мағыналарды,

атап айтқанда, жалқы есімдер мен туыс атауларына жалғанып, бір адамның тобы (*әкемдер, Мараттар*, т.б.), ортақтық мағына (*сіздердің орындарыңыз, достардың әзілі*, т.б.), болжалдық (*жетілер, ондар, ертеңдері*, т.б.), жас мөлшері (*он сегіздерде, алтыстарда*, т.б.), т.б. мағыналарды білдіретіндігін айтады.

Көптік жалғауы зат есімдердің жекеше және көпше түрлерінің, А. Байтұрсыновтың сөзімен айтсақ, жекелік, көптік айырысының ең басты грамматикалық белгісі болып саналады. Жекелік пен көптік мағына – бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар, құбылыстар. Олардың қарама-қарсылығы зат есімнің сандылық категориясының көрсеткіштері арқылы беріледі. Ғалым Н. Оралбай сандылық категориясының көрсеткіштеріне нөлдік жалғау мен көптік жалғауын жатқызады. Оның ішінде нөлдік жалғау жекелік мағынаның, көптік жалғау көптік мағынаның грамматикалық көрсеткіші қызметін атқарады. Нөлдік жалғау ұғымын ғалым зат есімнің жекелік мәнін білдіретін нөлдік морфеманың бір түрі ретінде анықтайды. Ғалымның пайымдауынша, нөлдік және көптік жалғауымен қолданылған зат есімдер сандылық категориясының тұлғасындағы сөздер болып саналады. Мысалы, *Абай Біржанды Құнанбайдың осы үлкен аулына әдейі келтірген еді* (М. Әуезов), *Түнге қарай сырттағы дыбыстар үйдің ішіне анық естіледі* (С. Мұратбеков) деген сөйлемдердегі *Абай, Біржан, Құнанбайдың, аулына, үйдің* зат есімдері сандылық категориясының жекелік, *дыбыстар* зат есімі көптік тұлғасында қолданылған. Жекелік мағына нөлдік жалғау арқылы, көптік мағына көптік жалғауы арқылы берілген. Грамматикалық категориялардың мағынасы жалпылама грамматикалық мағынаға негізделетініне байланысты сандылық категориясының жалпы грамматикалық мағынасы жекелік ұғым мен көптік ұғымның қарама-қарсылығына құрылады.

Жалпы алғанда, зат есімнің сандылық категориясы – грамматикалық категориялар қатарында сандылық, сан-мөлшер, көптік ұғымдарымен түрліше аталып жүрген грамматикалық категорияның бір түрі.

Зат есімдердің тәуелденуі, яғни тәуелдік категориясы – түркі тілдерін басқа жүйедегі тілдерден құрылымдық жағынан ерекшелендіретін белгілердің бірі. Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншіктілігін білдіруде тәуелдік категориясы арқылы меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі. Осы орайда тәуелдік категориясының бір тәсілі ретінде тәуелдік жалғаулары да

ерекше қызмет атқарады. Тәуелдік мағынаның арнаулы қосымшалар арқылы берілуі – түркі тілдерінде ежелден келе жатқан тәсілдердің бірі. Тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншіктелуімен қатар оның қай жаққа қатысты екендігін де білдіреді. Тәуелденіп тұрған зат есім арқылы оның біреуге меншікті екені әрі оны иеленуші меншік иесі анықталады. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөз жекеше және көпше мағынада бірдей қолданылғанымен, меншіктелетін зат иесінің жекеше түрі оңаша тәуелдеу, көпше түрі ортақ тәуелдеу болып бөлінуімен ерекшеленеді. Тәуелдеудің ортақ және оңаша түрлеріне қатысты ғылыми еңбектерде түрліше тұжырымдар жасалады. Атап айтқанда, А. Ысқақов сөздің жекеше түрде тәуелденіп, бір заттың бір ғана адамға я затқа, ал сөз көпше түрде тәуелденіп, көп заттың я біртектес бірнеше заттың бір адамға я бір затқа ғана меншіктілігін білдіретін түрді оңаша тәуелдеу деп анықтаса, Н. Оралбай ортақ және оңаша тәуелдену деп бөлуде меншікті заттың иеленушісінің жекелігі немесе көптігі негізге алынатындығын ескеріп, бір не көп заттың бір адамға меншіктілігін оңаша тәуелдену, бір не бірнеше заттың бірнеше зат я адамға ортақтығын ортақ тәуелдену деп сипаттайды. Бұл ұғымдар А. Байтұрсыновтың еңбегінде зат есімдердің оңаша тәуелді және ортақ тәуелді қалыптары деп аталады. Ал Ы. Маманов ортақтық мағына білдіретін қосымша тек бірінші жақта (*-ымыз, -іміз*) ғана болғандықтан, тәуелді форманы ортақ тәуелдеу және оңаша тәуелдеу деп бөлуді тілдік дерек қуаттамайтындығын ескертеді. Соған қарамастан, қазақ тілінде тәуелдеудің аталған түрлері, олардың өзара ерекшелігі әбден орныққан, теориялық негіздері қалыптасқан деуге болады.

Зат есімнің тәуелдік мағынасы тек тәуелдік жалғаулары арқылы ғана емес, сонымен қатар сөз түбіріне *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнақтарының жалғануы арқылы да беріледі. Тәуелдік мағынаның тәуелдік жалғау және жұрнақ арқылы берілуіндегі ерекшелік олардың меншік иесіне немесе меншіктелетін затқа жалғануымен анықталады. Атап айтқанда, тәуелдік жалғау меншіктелетін затқа жалғанса, жұрнақ меншік иесіне жалғанады. Мысалы, *менің кітабым, сенің қаламың, оның үйі; кітап менікі, қалам сенікі, үй онікі*, т.б.

Тәуелдік категориясының тілдік табиғатын анықтауда ғалымдар әртүрлі пікір білдіреді. Мәселен, А. Ысқақов иеленуші үш жақтың біріне белгілі бір заттың меншікті екенін білдіретін грамматикалық категорияны тәуелдеу категориясы деп атаса, Н. Оралбай тәуелдік категориясын бір я көп заттың екінші бір затқа меншікті екенін

білдіретін категория ретінде анықтайды. Қазақ тілі грамматикаларында да тәуелдік категориясы белгілі бір заттың, нәрсенің кімнің меншігі екендігін білдіретін категория немесе өзге жүйедегі тілдерден түркі тілдерін типологиялық жағынан оқшаулап тұратын басты бір грамматикалық ен-таңбаның бірі ретінде сипатталады. Бұл анықтамалардың барлығына ортақ сипат: тәуелдік категориясының меншіктілік мағынамен байланысы, меншіктілік мағынаны білдіру категориясы ретінде анықталуы.

Грамматикалық категорияның басты белгісі оның белгілі бір грамматикалық тәсілдер және көрсеткіштер арқылы берілуі екендігін ескерсек, тәуелдік категориясы тілде, негізінен, морфологиялық, синтаксистік және аралас тәсіл арқылы беріледі. Морфологиялық тәсіл зат есімге тәуелдік жалғауы немесе тәуелдік мағына үстейтін жұрнақтың жалғануы арқылы жүзеге асады. Мысалы, *даланың шөбі, ауылдың кітапханасы, шөп даланікі, кітапхана ауылдікі*, т.б. Синтаксистік тәсілде меншік иесі – біз, сіз есімдіктері мешіктелетін, тәуелденетін затпен тәуелдік жалғауы арқылы байланысып, меншіктелетін затты өзіне ешбір қосымшасыз тіркестіреді. Мысалы, *сіздің ауыл, біздің мектеп*, т.б. Ал аралас тәсіл біз, сіз есімдіктерінен басқа есімдіктер мен зат есімдердің меншік иесі қызметінде тұрып, меншіктелетін заттың үнемі тәуелдік жалғауында тұруы арқылы жасалады. Мысалы, *біздің үйіміз, олардың достары, кітапхананың кітабы*, т.б.

Түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін басқа тілдер жүйесінен грамматикалық құрылысы жағынан ерекшелендіретін категорияның бірі – тәуелдік категориясының меншікті мағына білдіруші негізгі грамматикалық көрсеткіштерінің бірі – тәуелдік жалғауы. Тәуелдік жалғаулары жалғанған сөздер өзі тіркесетін сөзінің ілік септігі жалғауында тұруын қажет етеді. Зат есімдер үш жақта, жеке-ше және көпше түрде тәуелденеді. Көпше түрде тәуелдену тәуелдік жалғауын көптік жалғауымен байланыстырады. Сөз құрамында көптік жалғауымен қатар келген жағдайда тәуелдік жалғауы орын тәртібі жағынан көптік жалғауынан кейін жалғанады. Тәуелдік жалғауы септік және жіктік жалғауларымен де байланысады. Бұл жағдайда орын тәртібі жағынан тәуелдік жалғауы сөзге аталған жалғаулардан бұрын жалғанады.

Ғалым Ы. Маманов тәуелді форма, негізінен, зат есімге тән форма бола тұра, зат есімнен басқа сөз таптарының да тәуелді формамен түрленетіндігін атап көрсетеді. Соның негізінде әр сөз табының

тәуелді формасының контекстегі және сөздің ішкі мағынасына байланысты бірнеше мағыналық қатынасын анықтайды. Олар: 1) тәуелді формадағы зат есімдердің ілік септігіндегі иеленуші сөзге үстейтін қатыстық мағыналары: меншіктілік қатынас (*досының әңгімесі, сенің жұмысың*); мүшелік қатынас (*құстың қанаты, өсімдіктің тамыры*); бейнелік қатынас (*айдың жарығы, судың тұнығы*); тектес қатынас (*бидайдың ұны, тауықтың сорпасы*); туыстық қатынас (*менің інім, оның нағашысы*); мекендік қатынас (*ауыл арасы, жер асты*); 2) тәуелді формадағы сын есімнің заттың сапалық белгісіне қатысты мағынасы: *жәндіктің үлкені, малдың пайдасы*; 3) тәуелді формадағы сан есімнің мағынасы: *онның екісі, жұмысшының үшеуі*; 4) есімдіктердің тәуелді формадағы мағынасы: *біздің бәріміз, сіздің мынауыңыз*; 5) үстеудің тәуелді формадағы мағыналық қатынасы: *еріншектің ертеңі*; 6) қимыл есімінің тәуелді формадағы мағыналық қатынасы: *қоянның қашуына мылтықтың басуы*; 7) ортақ етістің тәуелді формадағы мағыналық қатынасы: *таңның атысы, күннің батысы*; 8) есімшелердің тәуелді тұлғадағы мағыналық қатынасы: *үйренгенің өзіңе жақсы*.

Сонымен, зат есімнің тәуелдік категориясы – зат пен оның иесінің арасындағы қарым-қатынасты көрсететін категория.

Зат есімнің грамматикалық категорияларының ішінде ауқымдысы, көлемдісі – септік категориясы. Септік категориясы ұғымы мен септік жалғауы ұғымының арақатынасы септік жалғауларының септік категориясының грамматикалық көрсеткіші қызметіндегі қолданысымен, мағынасымен айқындалады. Зат есімнің сөйлемдегі басқа сөздермен дәнекерлесе байланысу үшін септік жалғауларын қабылдауы оның грамматикалық тұлғасының өзгеріп, грамматикалық мағынасының түрленуіне ықпал етеді. Қазақ тіліндегі септік жалғауларының түрлері, олардың қосымшалары мен сөзге үстейтін грамматикалық мағынасы зат есімнің септік категориясының грамматикалық категория ретіндегі сипатын анықтауға, оның зат есімнің басқа грамматикалық категорияларынан өзіндік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Н. Оралбай септік категориясы тұлғасы жағынан морфологиялық категория болғанымен, әрбір септік жалғауының синтаксистік қызметіне де назар аудару қажеттігін атап көрсетеді. Септік жалғауларының бұл қызметі зат есімдерді сөйлемдегі етістіктермен, шылау сөздермен және басқа есім сөздермен байланыстырып, әр алуан грамматикалық байланысқа түсіруімен анықталады. Осы тұрғыдан, септік катего-

риясын морфологиялық категория ретінде қарау жеткіліксіз. Оның сөз тұлғасын өзгертуі, сөзді түрлендіруі морфологиялық категорияға тән белгісін танытса, сөйлемдегі сөздерді өзара байланыстырып, септестіру арқылы белгілі бір қызмет атқаруы синтаксистік категорияға қатысты екендігін көрсетеді. Бұл белгісі оны сандылық немесе көптік және тәуелдік категорияларынан ерекшелендіреді.

Септік категориясының сөз таптарына қатысына келсек, К. Аханов септік категориясын әртүрлі тілдерге және олардағы есім сөздерге тән грамматикалық категория ретінде түсіндіріп, түркі тілдерінде грамматикалық септік категориясы, негізінен алғанда, зат есімдер мен есімдіктерге тән категория болып танылатындығын айтады.

Түркі тілдеріндегі септіктерді кеңістік қатынасты және грамматикалық қатынасты білдіретін септік жалғаулары деп екі үлкен топқа бөлу дағдысы бойынша қазақ тіліндегі септік жалғаулары да грамматикалық және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары болып екіге бөлінеді. Септік жалғауларының бұл топтары қызметі жағынан өзара ерекшеленеді. Бастауышты, нақты айтқанда, субъектінің тікелей өзін, тәуелділігін және нысанын, яғни бастауышқа қатысты белгіні білдіру грамматикалық септіктердің негізгі қызметі болса, қимылды, оның мекенін, мезгілін, нақты өту орнын білдіру кеңістікті білдіретін септік жалғауларының қызметі ретінде анықталады.

Септік жалғауларын грамматикалық және кеңістікті білдіру сипатына қарай топтастыруда қарама-қайшылықтар кездеседі. Мәселен, кеңістік қатынасты білдіретін барыс септігі «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) грамматикалық септіктер қатарында қарастырылады. Ал «Қазақ грамматикасы» (2002) мен жекелеген еңбектерде барыс септігі кеңістікті білдіретін септік жалғауы ретінде өзінің грамматикалық мағынасы мен қызметіне сәйкес топта қарастырылады.

Сонымен, грамматикалық септіктерге атау, ілік, табыс септіктері, кеңістікті білдіретін септіктерге барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктері жатады. Септік жалғауларын грамматикалық немесе кеңістік қатынасты білдіруіне қарай топтастыруда әрбір септік жалғауының бастауышқа немесе қимылға қатысты грамматикалық мағынасы негізге алынады.

Қазақ тіліндегі атау септігі басқа септік жалғауларынан арнайы грамматикалық қосымшасының болмауымен ерекшеленеді. Атау септігінің осы ерекшелігі, оның сөздің септік жалғауын қабылдамай

тұрғандағы күйі басқа септік жалғауларына негіз болатын атау тұлғадағы сөз ретінде танылуына себепші болады. Ғалымдар атау септігінің басқа септіктермен арақатынасы, септіктер жүйесіндегі орны мен қызметіне қатысты түрлі тұжырымдар жасайды. А. Ысқақов атау септігін, бір жағынан, басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма, екінші жағынан, тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, одан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратын, арнайы талдайтын негізгі форма ретінде қарастырса, С. Исаев бұған қарамақайшы пікір айтады. Ғалымның тұжырымдауынша, атау септігі – өзіне тән мағынасы бар, сөйлеу үдерісінде басқа септіктер сияқты өзге сөздермен синтаксистік байланысқа түсіп, белгілі бір қызмет атқаратын, нөлдік көрсеткіші бар септіктердің бір түрі. Сонымен, атау септігі – қимылдың логикалық субъектісі мен нысанын, субстанциясын білдіріп, сөйлемде предикатпен грамматикалық байланысқа түсетін, өз алдына дербес септіктің бір түрі.

Ілік септігі қазақ тілінде меншікті заттың иесін білдірудің көрсеткіші ретінде зат есімнің тәуелдік категориясымен тығыз байланысты болады. Септіктің бұл түрі, негізінен, зат есіммен немесе оның орнына қолданылатын сөзбен байланысып, меншіктілік, иелік мағынаны білдіреді. Сөйлемде ілік жалғауымен келген сөз өзі байланысатын тәуелдеулі сөздің грамматикалық мағынасын толықтырып тұрады. Мысалы, *ғалымның пікірі, оның ойы, жақсының сөзі*, т.б. Ілік септігі жалғауының сөзге жалғанып я жалғанбай тұратын жағдайлары да болады. Бұл қазақ тіл білімінде нөлдік форма ұғымымен түсіндіріледі. Ілік септігінің мұндай қолданысы сөз мағынасына айтарлықтай әсер етпегенмен, ілік септігі жалғауы ашық қолданылғанда сөз мағынасы нақты, жасырын, яғни түсіріліп қолданғанда жалпы сипатқа ие болады. Мысалы, *қаланың халқы, қала халқы, күннің райы, күн райы*, т.б.

Барыс септігі етістік сөзбен тікелей немесе жанама түрде байланысып, қимылдың, істің кімге, неге бағытталғанын білдіреді. Бағыттық мағына барыс септігінің негізгі грамматикалық мағынасы ретінде анықталғанымен, сөйлемде белгілі бір сөздермен лексика-грамматикалық байланысына қарай барыс септігіндегі сөз одан өзге қосымша грамматикалық мағыналарды да білдіреді. Олар: 1) іс-әрекеттің, қимылдың барып тірелер, аяқталар жері: *кітапханаға келді, мұражайға барды*; 2) қимылдың, іс-әрекеттің бағыты: *досына қарады, сөзге құлақ асты*; 3) қимылдың, іс-әрекеттің мақсаты: *оқуға*

кетті, айтарға сөз жоқ; 4) мөлшер, мезгіл мағынасы: бір сағатқа сұранды, жарты жылға кетті т.б.

Табыс септігі қимылдың, іс-әрекеттің тура нысанын білдіріп, сөйлемде сабақты етістікті меңгереді. Бұл септік жалғауы да, ілік септігі сияқты, сөйлемде бірде ашық, бірде жасырын түрде қолданылады. Жалғаусыз келген жағдайда табыс септігі сыртқы тұлғасы жағынан атау септігіндегі сөзге сырттай ұқсас болады. Ал одан ерекшелігі: табыс септігінсіз келген сөз қандай тұлғада болмасын, үнемі сабақты етістікпен тіркесіп, сөйлемде тура толықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: *кітап оқыды, хат жазды, досын көрді, анасын сағынды* т.б.

Жатыс септігі грамматикалық мағынасы жағынан іс-әрекеттің, қимылдың жүзеге асу уақытын, мезгілін, мекенін, көлемін білдіреді. Мысалы: *тоғызда басталады, екі айда оралады, жұмысында жоқ*, т.б. Бірақ жатыс септігінің мағынасы үнемі тұрақты сипатта болмайды. Барыс, шығыс, көмектес септіктер тәрізді, жатыс септігінің де грамматикалық мағынасы түбір сөздің семантикасы мен контекстегі қолданысына қарай өзгеріп отырады. Мысалы, *жазда, түнде, екіде* сөздерінде түбір сөздің семантикасына сәйкес мезгілдік мағынаны білдірсе, *ауылда, қалада* сөздерінде мекендік мағынаны білдіреді.

Шығыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың бастапқы орнын, себебін, өлшем-мөлшерін, т.б. мағыналарын білдіреді. «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) аталған септік жалғауының мынадай мағыналарын көрсетеді: 1) іс-әрекеттің, қимылдың қандай объектінің төңірегінде, маңында өткендігін білдіреді: *маңдайынан сипады, бетінен сүйді*, т.б.; 2) істің, қимылдың себебін білдіреді: *суықтан тоңды, айқайдан зәресі ұшты*, т.б.; 3) сындық мағынадағы сөздермен грамматикалық қатынаста салыстыру мәнін білдіреді: *балдан тәтті, бетегеден биік*, т.б.; 4) белгілі бір бөлшегі, үлесі алынатын затты білдіреді: *астан ауыз тиді*, т.б.; 5) нәрсенің, заттың тегін, неден істелгендігін білдіреді: *барқыттан тігілген* т.б.; 6) сөздің негізгі лексикалық мағынасына қарай өлшем, мөлшер мағынасын білдіреді: *жеті айдан асты, бес келіден алды*, т.б.; 7) іс-қимылдың мекенін білдіреді: *көлден тартты*, т.б.; 8) объекті мен істің, қимылдың арасындағы түрлі грамматикалық қатынасты білдіреді: *сөзінен жаңылды, малынан айрылды*, т.б. Бұл топтастырудан шығыс септігінің етістіктермен ғана емес, сондай-ақ есім сөздермен де грамматикалық байланыста боатындығын анықтауға болады. Шығыс септігінің мағыналық сипатындағы тағы бір

ерекшелігі, жатыс септігі тәрізді, өзі жалғанатын сөздің семантикасына байланысты мағынаны да білдіреді. Оған жоғарыда келтірілген өлшем, мөлшер мағынасы дәлел бола алады.

Қазақ тілінен басқа түркі тілдерінде жеке септік жалғауы ретінде танылмайтын, қазақ тіліндегі септіктер жүйесінде кейіннен қалыптасқан септік жалғауы – көмектес септігі. Қазақ тілін басқа түркі тілдерінен ерекшелендіретін бір белгі – көмектес септігінің дербес септік ретінде танылуы. Көмектес септігінің грамматикалық көрсеткіштері (-мен// -бен// -пен// -менен// -бенен// -пенен) тіліміздің сингармонизм заңына бағынбай, жуан буынды сөздерге де осы түлғада жалғана береді. Грамматикалық мағынасына қарай іс-әрекеттің, амалдың мезгілін, мекенін, жүзеге асу құралы мен тәсілін т.б. белгілерін білдіреді. Көмектес септігінің мағыналық құрамы аса күрделі. Ғалым Н. Оралбай зат есімге үстейтін грамматикалық мағынасына қарай көмектес септігінің мынадай мағыналарын бөліп көрсетеді: 1) қимылдың құралы: *балтамен шапты*; 2) ортақтық мағына: *туыстарымен жасады*; 3) қимылдың тәсілі: *ақылмен істе*; 4) қимылдың мекені: *жолмен жүрді*; 5) қимылдың мезгілі: *күнімен күтті*, т.б.

Ғалым А. Ысқақов осы мағыналарға көмектес септігінің қимылдың астасу, ұштасу сияқты жай-күй қатынастарын білдіретін мағыналарды да қосады. Мысалы, *кезумен келеді, қалғумен тыңдайды*, т.б.

«Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) көмектес септігіндегі сөздерді мағынасына қарай мынадай топтарға бөледі: 1) істің, қимылдың, амалдың немен, қандай құралмен істелгендігі, яғни құралдық мағына: *жіппен байлау, сытырғышпен сытыру*, т.б.; 2) іс-әрекетті, қимылды атқаруға қатынасқан адамды білдіру: *Асқармен келді, Омармен сөйлесті*, т.б.; 3) істің, қимылдың амалы: *ынтамен тыңдау, сөзбен жеңу*, т.б.; 4) істің, қимылдың мақсаты: *бір оймен келу*, т.б.; 5) іс-қимылдың қай жерде, ненің бойында өткендігі: *жолмен жүру*; 6) мезгіл мағыналы сөздерге жалғанғанда үстеулік мағынаға ие болады: *күнімен, түнімен*, т.б.; 7) есімшенің өткен шағына жалғанғанда қарсылық мәнге ие болады: *көргенмен, айтқанмен*, т.б. Бұл қатарда көмектес септігінің көнеленуі арқылы мезгіл (*күнімен, түнімен*), сын-қимыл (*ынтамен*) үстеулеріне ауысқан сөздер де бар. Көмектес септігінің мағыналық қырларындағы мұндай ерекшеліктер оның септіктер жүйесіндегі өзіндік орнын, сипатын танытады.

Тіл біліміндегі аналитизм, аналитикалық форма ұғымдарын зат

есімнің септік категориясына қатысты қолданып, септік жалғауларын аналитикалық-синтетикалық тұрғыдан қарастыратын тұжырымдар да бар. Ғалым Н. Оралбай осы ұғымға қатысына қарай қазақ тіліндегі септік категориясын синтетикалық және аналитикалық септік деп екіге бөліп, сөздің септік жалғаулары арқылы түрленуін септіктің синтетикалық парадигмасы, ал септік категориясы мағынасының көмекші сөздер арқылы күрделенген түрін аналитикалық септік деп атайды. Мысалы, *жұмыстан келді – жұмыстан кейін келді, үйге барды – үйге дейін барды*, т.б. Бұлардың алғашқылары синтетикалық септік, кейінгілері аналитикалық септік. Ғалым аналитикалық септікті жасалуына қарай көмекші есімді аналитикалық септік және септеулік шылаулар арқылы жасалған аналитикалық септік деп екіге бөледі. Жалпы, аналитикалық форма, аналитикалық формант ұғымдары сөз таптарының ішінде, негізінен, етістікке қатысты қолданылып, қазақ тілі морфологиясында аналитикалық етістік, етістіктің аналитикалық формасы, аналитикалық формант ұғымдары әбден орныққан, қалыптасқан. Ал аталған ұғымның есім сөз таптарына, оның ішінде зат есім мен сын есімге қатысы, жекелеген тұжырымдарда болмаса, өз алдына дербес зерттеу нысанына алынбай жүргендігі белгілі. Сол сияқты аналитикалық септік мәселесін де қазақ тілінің грамматикасында ғылыми айналымға әлі толық енбеген, кеңінен қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі ретінде қарауға болады.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі. «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) қазақ тіліндегі зат есімдерді өзге тілдердің зат есім жүйесінен ерекшелендіретін белгілердің бірі ретінде жақтылық пен жақсыздық категориясын бөліп көрсетеді. Оның ішінде жақтылық категориясына жіктелуге қабілеті бар барлық зат есімдерді, ал жақсыздық категориясына жіктелуге қабілетсіз, яғни жіктік жалғауын қабылдамайтын зат есімдерді жатқызады. Ғалым К. Аханов жіктік жалғауын жақтық мағынаның көрсеткіші ретінде анықтап, қазақ тілінде етістіктермен қатар баяндауыш қызметінде жұмсалғанда зат есім, сын есім, сан есім және кейбір есімдіктердің де жіктелетінін атап көрсетеді. Есім сөздердің жіктік жалғауын қабылдап, тұлғалық өзгеріске түсуін баяндауышты бастауышпен қиыстыра байланыстырудың негізгі шарты ретінде түсіндіреді. Ғалым Н. Оралбай зат есімдердің жіктелуін олардың синтаксистік қызметімен байланыстырады. Жіктік жалғаулары баяндауыш болатын сөздерге жалғанатындықтан,

зат есімдер де баяндауыш қызметінде жіктеу жүйесімен толық түрленеді. Ал басқа мағыналық топтары қолданылу ыңғайына қарай субъектілік мәнге ие болған жағдайда ғана жіктік жалғауын қабылдайды. Сондықтан жақтық мағынаның етістіктерден болған баяндауыш арқылы берілетінін негізге алсақ, зат есімнің жіктік жалғауын қабылдауын оның синтаксистік қызметі тұрғысынан түсіндіру қажет. Ал жақ категориясы, негізінен, етістіктерге тән грамматикалық категория ретінде қаралады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
2. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы 1992.
3. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
5. *Исаев С.* Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997.
6. *Маманов Ы.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
7. *Серебренников Б. А., Гаджиева Н. З.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.
8. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
9. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
10. *Оралбай Н.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар, 2011.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Зат есімнің грамматикалық категориялары, түрлері.
2. Зат есімнің жекелік-көптік мағынасы, берілу жолдары.
3. Көптік (сандылық) категориясы, берілу тәсілдері.
4. Зат есімнің тәуелдік категориясы және тәуелдік мағынаның берілу жолдары.
5. Септік категориясы мен септік жалғауларының арақатынасы, мағынасы мен қызметі.
6. Зат есімнің жіктелуі, ерекшелігі.

6. Сын есім

Сын есімдер есімдер тобында зат есімдерден кейін өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылып, басқа сөз таптарынан мағыналық, тұлғалық, құрылымдық сипатымен ерекшеленеді. Түркі тілдерінде сын есімді алғаш сөз еткен – профессор Казем-Бек. Ол

өзінің «Түрік-татар тілінің грамматикасы» еңбегінде сын есімнің шырай категориясын қарастырады. Сын есім туралы деректер алтай тілі грамматикасында да кездеседі. Онда әрбір сапалық сөздің түбір күйінде әрі сын есім, әрі үстеу сөз болатыны, сол сияқты кейбір сөздер әрі зат есім, әрі сын есім ретінде қолданылатыны айтылады. Мұндай тілдік құбылыстар қазіргі қазақ тілінде де сақталған.

Жалпы тіл білімінде сын есім мәселесін И. А. Батманов (Части речи в киргизском языке.- Фрунзе, 1936), Н. П. Дыренкова (Грамматика ойротского языка.-М-Л.,1940, Грамматика шорского языка.-М-Л.,1941), А. П. Кононов (Грамматика узбекского языка. -Ташкент, 1948), Н. А. Баскаков (Ногайский язык и его диалекты.-М-Л.,1940), Н. К. Дмитриев (Грамматика кумыкского языка. -М-Л.,1940, Грамматика башкирского языка. -М-Л.,1948) т.б. ғалымдар зерттеді.

Қазақ тіліндегі сын есімді алғаш сөз еткендер – М.Терентьев (Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская.-СПБ,1878), П. М. Мелиоранский (Краткая грамматика казах-киргизского языка.-СПБ,1894), В. В. Катаринский (Грамматика киргизского языка, фонетика, этимология и синтаксис. -Оренбург, 1897).

П. М. Мелиоранский қазақ тіліндегі сын есімнің, сырт қарағанда, зат есімнен еш айырмашылығы жоқтығын айтқанымен, оның негізгі және туынды түрлері барлығын, туынды түрі жұрнақтар арқылы жасалатынын көрсетіп, олардың мағынасын ашуда біршама ізденістер жасаған. Ал В. В. Катаринский аталған еңбегінде сын есімдерді сапа және қатыстық сындары деп екі топқа бөліп қарастырады. Алайда сын есімдердің мағыналық түрлерін жіктеуде, олардың аражігі нақты көрсетілмейді, сондай-ақ қатыстық сын есімдерге тілдегі сын есімнің орнына қолданылатын зат есімдерді жатқызады (*ағаш үй, алтын сағат*, т.с.с.).

Сын есім жөніндегі түрліше көзқарастар қазақ тілін зерттеуші түркітанушы ғалымдардың ғана емес, қазақ зерттеуші ғалымдарының еңбектерінде де айтылады. А. Байтұрсынов сын есімдерді тек сыны және сыр сыны деп екі түрге бөліп, тек сынына нәрсенің тегін көрсететін *ағаш (аяқ), күміс (қасық), қағаз (ақша)* т.с.с. сөздерді, ал нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсететін *биік, аласа, толық, олақ, көк, жасыл* т.с.с. сөздерді сыр сынына жатқызады. Ғалым қатыстық сын есім туралы сөз етпегенімен, қатыстық сын есім жасаушы кейбір жұрнақтарды зат есім мен етістіктің ішінде қарастырған. Ал С. Аманжолов, І. Кенесбаев анықтауыш қызметіндегі зат есімдерді

сын есімдер деп түсіндіріп, сын есімдерді мағыналық сипатына қарай тек сыны (*ағаш үй, алтын жүзік*), функционалдық сын (*шай қасық*, т.с.с.) деп топтастырады. Қ. Жұбанов заттың не істің тұрақты белгісін сан белгі және сипат белгіге бөліп, «заттың не істің сипат белгісін көрсететін түбірді» сын есім деп атайды. Сондай-ақ тек сыны жөнінде «сөз таптарының бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: *ағаш, темір* сияқтылар тек зат есім, *жақсы, ұзын* тек сын есім болып, шекараларын түгел ашып болған топтар» деп, сын есімге жатқызылған кейбір зат есімдердің аражігін бөліп көрсетеді.

Сын есім, оның мағыналық топтарының арақатынасы жөніндегі мәселе Н. Сауранбаевтың еңбегінде де қарастырылады. Ғалым сын есімдерді мағыналық сипатына қарай сыр сыны, қатыстық сын, *өнер сыны және салыстырмалы сын* деп 4 түрге бөліп, сыр сынына сапалық сындарды, қатыстық сынға заттың идеялық тегін, мекендік, мезгілдік белгісін, өзгешелік, ерекшелік қасиетін білдіретін сөздерді (*саяси, мәдени, кешегі, жарамды*), өнер сынына заттың (*адамның, малдың*) бір өнерге, қасиетке бейім екенін білдіретін сөздерді, ал салыстырмалы сынға заттың сапасын, белгісін басқа затпен салыстырып көрсететін -дай, -дей тұлғалы сөздерді жатқызады.

Сын есімді өз алдына жеке сөз табы ретінде тануға Ғ. Мұсабаев, Ж. Шәкенов, т.б. ғалымдардың пікірлері де негіз болды. Ғ. Мұсабаев, біріншіден, сын есімді зат есімнен бөліп алуға негіз, онда форманттың жоқтығы, екіншіден, сын есімнің синтаксистік қызметі, негізінен, анықтауыш екендігін айта отырып, осы белгілер оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатындығын көрсетеді. Ал Ж. Шәкенов сын есім мәселесінде бұрын-соңды айтылған пікірлерді қамти отырып, қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясын белгілі жүйеге түсіріп қарастырады.

Тіл ғылымында сын есімдерге берілген ғылыми анықтамалар да әртүрлі. Мысалы, Ә. Төлеуов сын есімді «заттың сынын, сапасын, түсін, белгісін, көлемін, сипатын білдіретін сөз табы» десе, А. Ысқақов «заттың сапасын, сипатын, қасиетін, салмағын, түсін және басқа сол сияқты сыр-сипатын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын» сын есім деп атайды. Ал «Қазақ грамматикасында» сын есім «семантика-грамматикалық мағынасы, морфологиялық ерекшеліктері мен сөз тудыру, сөз өзгерту амалының жүйесі, синтаксистік қызметі мен қолданылуы жақтарынан қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі» деп сипатта-

лады. Бұл анықтамалардың ішінен сын есімнің сөз табы ретіндегі өзіндік ерекшелігін жан-жақты, толық көрсететін – соңғы анықтама. Онда сын есім тек заттың сындық белгісін білдіруімен ғана шектелмей, сол сияқты семантикалық сипаты, морфологиялық құрылымы, синтаксистік қызметімен де ерекшеленетін сөз табы ретінде анықталады.

Сын есім – заттың салмағын, сапасын, сипатын, түр-түсін, көлемін, аумағын, басқа да түрлі сындық белгілерін білдіретін сөз табы. Осыған орай сын есімдер басқа сөз таптарынан мағынасы, морфологиялық белгілері және синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленеді.

Сын есімдер заттың әртүрлі сындық, сапалық белгісін тікелей немесе басқа заттардың қатысы арқылы сипаттайды. Заттың сынын білдіру ерекшеліктеріне қарай сын есімдер семантикалық жағынан сапалық және қатыстық сын есімдер болып екіге бөлінеді. Сапалық сын есімдер заттың сынын тікелей білдірсе, қатыстық сын есімдер екінші бір заттың, құбылыстың, амалдың қатысы арқылы білдіреді. Жалпы сын есімге тән негізгі категориялық белгілер мен ерекшеліктер, атап айтқанда, сындық белгінің әртүрлі реңін білдіру, ұлғайту немесе кішірейту, заттану, негізінен, сапалық сын есімдерге тән болады. А. Ысқақов сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден ажыратуда сапалық сын есімдерге тән сөздердің шырай жұрнақтарымен түрленуі, сындық белгіні күшейтетін үстеме буындардың қосылуы және атрибуттық семантикалық ерекшелігіне қарай адвербиалдық қызмет атқаруы тәрізді белгілерін негіз етіп алады. Н. Оралбай сапалық сын есімдерді заттың тұрақты сындық белгісін басқа затқа қатыссыз тікелей білдіретін сөздер ретінде анықтайды. Ғалым сапалық сын есімдердің өзіне тән мынадай белгілерін көрсетеді: 1) шырай категориясының парадигмасы бойынша толық түрленеді; 2) өзара антонимдік қатар құрайды; 3) синонимдік қасиетке ие; 4) туынды түбір жасау қабілеті күшті. Бұл белгілер де сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден ерекшелендіреді.

Қатыстық сын есімдер де сапалық сын есімдерден бірнеше белгілері арқылы ажыратылады. Ең басты ерекшелігі – қатыстық сын есімдердің шырай жұрнақтарымен түрленбеуі. Қатыстық сын есімдер, негізінен, сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Бірақ бұдан қатыстық сын есімдер ғана туынды түбірлі болып келеді, ал сапалық сын есімдер тек негізгі түбірлерден

жасалады деген ұғым тұмауы керек. Сапалық сын есімдердің арасында да туынды түбірлі сөздер молынан кездеседі. Мысалы: *ашық, жабық, көреген, сүзеген, қызыл, сары, ұзын*, т.б. Бірақ мұндай сөздер тілдің тарихи дамуы барысында түбегейлі түрде сапалық мағынаға ауысып, өзінің бастапқы қалпынан (түбір және қосымша) мүлдем ажыраған. Ы. Маманов туынды сын есімдердің барлығын жаппай қатыстық деп танитын жалаң формалды көзқарасты сынға ала отырып, сапалық сынды қатыстық сыннан ажыратудың басты белгісі ретінде сын есімдердің шырай формаларымен түрлену-түрленбеуін ұсынады. Сондықтан шырай жұрнақтарын қабылдайтын негізгі және туынды сын есімдер сапалық, ал шырай жұрнақтарын қабылдамайтын сын есімдер қатыстық болып табылады. Сын есімнің мағыналық топтарының арасындағы айырмашылық сапалық сындардың заттың түрлі белгісімен қатар қимылды да анықтауы және түрленуі, ал қатыстық сындардың тек заттың ғана түрлі затқа не қимыл-әрекетке қатысты белгілерін анықтауымен сипатталады.

Қатыстық сын есімдер басқа сөз таптарынан жасалатындықтан, олардың мағынасы сол сөздердің мағынасымен, яғни бастапқы мағынасымен байланысты болады. Мысалы: *таулы – тауы бар жер, сулы – суы бар жер, жылжымалы – жылжу қимылына қатысты, ашушаң – тез ашуланатын*, т.б.

Сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң сын есімдер негізгі және туынды түбірлі болса, күрделі сын есімдер, кем дегенде, екі сөзден құралып, бір бүтін күрделі тілдік бірлік ретінде қолданылады.

Қазақ тіл білімінде сын есімнің ең басты мәселесі болып табылатын шырай категориясын алғаш зерттеген Ғ. Мұсабаев «Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары» (А., 1951) еңбегінде сын есімнің шырай категориясын ғана қарастырмай, оның дербес сөз табы болуының мынадай негізгі белгілерін де көрсетеді: 1) лексикалық мағынасының болуы; 2) шырай жұрнағын жалғай алуы; 3) зат есімге тән қосымшалардың тікелей қосылмайтындығы; 4) сөйлемде анықтауыш мүше қызметін атқаруы. Бұл белгілердің қатарында шырай жұрнақтарын қабылдауы да сын есімнің дербес сөз табы болуының бірден-бір негізі, белгісі ретінде анықталады. Нақтылап айтсақ, зат есімнің грамматикалық ерекшелігі оның көптелу, септелу және тәуелденуі арқылы анықталса, сын есімнің грамматикалық ерекшелігі оның шырай категориясы арқылы түрленуімен сипатталады.

Шырай категориясы – заттың бір түрлі сындық белгісінің түрлі дәрежеде болуын білдіретін грамматикалық категория. Грамматикалық категорияның бұл түрі сапалық сын есімге тән. Мұндай тұжырым тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркі тілдерінде де қалыптасқан. Қазақ тілінде сын есім шырайларына қатысты қарама-қайшы тұжырымдар бар. Ондай қарама-қайшылықтар мынадай жағдайларда көрініс табады: 1) шырай түрлері және саны, 2) шырай жұрнақтарының қызметі. «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде шырай категориясын сапалық сын есімге тән грамматикалық категория ретінде анықтап, мынадай түрлерге бөледі: 1) жай шырай, 2) салыстырмалы шырай, 3) күшейтпелі шырай, 4) асырмалы шырай. Ал «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) шырайдың төрт түрін көрсетеді. Олар: салыстырмалы шырай, бәсең я шағын шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы-үдетпелі шырай. «Қазақ грамматикасында» (2002) сапалық сын есім шырайларының тек екі түрін, атап айтқанда, салыстырмалы және күшейтпелі шырай түрлерін көрсетеді. Қазақ тілі грамматикаларындағы шырай түрлерінің топтастырылуы мен аталуы жағынан бірізділік жоқ. Мәселен, жай шырай кейінгі грамматикаларда көрсетілмейді. Ал екінші еңбекте бәсең я шағын шырай түрі көрсетілсе, соңғы грамматикада шырайдың тек екі түрі ғана қамтылған.

Сапалық сын есімдердің шырай түрлері А. Байтұрсынұлы, А. Ысқақов, Н. Оралбай, т.б. ғалымдардың еңбектерінде де түрліше анықталады. Ғалым А. Байтұрсынұлы шырай категориясын сыр сынына қатысты қарастырады. Ғалымның пікірінше, сыр сынында үш шырай бар: 1) жай шырай, 2) талғаулы шырай, 3) таңдаулы шырай. Анықтамасы, жасалу жолы жағынан талғаулы шырай салыстырмалы шырайды, таңдаулы шырай күшейтпелі шырайды ауыстыра алады. Нәрсенің сикын артық-кем демей жай көрсететін шырайды жай шырай деп атайды. Мысалы: *тентек бала, биік ағаш, қызыл шүберек*, т.б. Нәрсе сикының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсететін шырай талғаулы шырай деп аталады. Ғалым талғаулы шырайдың екі түрлі жасалу жолын көрсетеді: 1) -рак/ -рек талғау қосымшалары арқылы: *жақсырақ, жаманырақ, кішірек* т.б.; 2) күшейткенде сөз қосылып айтылуы арқылы: *қыстан күз жылы, ағаштан темір берік, айраннан қымыз жақсы*, т.б. Нәрсенің сикы өте артық екенін көрсететін шырайды таңдаулы шырай деп атап, оның екі түрлі жасалу жолын көрсетеді: 1) жай шырайдағы сөздің алдына *ең, нақ, тап, тым, бек, хас* сөздерінің қосылып айтылуы арқылы: *ең жақсы, тым қорқақ*,

бек нәзік, т.б.; 2) жай шырайдағы сөздің бас дыбыстары бөлек алынып, оған «п» дыбысы жалғанып, сөз бөлектенген дыбыстардың сөз алдына қойылып айтылуы арқылы: *ап-анық, қып-қысқа, шоп-шолақ*, т.б. Шырайды түрлеріне қарай А. Ысқақов жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы шырай деп төртке бөлсе, Н. Оралбай сындық белгіні негізгі, төменгі және жоғарғы дәрежесіне қарай анықтап, соның негізінде шырайдың жай шырай, салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай түрлерін көрсетеді. Сапалық сын есімнің шырайлары жекелеген зерттеулерде де сан жағынан түрліше топтастырылып, түрліше аталады. Жоғарыдағы пікірлерді негізге ала отырып, қазақ тілінде сапалық сын есімнің салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы шырай тәрізді үш түрін бөліп көрсетуге болады.

Бір заттың сынын, сапасын екінші заттың бір тектес белгісімен салыстырып, сол салыстырылатын белгілердің бір-бірінен сәл кем я артық екенін білдіретін сапалық сын есімнің шырайы салыстырмалы шырай деп аталады. Салыстырмалы шырай екі түрлі жолмен жасалады: 1) *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу, -ғыл/-гіл, -ғылт/-қылт, -ғылтым/-қылтым, -шыл/-шіл, -шылтым/-шілтім, -ғыш, -ілдір* жұрнақтарының сын есім түбірге жалғануы арқылы. Мысалы, *жасылырақ, үлкенірек, жақсырақ, кішірек, үлкендеу, кішілеу, қысқалау, сұрғылт, ақшылтым* т.б.; 2) салыстырылатын зат не құбылыс шығыс септігінде тұрып, одан кейін сын есімнің айтылуы арқылы. Мысалы, *менен үлкенірек, ана есептен қиынырақ, ағасынан кішірек*, т.б.

Заттың бастапқы сапасын, сындық белгісін күшейтіп көрсететін шырай күшейтпелі шырай деп аталады. Күшейтпелі шырай сапалық сын есімдерге күшейткіш буындарды еселеу арқылы жасалады: *сапсары, тап-таза, жап-жасыл*, т.б.

Белгілі бір заттың, құбылыстың бастапқы негізгі сындық, сапалық белгісін тым асыра немесе тым төмендетіп көрсететін шырай түрі асырмалы шырай деп аталады. Асырмалы шырай, негізінен, сөз алдынан күшейткіш көмекшілердің қосылуы арқылы аналитикалық жолмен жасалады: *тым биік, ең әдемі, өте жақсы, аса салмақты*, т.б. Ғалым Н. Оралбай мұндай сын есімдерді күшейтпелі шырай тұлғасындағы аналитикалық сөзтұлғаға жатқызады.

Н. К. Дмитриев түркі тілдерінде сын есімдер шырайының абстрактілі және конкретті деп аталатын түрлерін бөліп көрсетеді. Абстрактілі салыстыру тәсілдеріне, негізінен, сапаны күшейту

және бәсеңдету жолдарын жатқызады. Мысалы, *көк – көкішіл, сары – сарғыш*, т.б. Сонымен қатар түркі тілдерінде сапаны күшейтудің аналитикалық және синтетикалық жолдарының бар екендігін атап көрсетеді. Мысалы, *кіші – ең кіші, үлкен – ең үлкен, жақсы – ең жақсы*, т.б. Ал сапаны күшейтудің синтетикалық жолы сын есімдердің қайталануы арқылы қалыптасқан. Мысалы: *сары-сары, ақ-ақ, қара-қара*, т.б. Осындай қайталаудан кейіннен тілдің даму барысында *сап-сары, аптақ, қап-қара* тәрізді сын есімдер қалыптасқан. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде салыстырмалы шырай *-ырақ/ -ірек, -рақ/ -рек* жұрнақтары арқылы синтетикалық жолмен жасалады.

Сонымен, шырай категориясы сапалық сын есімнің семантикалық және грамматикалық жағынан түрленуіне негіз болып, бастапқы мағынасын түбегейлі өзгертпегенмен, оған сәл де болса қосымша реңк, мән үстейді.

Шырай жұрнақтарына қатысты түрліше көзқарастар, көбінесе, шырай жұрнақтарының ішіндегі кейбір қосымшалардың бірде сөз тудырушы, бірде форма тудырушы жұрнақтар қатарында қарастырылуына байланысты туындайды. Бұл, әсіресе, *-шыл/ -шіл, -ғыш/ -гіш, -ғылт, -қай* жұрнақтарына қатысты. Ғ. Мұсабаев *-ғыл, -ғылт, -ғылтым, -шыл, -шіл* жұрнақтарын шағын шырай деп қараса, А. Ысқақов бұл жұрнақтарды салыстырмалы шырай тудыратын өнімсіз жұрнақтар ретінде қарастырады. Ал Ы. Маманов «жалпы тіл білімі қағидасы бойынша, бір категорияға жататын грамматикалық формалардың қосымшалары бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Ал *сарғыш, ақшыл, қоңырқайлау* деп шырай формаларымен түрлендіруге болады. Олай болса, *-ғыш, -шыл, -қай* қосымшаларын форма тудырушы қосымша деп тану дұрыс емес. Бұлар – сөз тудырушы қосымшалар. *-ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау -теу* қосымшалары сапалық сын есімге түгелдей жалғанады, ал *-ғыш/ -гіш, -ғылт/ -шыл* қосымшалары бірді-екілі сөздердің ғана құрамында кездеседі, сонымен қатар *ақшыл, сарғыш, сұрғылт* сөздерінің өзі шырай формасымен түрленеді» деп, *-ғыш, -шыл, -ғылт* қосымшаларын шырай формасының грамматикалық көрсеткіші емес, сөз тудырушы қосымшаларға жатқызады. Мұндай тұжырым Н. Оралбайдың еңбегінде де жасалады. Ғалым *-ғыл, -ғылт, -қыл, -қылт, -шыл, -шіл, -ақ* сияқты бір топ жұрнақтарды шырай жұрнақтарына жатқызбай, сөзжасамдық жұрнақтар ретінде қарастырады.

«Қазақ грамматикасында» аталған қосымшаларды салыстырмалы шырай жұрнақтары ретінде қарастырып, одан кейін шырай

жұрнақтарының жалғануын тілдік құбылыстардың, заңдылықтардың өзгеріп отыруымен байланысты түсіндіреді. Сондықтан кейбір шырай жұрнақтарының қызметі мен қолданысындағы мұндай ерекшеліктерді тілдік заңдылықтардың өзгеріп, дамып отыруымен байланысты қарастыру да ғылыми тұрғыдан негізсіз емес.

Сын есімдер сөз табы ретінде басқа сөз таптарымен тығыз байланыста болады. Бұл байланыс тілдегі сөз таптарының бір-біріне ауысу үдерісі арқылы жүзеге асады. Қазақ тілінде сын есімдер, негізінен, заттануға бейім сөз таптарының біріне жатады. Сын есімнің зат есімге ауысуы заттану немесе субстантивтену деп аталады. Заттану үдерісінде сын есімдер зат есімге түбегейлі немесе уақытша, белгілі бір контекст жағдайында ғана ауысады. Осыған орай сын есімдердің заттануын толық заттану және уақытша заттану деп екіге бөлуге болады. Мысалы, *жақсының сөзі, үлкенді тыңдау, кішіге қамқор болу*, т.б. Мұндағы сын есімдер зат есімдердің орнына қолданылып, белгілі бір контекст жағдайында уақытша заттанған. Ал *бала, жас, жарық, сұлу, бай, батыр, жарлы, кедей* сөздері, Қ. Жұбановтың пікірімен айтсақ, зат есім мен сын есімге ортақ есімдер. Зат пен сын орнына бірдей жүретін мұндай сөздерді А. Байтұрсынұлы зат-сын, ал жалғыз сынды көрсететін сөздерді жай сын деп атайды. Н. Оралбай сын есімнің заттануын контекстік және лексикалық заттану деп екіге бөледі. Сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік жалғауларының бірінің жалғанып қолданылуы да осы заттану құбылысымен байланысты.

Сын есімдер заттанумен қатар адвербиалдануға да бейім. Бұл бейімділік сын есімдердің кейбір үстеу сөздермен байланысы негізінде анықталады. Мысалы: *жақсы бала жақсы оқиды* дегендегі жақсы сөзі бірінші жағдайда сын есім ретінде анықтауыш қызметін атқарса, екінші жағдайда сын есім бола тұра, сөйлемде пысықтауыш қызметінде қолданылған. А. Ысқақов кейбір сын есімнің әрі анықтауыш, әрі пысықтауыш болуын, сондай-ақ оның әрі зат есімге, әрі етістікке тіркесуін сын есімге тән ерекшеліктің бірі деп танып, онда (сын есімде) әрі адъективтік, әрі адвербиалдық қасиеттің бар екендігін айтады.

Сын есім, зат есім, үстеу сөз таптарының бірінің орнына бірі алмасып қолданылуы бір жақты құбылыс емес. Жоғарыда аталған құбылыстарға қарама-қарсы, яғни басқа сөз таптарынан сын есімге ауысатын сөздер де бар. Тілде бұл құбылыс адъективтену, яғни зат есімнің және басқа да сөз таптарының сын есімге ауысуы ұғымымен

белгіленеді. Адъективтену құбылысы сын есімнің семантикалық тәсіл арқылы жасалуы ретінде де түсіндіріледі. Оған тілдегі *алаған, береген, қабаған* тәріздес сын есімдер дәлел бола алады. Сондай-ақ бастапқы мағынаның делексикалануы немесе бастапқы тұлғасының өзгеруі, яғни деформалануы арқылы қалыптасқан сын есімдер де осы құбылыстың нәтижесі. «Қазақ грамматикасында» (2002) адъективтену құбылысын құрамына қарай жалаң, күрделі, шығу тегіне қарай сын есімді, егістік негізді және аралас түрдегі адъектив деп бөледі.

Сонымен, сын есім – лексика-семантикалық сипаты және грамматикалық құрылысы жағынан күрделі, басқа сөз таптарынан мағынасы, түрлену жүйесі және қызметі арқылы ерекшеленетін сөз табы.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Шәженов Ж.* Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1961.
2. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
3. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. *Төлеуов Ә.* Сөз таптары. – Алматы, 1982.
5. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
6. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
7. *Маманов Ы.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
8. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Қазақ тіл білімінде сын есімнің зерттелуі.
2. Сын есімнің мағынасы, морфологиялық белгісі және қызметі.
3. Сапалық сын есімдер, құрамы, мағынасы.
4. Қатыстық сын есімдер, ерекшелігі, құрамы, мағынасы.
5. Жалаң және күрделі сын есімдер.
6. Шырай категориясы, түрлері, грамматикалық көрсеткіштері.
7. Шырай жұрнақтарының грамматикалық сипаты.

7. Сан есім

Лексика-грамматикалық ерекшеліктері, яғни құрамына енетін сөздердің лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық

және синтаксистік бірыңғайластығы жағынан дербес лексика-грамматикалық категория ретінде қаралатын сөз табының бірі – сан есім. Мағыналық және қызмет сипатына қарай сан есімдер сын есімдерге ұқсас келеді. Ол ұқсастық: сын есімдер заттың түрлі сындық белгісін білдірсе, сан есімдер зат есімдермен тікелей байланысып, заттық ұғымның әртүрлі сандық сипатын білдіреді. Мысалы, *қалың кітап – төрт кітап, әдемі қалам – он қалам*, т.с.с. Сан есімдер де, сын есімдер сияқты, зат есіммен тікелей байланысады. Бірақ сан есімнің сын есімнен ерекшелігі: зат есіммен тіркеспей де қолданылады. Зат есіммен тіркесіп не тіркеспей жеке-дара қолданылуы сан есімнің семантикасына да әсер етеді. Сан есімдердің жалпы сандық ұғымдардың (*бір, бес, жеті*, т.б.) атауын білдіруі олардың зат есімсіз қолданысына байланысты. Ал кері жағдайда, яғни зат есіммен тіркескенде, олар жалпы сандық ұғымды емес, өзі тіркескен заттың нақты, дәл санына қатысты мағынаны білдіреді. Мысалы: *бес – бес студент, 201 – екі жүз бірінші бөлме*. Мұның алғашқыларында сандық мағына жалпы, абстрактілі болса, соңғыларында сан есімдер зат есіммен тіркесіп, заттың нақты санын білдіріп тұр. Бұдан сан есімдердің нақты сандық ұғымды білдіруі зат есімдермен тіркесіп қолданылуына байланысты екендігі көрінеді.

Сан есімдердің сөз табы ретіндегі ерекшелігі олардың сөз таптары жүйесіндегі орны, мағыналық сипаты, қызметі және басқа сөз таптарымен арақатынасы негізінде анықталады. А. Байтұрсынұлы сан есімді нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер ретінде анықтаса, Қ. Жұбанов сан есімді «заттың не істің сан белгісін көрсететін, реттік үстеуін ертетін, зат есімге де, етістікке де анықтауыш бола алатын, анықтауыш күйінде өзі мен анықталушысының аралығына зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сын есім анықтауышты еркін салатын түбір» деп сипаттайды. Ғалым сан есімнің зат есім анықтауышты амалсыз салуы мен сын есім анықтауышты еркін салуын мынадай мысалдармен түсіндіреді: *биік тас үй, екі тас үй* деген мысалдардағы бірінші жағдайда *үй* сөзін сын есім (*биік*) мен зат есім (*тас*) анықтауыштар анықтап тұрса, екінші жағдайда сан есім (*екі*) мен зат есім (*тас*) анықтауыштар анықтап тұр. Бұл жағдайда сан есім (*екі*) өзі мен *үй* сөзінің арасына зат есім (*тас*) анықтауышты амалсыз салып тұр.

Сан есімдер мағынасы мен қызметі жағынан сын есімдерге сырттай ұқсас болғанымен, олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың ұқсастығы екі сөз табының да зат есімді анықтауымен байланысты

болса, айырмашылығы сол анықтаудың әртүрлілігімен, яғни сын есімдердің зат есімдерді сапалық белгісі, түр-түсі, қасиеті жағынан, ал сан есімдердің зат есімдерді сан-мөлшері, реті, шамасы жағынан анықтауымен сипатталады.

Сөз таптары жүйесінде сан есімдер, негізінен, белгілі бір заттық ұғымдар мен құбылыстардың нақты санын, ретін, мөлшерлік, болжалдық, бөлшектік есебін айқындау үшін қолданылады. Жалпы алғанда, сандық ұғымды білдіретін сөздер заттың әрі нақтылы сандық мөлшерін, әрі абстрактілі сан атауын да білдіру қызметін атқарады. Мысалы, *төрт, он, отыз* – абстрактілі сан атауы; *төрт ай, он күн, отыз бала* – нақты сандық ұғым.

Тілімізде семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін, бірақ сан атауы ретінде қолданылмайтын сөздер де бар. Мұндай сан мағыналы сөздерді ғалым Ә. Хасенов үш түрге бөледі: 1) сан есімнің тура, яғни дәл сан мағынасын білдіретін сөздер; 2) абстрактілі сан ұғымды сөздер; 3) септік (нумеративтік) сөздер. «Қазақ грамматикасында» мұндай сөздерді салмақ, көлем, қалыңдық, қашықтық, ұзындық және т.б. топтарға бөліп көрсетеді. Аталған сөздер сандық ұғымда қолданылғанмен, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сан есімдерден басқа сөз таптарының ішінде қарастырылады.

Сан есім – өзіне тән арнайы грамматикалық категориясы жоқ, сондықтан түрленбейтін сөз таптарының бірі. Ғалым Н. Оралбай сан есімдердің осы ерекшелігін сөздерді таптастырудың екінші ұстанымына (морфологиялық) сәйкес келуі не келмеуі тұрғысынан саралап, сан есімдер таза сандық мағынада қолданылғанда зат есім парадигмалары бойынша түрленетіндігін атап көрсетеді. Мысалы: *бесті беске қосса, он болады*. Сан есімдер түрленбейтін сөз табы бола тұра, оның кейбір мағыналық топтарының септік, көптік жалғаулары арқылы жасалатыны туралы қалыптасқан тұжырымдар бар. Осындай тұжырымдарды Ы. Маманов өз тарапынан саралап, құрамында шығыс септігі және көптік жалғауы бар сан есімдердің мағынасына талдау жасайды. Ғалым жалпы грамматикаларда *бестен үшті алса, екі қалады* дегендегі *бестен* сөзін шығыс септік деп, *оқушыларға дәптерді бестен, қарындашты екі-екіден үлестірді* дегендегі *бестен, екі-екіден* сөздерін мағыналық ерекшелігіне бағындырып, топтау сан есімі деген атпен екінші категорияға жатқызатындығын айтады. Сондай-ақ септік сан есімдердің *-лар/ -лер* қосымшасы жалғанған түрін болжалдық сан есім деп атап, оны өз алдына сан есімнің жеке семантикалық тобы деп үйрету, осы тәрізді бір

грамматикалық форманы контекстегі немесе түбір сөздің семантикасына байланысты туатын әртүрлі мағыналарына бағындырып, әр жеке грамматикалық құбылыс деп қараушылық түркі тілі грамматикаларында жиі кездесетіндігіне назар аудартады. Соның негізінде көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекске және түбір сөздің семантикасына сәйкес әртүрлі мағыналық қырлары болатындығын дәлелдеп, сан есімнің шығыс септік формасы (*бестен, бес-бестен*) мен көптік формасын (*ондар, жүздер*) мағынаға бағындырып, грамматикаларда бірін топтау сан есімі, екіншісін болжалдық сан есім деп атап, сан есімнің лексика-семантикалық топтарына жатқызу ғылыми тұрғыдан негізсіз екендігін анықтайды. Ғалымның сан есімнің мағыналық топтарының құрамындағы мұндай қосымшаларды «сөз тудырушы емес, сөздің грамматикалық формасын жасаушы бірліктер санатына жатқызуы» сан есімдер құрамындағы грамматикалық формалардың мағыналық қырларын кеңінен қарастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Морфологиялық құрамы жағынан сан есімдер дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сан есімдерге негізгі және туынды сан есімдер жатады. Сан есімдердің басты ерекшелігі оның басқа сөз таптарынан жасалмауы болғандықтан, туынды сан есімдер негізгі сан есімдерге *-ыншы/-інші, -нишы/-ниші, -ау/-еу, -даған/-деген, -ер* жұрнақтары мен ілік және шығыс септігі жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Ал күрделі сан есімдер дара сан есімдердің тіркесуі және қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы, *он бес, он-он бір, бес-алтау, он тоғыз, қырық екі*, т.б. Күрделі сан есімдердің құрамындағы сандар бір-бірімен өзара қосылмалы және көбейтілмелі жолмен байланысады. Мысалы: *он тоғыз, он бес, жиырма бір* – қосылмалы жол, *үш жүз, бір мың* – көбейтілмелі жол. Ғалым А. Ысқақов күрделі сан есімдердің жасалуындағы мұндай жолдарды оның негізгі тәсілдері ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ аталған тәсілдердің мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді: 1) күрделі қосылмалы сандар тек он бір мен тоқсан тоғыз, жүз бір мен тоғыз жүз тоқсан тоғыз, одан әрі осылай жалғаса береді; 2) күрделі қосылмалы сандар үнемі жоғары дәрежелі саннан басталып, төменгі дәрежелі санмен аяқталады. Мысалы: *жүз бір, тоқсан үш*, т.б. Күрделі көбейтілмелі сан есімдер, керісінше, үнемі төмен дәрежелі сандармен басталып, жоғары дәрежелі сандармен аяқталады. Мысалы: *бес жүз, он мың, тоғыз жүз*, т.б. Күрделі сан есімдер тек бірыңғай көбейтілмелі немесе қосылмалы тәсілмен ғана жасалмайды, екі тәсілдің араласуы арқылы

жасалатын сан есімдер де кездеседі. Мысалы: *үш мың төрт жүз елу бес* – үш мың – мыңдық көбейтілмелі, төрт жүз – жүздік көбейтілмелі, елу бес – қосылмалы сан. А. Ысқақов күрделі сан есімдердің мұндай түрін аралас күрделі сан есімдер деп атайды. Күрделі сан есімдердің екі түрлі жасалу жолы Н. Оралбайдың еңбегінде де қарастырылады. Ғалым күрделі сан есімнің мағынасы оның құрамындағы сандардың мағынасынан екі түрлі жолмен, атап айтқанда, күрделі санның құрамындағы сандарды бір-біріне қосу және көбейту арқылы үшінші санның аты жасалатындығын айтады. Сондай-ақ қазіргі кезде дара туынды сан есімдер қатарында қарастырылып жүрген *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* сан есімдерінің де бастапқыда күрделі сан болғандығын, оған алпыс, жетпіс сандарының құрамындағы *-пыс, -піс* сөздері бастапқыда ондық мәнін бергенін, ал *сексен, тоқсан* сандары *сегіз, тоғыз* сандарына он санының кірігуі арқылы қалыптасқандығы туралы тілдік деректер келтіреді.

Сан есімдерді семантикалық топтарға бөлуде олардың заттың немесе қимылдың санын түрліше білдіруі негізге алынады. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тіліндегі сан есімдер семантикалық жағынан бірнеше топқа бөлінеді.

Ғалым А. Байтұрсынов сан есімдерді есептік, реттік және темілдік сан есімдер тәрізді үш топқа бөліп, заттың есебін көрсететін сан есімдерді есептік, ретін көрсететін сан есімдерді реттік, ал нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сан есімдерді темілдік деп атайды. Бұл топтастыруда жинақтау сан есімдері есептік сан есімнің бір түрі ретінде қаралса, темілдік сан есімдер қатарындағы сөздер (*жарты, жарым, ширек*) сан есімге жатпағанымен, сан есімнің бұл түріне берілген анықтама бөлшектік сан есімдердің сипатына сәйкес келеді. А. Ысқақов, Н. Оралбай сан есімдердің есептік, реттік, болжалдық, жинақтық, топтық, бөлшектік сан есім тәрізді алты тобын бөліп көрсетеді. Қазақ тілі морфологиясына қатысты ғылыми еңбектерде сан есімдердің мағыналық топтарға бөлінуінде айтарлықтай өзгешелік болмағанымен, қазақ грамматикаларында олардың аталуы мен саны жағынан бірқатар ерекшеліктер бар. Атап айтқанда, «Қазіргі қазақ тілі» (1954) еңбегінде сан есімдер мағынасына қарай есептік сан, реттік сан, болжалдық сан, бөлшектік сан және жинақтық сан болып бес түрге бөлінсе, «Қазақ тілінің грамматикасы» (1967) мен «Қазақ грамматикасында» (2002) есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, бөлшектік және топтық болып алты түрге бөлінеді.

Белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық мөлшерін немесе абстрактілі сандық ұғымды білдіру үшін қолданылатын сан есімдердің мағыналық тобы есептік сан есімдер деп аталады. Есептік сан есімдер сан есімнің басқа мағыналық топтарынан, біріншіден, басқа сөз таптарынан жасалмауымен, екіншіден, әрі заттың сан мөлшерін, әрі дербес абстрактілі сан атауын білдіруімен ерекшеленеді. Мұндай қолданыста есептік сан есімдер тұлғалық өзгеріске ұшырау немесе ұшырамау жағынан да бірдей сипатта болмайды. Заттың сан мөлшерін білдіргенде ешбір өзгеріске түспесе, дербес сан атауы мағынасында қолданылған жағдайда септік жалғаулары арқылы түрленуге түседі. Мысалы, *бес кітап, он студент, отыз бір күн* деген тіркестерде заттың дәл санын білдіретін есептік сан есімдер зат есімнің анықтауышы болғандықтан, ешқандай тұлғалық өзгеріске ұшырамайды, яғни оларға ешбір қосымша жалғанбайды. Ал дербес сан атауын білдіретін *бес, он, отыз* сөздері осы тұлғада келіп, септік, көптік, тәуелдік және жіктік жалғауларын қабылдау арқылы тұлғалық өзгеріске түсе алады. Мысалы: *бестің, бесті, беске, бестен, бестер, (сенің) бесің, (мен) бесің*, т.б. Есептік сан есімдердің бұлайша түрленуі олардың заттануымен байланысты жүзеге асады.

Реттік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық реті мен жүйесін, орын тәртібін білдіреді. А. Байтұрсынұлы есептік сияқты реттік сан есімнің де үлкендете саналатын ерекшелігіне назар аударады. Мысалы: *он бірінші* дегенде әуелі *он*, сосын *бірінші* сан есімі айтылады. Реттікпен саналғанда да, есептікпен саналғандай айтылып келіп, ең соңғы сөздің аяғына *-ншы* жұрнағы жалғанады. Сан есімнің бұл түрі дара және күрделі есептік сан есімдерге *-ыншы/ -інші, -ншы/ -нші* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Ғалым Ы. Маманов сан есімдерді семантика-морфологиялық жағынан топтастыруда тілдің сөздік құрамына енетін түбір сан есімдер де, грамматикалық формалар да, сан есімнің шылау сөздермен тіркесі де жүйесіз түрде, тек мағынаны сүйеу етіп топтастырылғанын атап көрсете отырып, оқулықтарда есептік және реттік сан есімдердің тең праволы семантикалық топтар ретінде түсіндірілетінін, бірақ, дұрысында, *-ыншы/ -інші* – сан есімнің форма тудырушы қосымшасы, ал осы қосымша жалғанған сан есімдерді сан есімнің реттік формасы деп тану керектігі туралы тұжырым жасайды. Оған *-ншы/ -нші* қосымшасының сан есімге түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасауын және өзі жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпей, тек грамматикалық

(реттік) мағына үстейтіндігін негіз етеді. Яғни, сан есімнің реттік формасын (*бірінші, екінші*, т.б.) етістіктің есімше, көсемше формалары, сын есімнің шырай формалары тәрізді солармен тең құқықты грамматикалық форма ретінде қарауды ұсынады.

Түркі тілдерінде реттік сан есімдердің *-нчы/-нші, -мәш (э), -(ы) мчы, - (и) мчи* тәрізді бірнеше қосымшалары бар. Бұлардың ішінде ең өнімдісі – осы *-ншы/ -інші* жұрнағы. Морфологиялық құрамы жағынан реттік сан есімдер де дара және күрделі болып бөлінеді. Сөйлемде санның ретін білдіргенде ешқандай түрлену жүйесіне түспейді, бірақ заттанған жағдайда көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *біріншіге, алтыншылар, бесіншімін, екіншім*, т.б.

Белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін жинақтап көрсететін сан есімдер жинақтық сан есімдер деп аталады. Жинақтық сан есімдер есептік сан есімге *-ау/-еу* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Сан есімнің басқа түрлеріне қарағанда, жинақтық сан есімдердің мағынасында заттық мағына, яғни абстрактілі сан атауы басымдау болғандықтан, сан есімнің бұл түрі сөз түрлендіруші грамматикалық формалардың барлығымен түрленуге бейім келеді. Мысалы: *алтаудың, жетеуі, төртеуіміз* т.б. Жинақтық сан есімдердің заттың санын жинақтап көрсетумен қатар жинақтық мәнді абстрактілі сан атауын да білдіруі сан есімнің аталған тобының өзіндік ерекшелігін танытады. Мысалы: біреу, екеу жинақтық сан есімдерінде әрі жинақтау, әрі сандық атау мағынасы бар. Бұл жағынан жинақтық сан есімдер есептік сан есімдерге ұқсас болады. Ғалым А. Байтұрсынұлы жинақтық сан есімдерді «зат есімдерге тіркелмей сөйленетіндігінен басқарақ айтылады» деп, есептік сан есімдердің бір түрі ретінде қарастырады. Осы ерекшелік, яғни зат есімге тіркеспей, зат есімсіз қолданылуы жинақтық сан есімдерді сан есімнің басқа түрлерінен ажырататын басты белгісінің бірі ретінде сипатталады. Сонымен қатар олар тілімізде небары жеті санына дейінгі сандарды қамтиды. Тек дара туынды түрде ғана қолданылады.

Топтық сан есімдер заттар мен құбылыстардың өзара теңбе-тең сандық мөлшерін білдіру үшін қолданылады. Топтық сан есімдер есептік және жинақтық сан есімдерге *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Бұл қосымшалар грамматикалық шығыс септігінің жалғауы ретінде танылғанымен, сан есімдер құрамында өзінің септік жалғауы қызметіндегі

грамматикалық мағынасынан қол үзіп, топтау мағынасын үстейді. Топтық сан есімдер дара және күрделі түрде болады. Мысалы: *екен, бесден, оннан* немесе *екі-екіден, бес-бесден, он-оннан*, т.б. Топтық сан есімдердің басты ерекшелігі: олар түрленбейді, яғни топтау мағынасында қолданылғанда көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларын қабылдамайды.

Болжалдық сан есімдер зат пен құбылыстың санын дәл, нақтылы түрде емес, тұспалдап, болжап, шамамен білдіру үшін қолданылады. Болжалдық сан есімдер есептік және жинақтық сан есімдерден синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады. Синтетикалық тәсіл арқылы болжалдық сан есімдер есептік және жинақтық сан есімдерге *-ер, -дай/-дей, -тай/-тей, -даған/-деген* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *бірер, жүздей, ондаған, жүздеген*, т.б. Болжалдық сан есімнің құрамында салыстыру мәнді қосымшалардың болуы заттың болжалдық сан мағынасының бір затты екінші бір затпен салыстыру мағынасымен байланыстылығын танытады. Сондықтан болжалдық сан есім жасауда салыстыру, теңеу мәнді *-дай/-дей* жұрнағы өнімді қолданылады.

Болжалдық сан есімдер есептік сан есім мен жинақтық сан есімдердің қосарлануы және сан есімдерге *жуық, астам, тарта, шақты, шамалы*, т.б. көмекші сөздердің тіркесуі арқылы да жасалады. Мысалы: *бір-екі, үшеу-төртеу, жүзге тарта, оннан астам, қырық шақты, елуге жуық*, т.б.

Болжалдық сан есімдердің ішінде, көп жағдайда, қосарлы түрлері ғана заттануға бейім болып, көптік, септік, тәуелдік жалғауларымен түрленеді. Бірақ түрленген жағдайда да олардың болжалдық мағынасы айқындала түседі. Мысалы: *бес-алтауы, алтыс-жетпісті, он-он бірге, жеті-сегіздерде*, т.б. Бұл болжалдық сан есімдердің негізгі белгілерінің бірі ретінде түсіндіріледі.

Белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін, үлесін білдіретін сан есімдер бөлшектік сан есімдер деп аталады. Сан есімнің басқа топтарынан ерекшелігі, біріншіден, бөлшектік сан есімдер таза математикалық ұғымды білдіреді. Сондықтан оның жасалу жолы да математикалық амалдар арқылы жүзеге асады. Екіншіден, сан есімдердің бұл тобы морфологиялық құрамы жағынан тек күрделі түрде болады.

Бөлшектік сандардың бастапқыда таза сандық мағынада қолданылатын сөздердің заттық ұғымға ие болуы жолымен пайда болуы олардың ілік, шығыс септіктері мен тәуелдік жалғауларын

қабылдауына, соның негізінде бөлшектік сан мағынасына ие болуына ықпал етті. Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдердің бірінші сыңарына ілік септігі немесе шығыс септігі жалғауларының, соңғы сыңарына тәуелдік жалғауының 3-жақ көрсеткішінің жалғануы арқылы, сондай-ақ *жарым, жарты, ширек* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *екіден бір, үштен екісі, онның екісі, бес жарым, онның жартысы*, т.б.

Сан есімдердің кейбір топтары сандық мағынамен қатар заттануға да бейім болып, соның негізінде септік, көптік, тәуелдік және жіктік жалғауларымен түрлену жүйесіне түседі. Бөлшектік сан есімдер де заттанады. Бірақ бұл үдерісте бөлшектік сандар септік жалғауларымен ғана түрленіп, көптік және тәуелдік жалғауларын қабылдамайды. Ал жіктік жалғауларымен түрленген жағдайда сыртқы тұлғасы жағынан бөлшектік сан есімдерге ұқсас болғанымен, заттық мағынадағы сөздерге ауысады. Мысалы: *екінің бірісің* деген тіркесте бөлшектік сан мағынасынан ауытқып, жеке заттық сандардың өзара қатынасына, яғни *екі адамның бірі сенсің* деген мағынаға ие болып тұр.

Сан есімдер заттың санына қатысты белгісі немесе сандық атауды білдіру сипатына қарай сөйлемде әртүрлі сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Сан есімдердің сөйлемдегі негізгі қызметі – анықтауыш. Сан есімдер заттың сандық белгісін білдірген жағдайда анықтауыш, абстрактілі сандық ұғымды білдірген жағдайда бастауыш, баяндауыш қызметтерін атқарады. Сонымен қатар заттанғанада немесе белгілі бір сөз таптарымен синтаксистік байланысқа түсу нәтижесінде басқа да сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Атқа мініп, құрық сүйреткен екі-үш еркек көрінеді* (А. Сейдімбек). *Осы бәйбішесі мен Сүйіндік осыдан он шақты күн бұрын Зереге бата оқып қайтқан* (М. Әуезов). *Құнанбайдың екі ауылы да Жидебайға жиылған* (М. Әуезов). *Үндеместен жабылып, екеуін алып-алып соқты да, тізерлеп басып-басып алды* (М.Әуезов).

Жалпы алғанда, сан есімдер лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері бар есім сөз таптарының бірі ретінде басқа сөз таптарынан семантикалық, морфологиялық және жасалу жолы жағынан ерекшеленеді. Сан есімдердің грамматикалық мағынасы грамматикалық формалардың мағыналық бір қырын танытады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002.
5. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Сан есімнің сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Сан есім және сандық ұғымды білдіретін сөздердің арақатынасы
3. Сан есімнің зат есіммен тіркесімділігі.
4. Сан есімнің сын есіммен ұқсастығы, ерекшелігі.
5. Сан есімнің зат есімнің грамматикалық категорияларымен байланысы.
6. Дара және күрделі сан есімдердің морфемалық құрамы, ерекшелігі.
7. Сан есімнің мағыналық топтары.
8. Сан есімнің қызметі.

8. Есімдік

Есімдіктер сан жағынан аса көп болмағанымен, есім сөз таптарының орнына орынбасар сөз қызметінде жұмсалады. Бірақ есімдер тобына жатып, олардың орнына қолданылғанымен, есімдіктер есім сөздердің ешқайсысының нақты мағынасын білдірмейді. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың сөйлемде қайталама түрінде қолданылуына ықпал етеді. Сөз таптарының ішінде есімдіктер өте ертеде пайда болған, оған, ең алдымен, есімдіктердің мағыналарының тым жалпылама сипатта болуы, екіншіден, морфемалық құрамында көне тұлғалардың сақталып қалуы негіз болады. Есімдіктердің бір кездері грамматикалық көрсеткіштер қызметіне ауысқаны, ол көрсеткіштердің тілдің даму барысында тіл жүйесінде белгілі бір қосымшалар түрінде қалыптасуы оның сөз табы ретіндегі ерекшеліктерінің бірі болып танылады. Сөз табы ретінде есімдікке тән жалпы қасиеттер мен заңдылықтарды, олардың қалыптасу тарихы мен жүйесін анықтауға бағытталған алғашқы еңбек алтай

тілдеріндегі есімдіктерді зерттеуші ғалым Кастреннің еңбегі болды. Есімдіктерді одан әрі зерттеу В. Шотт, Б. Мункачи (орал-алтай тілі), В. Радлов, Г. Рамстедт (монғол тіліндегі есімдіктер), В. Банг (түркі тілдеріндегі есімдіктер), т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Қазақ тіл білімінде есімдіктер тарихы, құрамы мен қалыптасу жүйесі, мағыналық сипаты жағынан Н. Сауранбаевтың (Есімдіктер), Ш. Сарыбаевтың (К вопросу о местоимении в казахском языке), Ә. Төлеуовтің (Қазақ тіліндегі есімдіктер), Ә. Ибатовтың еңбектерінде кеңінен қарастырылды.

Есімдіктердің мағыналары қаншалықты жалпылық сипатта болғанымен, олар қай сөз табының орнына қолданылса, сол сөз табының негізгі мағынасына сәйкес мағынамен ұштасады. Мағыналық сипаты мен сөз таптарының жалпы грамматикалық мағыналарына қатысына қарай есімдіктер қазақ тілінің грамматикалары мен жекелеген зерттеулерде түрліше топтастырылады. Атап айтқанда, қазақ тілі грамматикаларында есімдіктерді жалпылама зат атаулары мен жалпылама белгі атауларына қатысына қарай субстантивтік және атрибутивтік есімдіктер деп екі түрге бөліп қарастырады. Ғалым А. Ысқақовтың еңбегінде де есімдіктер заттық ұғымды білдіретін сөздердің орнына қолданылатын және заттың белгісін білдіретін сөздердің орнына қолданылатын есімдіктер деп екі жікке бөлініп, заттық ұғымды білдіретін есімдіктер субстантивтік есімдіктер, ал заттың белгісін білдіретін есімдіктер атрибутивтік есімдіктер деп аталады. Мысалы: *мен, сен, сіз, ол* – заттық ұғымды білдіретін субстантивтік есімдіктер, *бұл, сол, анау, мынау* – заттың белгісін білдіретін атрибутивтік есімдіктер. Ал Н. Оралбай есімдіктерді заттық есімдіктер, белгі есімдіктері және сандық есімдіктер деп үш топқа бөледі. Бұлайша топтастыруда ғалым сөз таптарының зат, белгі және сандық ұғымдарға бірдей қатысты болатындығын ескереді. Есімдіктерді сөз таптарына қатысына қарай топтастыруда бұл пікірді құптауға болады. Егер есімдіктерді субстантивтік және атрибутивтік деген топтармен шектесек, олар өзі орнына қолданылатын сөз таптарының барлығын бірдей қамти алмаған болар еді. Тілдік деректер мен тұжырымдарға сүйенсек, есімдіктер орынбасар сөз қызметінде зат есім мен сын есімдерден басқа сан есім, үстеулердің де орнына жұмсалады. Сондықтан есімдіктерді екі түрмен шектемей, оларды заттық есімдіктер, белгі есімдіктері және сандық есімдіктер деп бөлу тілдік тұрғыдан толық негізді.

Сөз таптарына тән негізгі қасиеттердің бірі олардың түрлену-түрленбеуімен байланысты анықталады. Жалпы, есімдіктердің өзіне тән арнайы грамматикалық категориялары болмаса да, олар түрленеді. Мұндай қасиетке ие болуы есімдіктердің орынбасарлық қызметіне байланысты. Нақтылай айтсақ, есімдіктер қай сөз табының орнына жұмсалса, сол сөз табының грамматикалық категорияларының көрсеткіштерімен белгілі бір парадигмалық түрлену жүйесіне түседі. Сондықтан есімдіктердің септелуі, көптелуі, тәуелденуі және жіктелуі олардың заттық ұғымдарға қатысымен, заттану құбылысымен анықталады. Ал, керісінше, белгі немесе сандық ұғымдарға қатысты болғанда, есімдіктер түрленбейді. Сондықтан есімдіктердің морфологиялық жағынан түрленуі немесе түрленбеуі олардың өзі орнына қолданылатын сөз таптарының грамматикалық сипатына байланысты болады. Есімдіктерді толық қамтитын морфологиялық тұлғалар болмағанымен, олардың кейбір топтары өзіне тән морфологиялық түрлену жүйесімен ерекшеленеді. Ондай ерекшеліктер есімдіктердің, әсіресе, септелу және көптелу жүйесімен сипатталады. Есімдіктер біркелкі жүйемен, заңдылықпен септелмейді, сондай-ақ септелу жүйесі барлық есімдіктерді қамтымайды. Олардың ішінде септік жалғауын мүлдем қабылдамайтын (*әне, міне, қане*) сілтеу мәнді есімдіктер де бар. Сол сияқты көптелу жүйесінде де біркелкі заңдылық болмайды. Көптік мағынаның лексикалық тәсіл арқылы берілуі жіктеу есімдіктерінің 1-2 жақтарына (*мен, сен, біз, сендер*) тән болғанымен, біз есімдігін мен есімдігінің көпше түрі деп қабылдауға болмайды. Бұл жерде біз есімдігінің құрамындағы -з морфемасының да белгілі бір дәрежеде өзіндік ықпалы болады.

Есімдіктер морфологиялық жағынан ғана емес, семантикалық жағынан да аса күрделі. Ғалымдар қазақ тіліндегі есімдіктерді мағыналық сипатына қарай түрліше топтастырады. А. Байтұрсынұлының еңбегінде есімдіктердің мынадай түрлері көрсетіледі: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) жіктеу есімдігі; 5) танықтық есімдігі. Мұндағы бірінші жіктеу есімдігі «сөйлеген кезде сөйлеушінің, тыңдаушының һәм бөгдедегілердің жігін ашатын сөздер» ретінде анықталып, бұл топқа *мен, сен, сіз, ол*, т.б. жіктеу есімдіктері жатқызылса, екінші жіктеу есімдігі «нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер» ретінде анықталып, оған жалпылау (*бәрі, барша*), өздік (*өз*) және белгісіздік (*әркім, әрбір, әрқайсысы*, т.б.) есімдіктері қатарында қарастырылатын сөздер

жатқызылады. Ғалым «нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздерді» танықтық есімдігі деп атап, бұл топқа *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір* тәрізді болымсыздық есімдігі мен *біреу, әлдекім, әлдене, кей, қайсыбір* тәрізді белгісіздік есімдіктерін жатқызады. Ғалымның топтастыруы есімдіктердің қалыптасқан топтарына аталуы мен саны жағынан сәйкес келмегенімен, мұнда қазақ тіліндегі есімдіктердің барлық түрі толық қамтылған. Ғалымдар Ә. Ибатов, А. Ысқақов, Н. Оралбайдың еңбектерінде есімдіктердің мағыналық жеті түрі, атап айтқанда, жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық және жалпылау есімдіктері бөлініп көрсетіледі.

Белгілі бір жаққа қаратыла, сол жақты көрсету үшін айтылатын есімдіктер жіктеу есімдіктері деп аталады. Жіктеу есімдіктеріне жақтық қасиет тән. Бұл қасиет аталған есімдіктер қатарындағы *мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар* жіктеу есімдіктерінің белгілі бір жаққа қатысы арқылы анықталады. Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсетіп қана қоймай, тыңдаушы мен бөгде жаққа сөйлеушінің қатысының дәрежесіне сай қолданылады.

Жіктеу есімдіктері морфологиялық тұрғыдан септік, тәуелдік және жіктік жалғауларын бірдей тұлғада қабылдамайды. Мәселен, олар негізгі жақтық мағынада қолданылғанда, тәуелдік мағына білдіретін *-нікі/-дікі/-тікі* жұрнақтарын ғана қабылдайды. Мысалы: *менікі, сенікі, біздікі, онікі*, т.б. Ал жіктік жалғаулары ол, олар жіктеу есімдіктеріне мүлдем жалғанбайды. Тек 1-2 жақта жеке-ше, көпше мағынада қолданылатын жіктеу есімдіктері ғана жіктік жалғауларын қабылдап, белгілі бір жаққа қатысты қолданылады. Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде де бірізділік сақталмайды. Бұл ерекшелік, әсіресе, *мен, сен* есімдіктерінің септелу жүйесінен анық көрінеді. Мысалы: *мен – менің, маған, мені, менімен; сен – сенің, саған, сені, сенімен*, т.б.

Сонымен жіктеу есімдіктері сан жағынан аз болғанымен, түрлену жүйесі аса күрделі, қызметі жағынан өте жиі қолданылатын есімдіктердің бір тобы ретінде танылады.

Сілтеу есімдіктері негізгі лексикалық мағынасы жағынан аралық қатынасты білдіреді. Сондықтан сөйлеушіге немесе сөйлемдегі субъектіге заттар мен құбылыстардың жақын не алыс қашықтықта екендігін нұсқау, көрсету үшін қолданылатын есімдіктер сілтеу есімдіктері деп аталады. Сілтеу есімдіктеріне *бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, әне, міне, ана, мына* тәрізді нұсқау, сілтеу

мағынасындағы сөздер жатады. Есімдіктің бұл тобындағы сөздер бір-бірінен зат пен құбылыстың сөйлеуші-субъектіден орналасу қашықтығын білдіру сипатына қарай мағыналық тұрғыдан да бірдей болмайды. Сілтеу есімдіктерінің мағынасындағы осындай ерекшеліктерін А. Ысқақов, біріншіден, кеңістік аралықты я топографиялық кеңістікті білдіру, екіншіден, уақыт аралығын я хронологиялық мерзімді білдіру тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Кеңістік аралықты немесе топографиялық кеңістікті білдіру тұрғысынан сілтеу есімдіктері жақын аралықтағы немесе сәл де болса алысырақ аралықтағы зат не құбылысқа нұсқау үшін қолданылады. Жақын аралықтағы зат не құбылысты нұсқау *бұл, осы, міне, мынау, осынау, мына* сілтеу есімдіктері арқылы, ал одан сәл алысырақ аралықтағы зат не құбылысты нұсқау *ол, сол, ана, анау, сонау, түү* есімдіктері арқылы беріледі. Ал хронологиялық немесе уақыт мерзімін білдіру тұрғысынан сілтеу есімдіктері бірде нұсқай айтылатын зат пен құбылыстары сөйлеу кезеңінен бұрын сөйлеуші мен тыңдаушыға белгілі болған жағдайда, бірде кейінірек баяндалып белгілі болатын мәнде қолданылады. А. Ысқақов бірінші жағдайды білдіру үшін қолданылатын сілтеу есімдіктерін анафорикалық, ал екінші жағдайды білдіру үшін қолданылатын сілтеу есімдіктерін препаративтік деп атайды.

«Қазақ грамматикасында» сілтеу есімдіктерін мағынасындағы аралық қатынастарды білдіру сипатына қарай жақын – алысырақ, жақынырақ – алыс, жақын – алыс деп бөледі. Жақын – алысырақ аралық қатынасы бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы *мынау – анау, міне – әне*, ал жақынырақ – алыс аралық қатынасы *анau – сонау*, жақын – алыс аралық қатынасы *бұл, осы – ол, сол* сілтеу есімдіктері арқылы беріледі. Сондай-ақ жақын – алыс аралық қатынасының арасындағы орталық қашықтық жақынырақ – алысырақ ұғымдары арқылы анықталады. Бұл аралық *әні, ана, анау, осынау* есімдіктерімен беріледі. Аралық қатынасты білдірудегі осындай ерекшеліктеріне қарай сілтеу есімдіктерін мағыналық жағынан жақын – орта – алыс деп үш топқа бөлуге болады.

Сілтеу есімдіктері мағыналық сипатымен қатар морфологиялық құрамы жағынан да аса күрделі. Сөйлемде белгілі бір грамматикалық категорияның көрсеткіштерімен түрленуі не түрленбеуі олардың қай сөз табының орнына жұмсалуына байланысты. Егер анықтауыштық қызметте тұрса, онда септік, көптік және тәуелдік жалғауларын қабылдамайды. Ал зат есімдердің орнына қолданылса немесе

заттанған жағдайда зат есімнің грамматикалық категорияларының көрсеткіштерімен түрленуге бейім болады. Сілтеу есімдіктерінің синтаксистік қызметі де бірдей емес. Мәселен, *міне, әне, сонау, осынау, туу* есімдіктері бастауыш және толықтауыш, *бұл, ол* есімдіктері баяндауыш, *міне, әне* есімдіктері анықтауыш қызметін мүлдем атқармайды.

Заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын білу мақсатында қолданылатын сөздер сұрау есімдіктері деп аталады.

А. Байтұрсынұлы сұрау есімдіктерін біреуден бір нәрсе туралы сұрағанда айтылатын сөздер ретінде түсіндірсе, Н. Оралбай заттар мен құбылыстардың атын, сапасын, санын, мекенін, мезгілін, амалын т.б. мағыналарын білу үшін қолданылатын сөздерді сұрау есімдіктері деп атайды. Қазақ тіліндегі сұрау есімдіктеріне *кім, не, қанша, неше, қай, қайсысы, қалай, қандай, қашаннан, қашанғы, нешінші*, т.б. осы түбірлерден өрбіген сұрау мәнді сөздер жатады. Н. Оралбай сұрау есімдіктерін түбір сөздеріне қарай топтастырады.

Сұрау есімдіктері морфолологиялық жағынан септелу, көптелу, тәуелдену және жіктелуі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Олардың ішінде *кім, не, қайсы, нешеу* сияқты сұрау есімдіктері грамматикалық жағынан көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларымен түрленіп, өзгеруге бейім болса, *қайдан, қайда, қалай*, т.б. сұрау есімдіктері толық түрленбейді.

Сұрау есімдіктері үнемі өзінің негізгі мағынасы – сұраулық мәнде қолданылмайды. Кей жағдайларда контексте сұраулық мағынадан ауытқып, заттар мен құбылыстар не амал, мекен, мезгіл, т.б. ұғымдар дәрежесінде де қолданылады. Мұндай жағдайда сұрау есімдіктеріне жауап болатын сөз олардың өз бойынан жалпылама түрде сезіліп, заттық, белгілік, мекендік, мезгілдік, т.б. мағыналардың аңғарылуы арқылы беріледі. Мысалы: *Қызыққан кісің кім, оны да мына Жиренше танытты* (М. Әуезов). *Құдіретімді кім қостаса, досым, жаным сол* (М. Әуезов). Бірақ ондай жағдайда негізгі мағынасы сұрау болып келеді де, заттық немесе белгі ұғымы қосымша болады. Сұрау есімдіктерінің өзінің негізгі мағынасынан ауытқуы контексте таза синтаксистік қызметі тұрғысынан қаралатын мағыналық ерекшелік болып саналады.

Сөйлеуші не сөйлемдегі субъекті басқа заттар мен құбылыстардан өздік есімдігі арқылы бөлініп көрсетіледі. Бұл есімдіктің басқа топтардан ерекшелігі: бір ғана өз сөзінен және осы сөздің тәуелденген

(*өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздерің, өздеріңіз, өздері*) түрлерінен жасалады. Өздік есімдіктерінің үнемі тәуелдік жалғауында қолданылуы олардың белгілі бір сөздермен изафеттік тіркесте қолданылуына негіз болады. Мұндай жағдайда, яғни изафеттік тіркес құрамында өздік есімдігі басқа сөз таптарымен, атап айтқанда, зат есімдермен немесе зат есім орнына жұмсалатын сын есім, сан есім, есімшелермен грамматикалық байланыста болады. Изафеттік құрылымда өздік есімдігі тіркестің бірінші немесе екінші сыңары қызметінде де қолданылады. Мысалы: *өз елі, өз жері, жақсының өзі*, т.б. Өздік есімдігі жіктеу есімдіктерімен де изафеттік құрылымда қолданылады. Мысалы: *мен өзім, сен өзің, біз өзіміз, олар өздері*, т.б. Бұны да өздік есімдігінің ерекшелігі ретінде қарастыруға болады.

Заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа, мезгіл, амал, мекен, т.б. белгілерін нақтылы түрде атамай, дұдамал, көмескі түрде көрсететін сөздер белгісіздік есімдіктері деп аталады. А. Байтұрсынұлы белгісіздік есімдіктерін танықтық есімдігі деп ата-са, А. Ысқақов белгісіздік есімдіктерін мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздер ретінде анықтайды.

Қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне *біреу, кейбір, кейбіреу, қайсыбір, бірнеше, бірдеме, әрбір, әрне, әркім, әрқалай, әлдене, әлдекім, әлденеше, әлдеқайдан, әлдеқашан, әлдеқалай* тәрізді белгісіз мәнді сөздер жатады.

Белгісіздік есімдіктерінің өзіне тән арнайы морфологиялық түрлену жүйесі болмағанымен, олардың әрқайсысы мағынасы жағынан қандай сөздер екеніне және қай сөздермен біріге қолданылуына байланысты әртүрлі сөз таптарына бейім болатындықтан, сол сөз таптарының грамматикалық формаларымен түрленеді. Мысалы: *Бірнешеуі жеткізбей жосып әлек етсе, кейбіреулері мойындарына түскен құрықтарды жұлып әкетіп, бар жылқыны үркітті* (М. Әуезов). *Күтушілер болса, әрқайсысы өзді-өз үйлеріне алатын қонақтардың руларын алдын ала білетін* (М. Әуезов).

Сонымен, белгісіздік есімдіктерінің грамматикалық қосымшаларды қабылдауы олардың қолданылу мақсатына, яғни зат есім немесе сын есімнің орнына қолданылуына байланысты болады. Грамматикалық формалар да белгісіздік есімдіктерінің барлығына бірдей жалғана бермейді. Тәуелдік жалғаулары *әлде, әлдекім, әлдеқайдан, әлдеқашан*, т.б. белгісіздік есімдіктеріне мүлдем жал-

ғанбаса, *бір, біреу, кей, кейбіреу* сияқты белгісіздік есімдіктері тәуелдік жалғауын тек ортақ тәуелдеу түрінде ғана қабылдайды. Белгісіздік есімдіктері көптік, септік жалғауларын да біркелкі қабылдамайды. Мәселен, көптік жалғаулары белгісіз зат, құбылыс мәнін білдіретін *бірдеме, бірнәрсе, біреу, әлдекім, әлдене, әркім*, т.с.с белгісіздік есімдіктеріне жалғанса, *арқалай, әлдеқайдан, әлдеқалай, әлдеқашан* тәрізді есімдіктерге мүлдем жалғанбайды. Септік жалғаулары да белгісіздік есімдіктерінің ішінде әлде, әлдеқалай сөздеріне мүлдем жалғанбайды. Белгісіздік есімдіктері жіктік жалғауын қабылдамайды.

Болымсыздық есімдіктері заттар мен құбылыстардың болымсыздығын білдіреді. Болымсыздық есімдіктеріне *түк, дым, дәнеңе, еш, ешкім, ешбір, ешнәрсе, ештеме, ешқандай, ешқайда, ешқайсысы* тәрізді заттық және белгі ұғымдарына қатысты, әртүрлі жолмен жасалған сөздер жатады.

Морфологиялық түрлену жүйесі тұрғысынан болымсыздық есімдіктері көптік жалғауларын тек заттанған жағдайда, тәуелдік жалғауымен бірге қабылдайды. Мысалы: *түктері жоқ, дымдары қалмады, ештемелері қалмады*, т.б. Тәуелдік жалғауларының да болымсыздық есімдіктеріне, оның жекеше түріне жалғану реті бірдей емес. Олардың ішінде *ешкім, ешнәрсе, ештеме, дәнеме, түк* сөздері ғана жекеше түрде тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *ештемесі, ешкімі, түгі, дәнеңесі, ешнәрсесі*, т.б. Болымсыздық есімдіктерінің ішінде заттық ұғым орнына қолданылатын *ешкім, ешнәрсе, ештеме, дәнеңе, түк* есімдіктері ғана барлық септік жалғауларын қабылдайды. Мысалы: *ешкімге, ешнәрседен, ештеменің, дәнеңемен*, т.б. Ал *ешбір, ешбіреу, ешқандай* белгісіздік есімдіктері, тәуелденген жағдайда болмаса, мүлдем септелмейді.

Белгілі бір заттар мен құбылыстарды жинақтап айту үшін қолданылатын сөздер жалпылау есімдіктері деп аталады. Жалпылау есімдіктеріне *бәрі, бар, барша, барлық, күллі, бүкіл, тамам, түгел* тәрізді жалпылау мәнді сөздер жатады.

Жалпылау есімдіктері жалпы есімдікке тән заттық, белгі, сандық ұғымдардың ішінен, негізінен, белгі ұғымына қатысты болып, атрибутивтік мағынада қолданылады. Бірақ тәуелдік жалғауының үстемеленуі арқылы жалпылау есімдіктері заттық мағынада да қолданылады. Мысалы: *бәрі, баршасы, бүкілі, барлығы, күллісі*.

Жалпылау есімдіктерінің сөйлемде қолданылу ретіне қарай әртүрлі грамматикалық формалармен түрленуі бірдей сипатта бол-

майды. Атап айтқанда, тәуелдік жалғауларын *бар, барлық, барша* есімдіктері ортақ тәуелдеу түрінде ғана (*баршамыз, барлығымыз, бәріміз*) қабылдайды. Жалпылау есімдіктерінің ішінде *бүкіл, күллі, тамам* сөздері түрленбейтін сөздер ретінде танылғанымен, заттанған жағдайда бұл сөздер де тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Мысалы, *бүкілі (жиналды), күллісі (келді), тамамы (риза болды)*. Септік жалғаулары жалпылау есімдіктеріне тек тәуелдік жалғауынан кейін ғана жалғанып, жалпылау есімдіктері тәуелдеулі зат есімдер жүйесімен септеледі. Мысалы: *баршамыздың, барлығына, бәрімізді*, т.б. Жалпылау есімдіктері жіктік жалғауларын мүлде қабылдамайды.

Синтаксистік жағынан есімдіктер орынбасар сөз табы ретінде қай сөз табының орнына жұмсалуына байланысты сөйлемде белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады. Атрибутивтік есімдіктерге қарағанда, субстантивтік есімдіктер тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметін атқарады. Ал атрибутивтік есімдіктер, негізінен, анықтауыштық қызмет атқарып, тек заттанған жағдайда ғана басқа сөйлем мүшелері қызметін атқарады.

Есімдіктердің грамматикалық қызметіндегі бір ерекшелігі – дейксистік қызмет атқаруы. Дейксис (грек. *deixis* – көрсету) – лексикалық және грамматикалық құралдар арқылы берілетін тіл бөлігінің мағынасын не қызметін көрсету. Бұл қызмет жіктеу және сілтеу есімдіктеріне тән.

Есімдіктер қай сөздің орнына қолданылуына байланысты анафоралық қызмет атқарады. Есімдіктің бұл қызметі оның орынбасар сөз табы ретіндегі ерекшелігімен байланысты анықталады.

Субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену құбылыстары сияқты прономиналдану құбылысы да сөздің мағынасы мен грамматикалық сипатынан туады. Бұл құбылыс басқа сөздердің есімдікке ауысуы негізінде жүзеге асады. Қазақ тіліндегі есімдіктер қатарына басқа сөз таптарынан прономиналдану арқылы ауысқан сөздер көп. Мысалы: *бір, біреу, кей, бар, күллі*, т.б.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Ибатов Ә.* Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Алматы, 1966.
2. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
4. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002.
5. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.

6. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
7. *Салқынбай А. Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Есімдіктің зерттелуі, сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Есімдіктің мағыналық түрлері.
3. Жіктеу есімдігінің жақтық мағынасы, түрленуі.
4. Сілтеу есімдігі, басты белгілері, мағыналық топтары.
5. Сұрау есімдігі, морфемдік құрамы, түрленуі.
6. Өздік есімдігі, ерекшелігі, түрленуі.
7. Белгісіздік есімдігі, мағынасы, түрленуі.
8. Болымсыздық есімдігі, құрамы, мағынасы, түрленуі.
9. Жалпылау есімдігі, мағынасы, түрлену жүйесі, ерекшелігі.
10. Есімдіктердің қызметі.

9. Етістік. Етістіктің грамматикалық категориялары

Заттың іс-қимылын, әрекетін, күйін, белгінің, көңіл-күйдің, қарым-қатынастың қимыл түрінде өзгеруін білдіретін сөз табы етістік деп аталады. Етістіктер семантикалық жағынан қимылды, іс-әрекетті, әртүрлі өзгеріс, құбылыстарды білдіреді. Сөздерді таптастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік қағидаттарының белгілері етістік сөздердің өн бойынан табылатындықтан, етістіктің жеке сөз табы ретінде танылуы еш күмән тудырмайды. Сондай-ақ етістіктердің сөз табы ретіндегі қалыптасу тарихында кейінгі іргелі зерттеулерге негіз болған А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, Ы. Маманов, А. Әбілқаев, А. Ысқақов, С. Исаев, Н. Оралбай, А. Қалыбаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор.

Етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формалары және олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларынан, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемдегі қызметінен, т.с.с. лексика-грамматикалық қасиеттерінен көрінеді.

Етістік қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін сөз табы ретінде анықталғанымен, ғалым С. Исаев қимылдың аты етістіктің

кейбір тұлғалары, атап айтқанда, қимыл есімі не тұйық етістік арқылы берілетінін, ал етістіктің қимылдың атын емес, нақ өзін білдіретіндігін ерекше атап көрсетеді. Ал Н. Оралбай қимыл ұғымын етістіктің жалпы мағынасымен байланыстырады.

Етістіктің зерттелуінде кеңінен қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі – етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрықтық мағынаның аражігін анықтау. Бұл туралы ғалымдар арасында түрліше тұжырымдар жасалады. Мәселен, Н. Оралбай «бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде берілген, сондықтан бұйрықтың қай жаққа қатысын білдіру үшін етістікке тек жіктік жалғау ғана жалғанады» десе, Ә. Төлеуов «Етістіктің морфологиялық белгілері мынадай: етістіктің түбірі 2-жақтың бұйрық райы болады да, оның басқа түрлері осы формасына қосымшалар қосылу арқылы жасалады. Яғни, оның морфологиялық категориялары бұйрық райдан өрбіп жатады» деген пікір білдіреді. Ғалым А. Хасанова да «түбір сөз немесе түбір тұлға деп аталатын термин тұрғысынан қарағанда, етістіктің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшеліктері бар. Ол мейлі негізгі не туынды түбір (*біт, өкін. өйтін, өйтпегенде*), дара не күрделі (*біліп ал*) тұлғаларда келсін, шақ, рай, т.б. грамматикалық категориялардың арнайы формалары қосылмағанның өзінде сол категориялардың белгілі мағынасында қолданылады. Осы келтірілген әрбір етістік 2-жақтың анайы түріне қаратыла айтылып (*сен оны біліп ал*), бұйрық рай, келер шақ мәнін береді. Былайша айтқанда, бұл грамматикалық мағыналар етістік түбіріне тән қасиеттер деп саналады» деп етістіктің түбірі мен бұйрықтық мағынаны бірдей, тең дәрежеде қарастырады. Ал Н. Сауранбаев етістіктің бастапқы түрін бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрі деп санағанымен, «бұйрықтық мағына етістіктің лексикалық мағынасы емес» деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар С. Исаев та «біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (рай) бір грамматикалық түрі (бұйрық рай) бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін мағына – етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақ бұйрықтық мағына етістіктің белгілі сөздермен сөйлемде белгілі қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын мағына» деп, бұйрықтық мағына мен етістік түбірінің арақатынасындағы межені анық көрсетеді. Осындай

ғылыми пікірлердің негізінде, етістік пен бұйрықтық мағынаны бір грамматикалық құбылыс ретінде қарастыруға болмайды.

Тіліміздегі етістіктердің қолданылуында жетекші (негізгі) етістік пен көмекші етістіктің тіркесі ерекше қызмет атқарады.

Жетекші етістіктер толық лексикалық мағынаны, яғни қимыл атауын білдірсе, көмекші етістіктердің өзіне тән лексикалық мағынасы болмайды. Сол себептен де олар жеке-дара жұмсалмай, тек жетекші етістіктердің екінші сыңары ретінде ғана қолданылады.

«Қазақ грамматикасында» жетекші етістіктердің мынадай белгілері көрсетіледі: 1) лексикалық мағынасының болуы; 2) көмекші етістікпен тіркесінде үнемі бірінші тұруы; 3) көмекші сөздермен де, көмекші сөздерсіз де қосымшаларды қабылдауы; 4) морфемдік құрамының әртүрлі болып келуі. Осы белгілері негізінде жетекші етістіктер көмекші етістіктерден ажыратылады.

Грамматикалық даму нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, грамматикалық қызметке көшкен көмекші етістіктер тілдің грамматикалық құрылысынан кең орын алады. Көмекші етістіктер күрделі етістіктің құрамында есімше, көсемше тұлғаларында қолданылып, қимылдық ұғымды білдіретін жетекші етістіктерге түрлі грамматикалық мағына үстеуде және қимылдың жүзеге асуын нақты сипаттап, дәл беруде ерекше қызмет атқарады.

Етістік грамматикалық сипаты мен түрлену тұлғасы жағынан да аса күрделі. Бұл орайда етістіктің грамматикалық категорияларының орны ерекше. Жалпы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістік – грамматикалық категорияларға бай сөз табы. Солай бола тұра, етістіктің грамматикалық категорияларының іштей бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер етістіктің грамматикалық формаларының етістік түбіріне үстейтін мағыналарының табиғатынан, түрлену жүйесінен көрінеді. Осы тәріздес ерекшеліктеріне қарай, ғылыми еңбектерде етістіктің лексика-грамматикалық қызметі мен грамматикалық категорияларына қатысты маңызды тұжырымдар жасалады.

Қазақ тіліндегі етістіктерді Ы. Маманов алдымен лексика-грамматикалық қызметіне қарай негізгі етістік және функциялық етістік деп екі үлкен топқа бөліп, одан әрі негізгі етістіктерді түбір және модификациялы етістіктерге жіктейді, ал функциялық етістіктерге есімше, көсемше, тұйық етістік, шартты рай, *-ғы* тұлғалы және ортақ етіс тұлғалы қимыл есімдерін жатқызады. Ғалым түбір етістіктің лексикалық мағынасына грамматикалық

мағына үстейтін етістік формаларын модификациялы етістіктер деп түсіндіріп, етіс, күшейтпелі етістік, сыпат категориясы мен бейімдік күрделі етістік формасын осы топта қарастырады.

Ғ. Әбуханов етістік категорияларын лексика-семантикалық және грамматикалық категория деп екіге бөліп, лексика-семантикалық категорияларға болымды етістік, болымсыз етістік, көсемше, есімше, салт етістік, сабақты етістік, етіс түрлерін, ал грамматикалық категорияларға етістіктің шақ және рай түрлерін жатқызса, А. Ысқақов етістіктің грамматикалық категорияларын етістіктің формалар жүйесі ретінде анықтап, төмендегідей бірнеше грамматикалық категорияларға бөледі: 1) етістік негізі; 2) қимыл атауы категориясы; 3) салттылық және сабақтылық категориясы; 4) етіс категориясы; 5) болымдылық және болымсыздық категориясы; 6) амалдың өту сипаты категориясы; 7) есімшелер категориясы; 8) көсемшелер категориясы; 9) рай категориясы; 10) шақ категориясы. Бұл топтастыруда етістіктің ерекше түрлері болып табылатын есімше, көсемше және қимыл атауы етістіктің грамматикалық категорияларының қатарында қарастырылады.

Етістіктің грамматикалық категориялары мәселесінде ғалым Н. Оралбай грамматикалық қосымшалармен бірге аналитикалық форманттарды да етістіктің грамматикалық мағынасын білдіретін көрсеткіштерге жатқызып, етістіктің грамматикалық категорияларының мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: 1) қимылдың өту сипаты категориясы; 2) етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясы; 3) етістіктің рай категориясы; 4) етістіктің шақ категориясы; 5) етістіктің жақ категориясы. Ал салт және сабақты етістіктерді лексикалық мағыналы етістіктер ретінде, етістік салт және сабақты етістік жасайтын етістіктің түрі ретінде анықтап, оларды грамматикалық категориялар қатарында қарастырмайды.

«Қазақ грамматикасында» (2002) етістіктің грамматикалық категорияларын лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категориялар деп екіге бөліп, бірінші топқа, яғни лексика-грамматикалық категорияларға салт-сабақты етістік, етіс, күшейтпелі етістік немесе көрініс, болымсыз етістікті, ал таза грамматикалық категорияларға шақ, жақ, рай категорияларын жатқызады. Сонымен, етістіктің грамматикалық категорияларына қатысты ғылыми тұжырымдарда, біріншіден, грамматикалық категориялардың жалпы сипатына, яғни грамматикалық категориялардың бірде лексика-семантикалық, бірде лексика-грамматикалық категория түрінде анықталуына, екіншіден,

қазақ тілінде етістіктердің грамматикалық категориясы ретінде қалыптасқан, орныққан салт-сабақтылық пен етістің грамматикалық категориялар ретінде қарастырылмауына байланысты қарама-қайшылықтар бар. Бұл тұжырымдардың ішінен етістіктердің грамматикалық категорияларын лексика-грамматикалық және грамматикалық тұрғыдан анықтап, сондай-ақ салт-сабақтылық пен етіс категориясын грамматикалық категориялар ретінде қарастыратын пікірлерді негізді деп тануға болады.

Қазақ тілі етістіктерінің грамматикалық семантикасымен байланысты қалыптасқан категориялардың бірі – салт-сабақтылық категориясы. Ғалым Ы. Маманов етістіктердің салт және сабақты болып бөлінуі түркі тілдерінде екі түрде белгіленетіндігін атап көрсетеді. Біріншісі, олар ешқандай грамматикалық көрсеткішсіз-ақ түбір күйінде өзінің ішкі лексикалық мағынасына байланысты салт және сабақты болып бөлінеді. Жалпы тіл білімінде белгілі категориялардың арнайы морфемасыз, өзінің ішкі мағынасына қарай бөлінуін грамматикалық топ деп атайды. Сабақты және салт етістіктердің осындай грамматикалық топтары қазақ тілінде бұлардың тура түрі болып табылады, яғни сабақты және салт етістіктің тура түрі деп аталады. Екіншісі, етістіктер өзара арнайы грамматикалық көрсеткіш арқылы салт және сабақты болып бөлінеді.

Грамматикалық категорияның арнайы морфема арқылы белгіленуі категориялық форма деп аталады. Салт және сабақтылық категориясының өзіне тән арнаулы қосымшасы болмаса да, субъекті мен нысанның грамматикалық қатынасы олардың ішкі семантикалық мазмұны арқылы өзгеріп отырады. Ондай мазмұн етістік негізінің түпкілікті семантика-синтаксистік қасиеті арқылы, яғни табыс септікті қалау не қаламау қабілетіне байланысты анықталады. «Қазақ грамматикасында» етістіктің салт-сабақтылық мәнін, біріншіден, оның семантикалық сипаты, екіншіден, «тумысына тән» ерекшелігі ретінде көрсетеді. Салт және сабақты етістіктің категория ретінде танылуы олардың тұлғалық ерекшеліктеріне емес, керісінше, жалпы грамматикалық мағыналарына байланысты болып келеді. Сондықтан бұл категория етістіктің семантика-синтаксис саласындағы өзгешеліктері қатарында етістіктің лексика-грамматикалық категориясының бір түрі ретінде сипатталады.

Етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының ішінде етіс категориясы қимылдың, іс-әрекеттің нысан мен субъекті арасындағы қатынасын түрліше білдіруімен ерекшеленеді. Етіс жұрнақтары етіс-

тік түбіріне жалғанғанда, етістік түбірінің салт-сабақтылық мәнін өзгертіп, сөйлемде субъекті мен нысанның арасындағы қатынас ауысады. Мысалы: *кітап оқылды, кітап оқытты, кітап оқытқызды, хат жазысты, хат жаздырды*, т.б. Етіс жұрнақтарының грамматикалық форма тудырушы қосымшалар ретінде танылуы олардың етістік түбірлерінің барлығына бірдей жалғана алу қабілетімен, өнімді-өнімсіз, құнарлы-құнарсыз қасиеттерінің болмауымен, сондай-ақ етістік түбірге жалғанып, етістіктің грамматикалық сипатын өзгертпеуімен дәйектеледі. Ы. Мамановтың пайымдауынша, етіс категориясы – түбір етістіктен туатын грамматикалық форма. Яғни, етіс формалары өзі жасалған түбір етістікпен коррелятивті түрде өмір сүретін және екеуінің лексикалық мағынасы бір болып келетін етістіктер. Қазақ тілінде етістер төрт түрге бөлінеді: 1) өздік етіс, 2) өзгелік етіс, 3) ортақ етіс, 4) ырықсыз етіс.

Өздік етіс қимылдың, іс-әрекеттің белгілі бір субъекті арқылы орындалатынын білдіріп, *-ын/-ін/-н, -ыл/-іл/-л* қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы: *киінді, ойланды, ашуланды, бүгілді*, т.б. Өздік етіс тұлғасында берілетін қимылдың иесі адамнан басқа жанды зат немесе табиғат атауы болған жағдайда көркем шығармаларда метафора түрінде қолданылады. Мысалы: *Жер дүние ақ көрпеге оранды*.

Өзгелік етіс субъектінің қимылының нысанға тікелей емес, басқа біреу арқылы бағытталғанын білдіреді. Мысалы: *айтқызды, сөйлетті, өткізді, аудартқызды, келтірді, тыңдатқызды, барғызды*, т.б. Өзгелік етіс *-дыр/-дір, -тыр/-тір, -ғыз/-гіз, -қыз/-кіз, -ар/-ер, -ым/-ім/-т* қосымшалары арқылы жасалады.

Ортақ етіс қимылдың, іс-әрекеттің кемі екі я одан көп субъектіге ортақтығын білдіріп, етістік түбіріне *-ыс/-іс/-с* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *сыбырласты, құшақтасты, терісті, салысты, әзілдесті*, т.б.

Қимыл-әрекеттің қимыл иесінсіз жүзеге асырылу-асырылмауын білдіретін етіс түрі ырықсыз етіс деп аталады. Ырықсыз етіс етістікке *-ыл/-іл/-л, -ын/-ін/-н* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *мақала жазылды, кітап оқылды, сөз сөйленді, баяндама талқыланды, қаулы бекітілді*, т.б.

Етістікті басқа сөз таптарынан берілу тәсілдері мен грамматикалық тұлғалары арқылы ерекшелендіретін грамматикалық категориялардың бірі – болымдылық-болымсыздық категориясы. Болымдылық-болымсыздық категориясы істің, әрекеттің болу не болмауымен байланысты болады. Ғалым Н. Сауранбаев істің

болғаны, болатыны не болып жатқаны етістіктің реалды қалпымен, ал болмағаны не болмайтыны кері қалпымен анықталатынын негізге ала отырып, алғашқысын болымды, реалдық, екіншісін болымсыз, реалсыз қалыптар деп сипаттайды. Жалпы, болымдылық-болымсыздық категориясын Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, Н. Оралбай болымдылық, болымсыздық категориясы деп атаса, «Қазақ грамматикасында» болымсыздық (болымды-болымсыздық) категориясы деп беріледі. Ғалым А. Ысқақовтың «іс-әрекеттің жүзеге асуын білдіретін форма етістіктің болымды түрі, жүзеге аспауын білдіретін форма етістіктің болымсыз түрі деп аталып, осы екі түр жинақталып етістіктің болымдылық және болымсыздық категориясы деп танылады» деген тұжырымын және болымдылық-болымсыздық категориясының екі сыңарлы болып келетінін негізге алсақ, етістіктің аталған категориясының грамматикалық сипатын болымдылық-болымсыздық категориясы ұғымы толық ашады.

Етістіктің болымды түрі етістіктің түбір, туынды және күрделі түрлері арқылы берілсе, болымсыз түрі сол тұлғаларға белгілі бір грамматикалық көрсеткіштердің жалғануы арқылы беріледі. Етістіктің болымсыз мағынасы *-ма/-ме, ба/-бе, на/-не* жұрнақтарының жалғануы және етістіктің есімше, көсемше тұлғаларына *емес, жоқ* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *барма, барған жоқ, барған емес, барғысы келмеді*, т.б. Тілде болымды мағынаның болымсыз тұлғалар арқылы берілетін жағдайлары да кездеседі. Мысалы: *айтпады емес, көрмейді емес* деген тіркестер арқылы, етістік түбіріне болымсыз етістіктің жұрнағы мен болымсыз мағына білдіретін емес сөзі тіркесіп тұрғанымен, *айтты, айтып бақты, көретін* деген болымды мағына берілген.

Ғалым Н. Оралбай етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясының өзіндік мағынасының (болымдылық-болымсыздық мағына) болуы оның етістіктің дербес грамматикалық категориясы ретінде танылуына толық негіз болатынын айтады. Сондықтан болымдылық-болымсыздық категориясы өзіндік грамматикалық мағынасы және сол мағынаны білдіретін арнаулы грамматикалық формалары бар, жалпы етістікке қатысты грамматикалық категориялардың бірі болып табылады.

Етістіктің лексика-грамматикалық категориялары қатарында етістік формалары жүйесінде өзіне тән ерекше мазмұны мен арнаулы көрсеткіштері бар амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясының да орны ерекше. Амалдың өту сипаты категориясы – қимылдың жа-

салуын дәлме-дәл көрсететін ерекше грамматикалық категория. Н. Оралбай бұл категорияны мағынасы жағынан қимылдың жасалу тәсілі және қимылдың жасалу (даму) сатысы деп екі топқа бөліп, олардың бірнеше тәсілдері мен даму сатысының жасалу жолдарын көрсетеді. Амалдың өту сипаты *-ла/-ле, -да/-де, -та/-те; -қыла/-кіле, -ғыла/-гіле, -ыңқыра/-іңкіре, -мала/-меле, -ымсыра/-імсіре, -сы/-сі, -сын/-сін* жұрнақтары мен бірқатар аналитикалық форманттар арқылы беріледі. Мысалы: соққыла, соққышта, айтыңқыра, сөйлеңкіре, төпеле, қорғала, т.б.

Етістіктің грамматикалық категорияларының ішіндегі тұлғасы мен мән-мазмұны жағынан бай категориялардың бірі – рай категориясы. Н. Сауранбаев етістіктегі істің болмысқа, шындыққа қатынасы туралы сөйлеушінің түсінігін рай категориясының негізі ретінде түсіндірсе, Ы. Маманов сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың болмысқа, шындыққа қатысын білдіретін етістік формаларын рай деп атайды. А. Ысқақов рай категориясын модальдік категорияның етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдері ретінде сипаттайды. Рай категориясы етістіктің модальдік мәнінің бірден-бір грамматикалық көрсеткіші бола тұра, жалпы модальділік ұғымын толық қамти алмайды. Сонымен, қимылдың шындыққа, болмысқа қатынасын сөйлеушінің сөзі, түсінігі арқылы білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы рай категориясы деп аталады.

Қазақ тіліндегі рай түрлері сан жағынан түрліше топтастырылады. Мәселен, А. Байтұрсынов етістік райларының тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай тәрізді 14 түрін көрсетсе, Н. Сауранбаев бұйрық рай, ашық рай, шартты рай, тұйық рай, қалау рай тәрізді 5 түрін, Ы. Маманов ашық рай, қалау рай, бұйрық рай, шартты рай, шарттылық рай және өкініш рай тәрізді 6 түрін, А. Ысқақов, Н. Оралбай ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай тәрізді 4 түрін бөліп көрсетеді. Қазіргі тіл жүйесінде етістіктің райлары сан жағынан ықшамдалып, төрт түрге бөлініп қарастырылады. Олар: ашық рай, бұйрық рай, қалау рай және шартты рай. Олардың әрқайсысының жасалу жолы, грамматикалық тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері ғылыми негізде анықталған.

Ашық рай – арнайы грамматикалық формалары болмаса да, жіктік жалғаулары арқылы белгілі бір жаққа, шаққа қатысты қимыл-әрекетті білдіретін етістіктің ең өнімді, ауқымды категориясы. Мысалы: *оқыдым, алды, айтыпты, барған*, т.б.

Бұйрық рай сөйлеушінің тыңдаушыдан немесе тыңдаушы арқылы үшінші жақтан қимылды жүзеге асыру-асырмауды талап ету мақсатында қимылға, іске қозғау салу, түрткі болу, бұйыру мағынасын білдіреді. Бұйрық үш жаққа, яғни айтушы, тыңдаушы және бөгде жаққа қаратыла айтылатындықтан, бұйрықтық мағына 3 жақта, жекеше, көпше түрде мынадай грамматикалық формалар арқылы беріледі: *-айын/-ейін, -айық/-ейік, -йық/-йік, -лық/-лік, -ыңыз/-іңіз, -ңыз/-ңіз, -ыңдар/-іңдер, -ңдар/-ңдер, -ыңыздар/-іңіздер, -ңыздар/-ңіздер, -сын/-сін*. Мысалы: *мен барайын, біз барайық, сен бар, сіз барыңыз, сендер барыңдар, сіздер барыңыздар, ол (олар) барсын*. Бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінің арнайы грамматикалық формасы болмайды, бұйрықтық мағына нөлдік форма арқылы беріледі.

Етістік категорияларының ішінде тұрақтылығымен ерекшеленетіні – шартты рай категориясы. Қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауының шартын білдіретін шартты рай категориясы *-ca/-ce* жұрнақтары арқылы жасалады. Шартты рай бір істің не қимылдың екінші істің жүзеге асу-аспауының шарты болатынын білдіреді. Мысалы: *мен оқысам, сен жазсаң, сіз айтсаңыз, ол келсе*, т.б.

Қалау рай сөйлеушінің белгілі бір әрекетті, қимылды істеуге, жүзеге асыруға деген ниетін, қалауын, тілегін білдіреді. Мағынасына қарай тілекті және ерікті қалау рай болып екі түрге бөлінеді. Ерікті қалау рай *-ғы/-гі, -қы/-кі* жұрнақтарына тәуелдік жалғаулары жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *барғым келеді, оқығысы келді, айтқымыз келмейді*, т.б. Тілекті қалау рай *-ғай/-гей, -қай/-кей* жұрнақтары мен жіктік жалғауларының жалғануы және *-ca/-ce+uđi eđi (екен)* арқылы жасалады. Мысалы: *барғайсың, жазғайсыз, айтса игі еді, барса екен, түсінсе игі еді*, т.б.

Шақ категориясы – қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болғанын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Морфологиялық белгісі мен шақтық мағынасына қарай өткен шақ, осы шақ және келер шақ болып үш түрге бөлінеді. Өткен шақ сөйлеу кезінен бұрын болған іс-әрекетті, қимылды білдіреді. Н. Сауранбаев өткен шақты ежелгі өткен шақ, жедел өткен шақ, бұрын өткен шақ, тиянақсыз өткен шақ деп 4 түрге, Ы. Маманов жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, дағдылы өткен шақ, қатысты өткен шақ деп 5 түрге, А. Ысқақов анық (айғақты) өткен шақ, танық (айғақсыз) өткен шақ және неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ деп 3 түрге,

Н. Оралбай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, қатыстық өткен шақ деп 4 түрге бөледі. Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында өткен шақтың жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ тәрізді түрлері анықталады. Қазіргі тіл жүйесінде де осы үш түр орныққан.

Жедел өткен шақ *-ды/-ді, -ты/-ті* жұрнақтары, бұрынғы өткен шақ көсемшенің *-ын/-ін/-н*, есімшенің *-ған/-ген,-қан/-кен* және *-ушы* жұрнақтары, ауыспалы өткен шақ есімшенің *-атын/-етін/-йтын/-йтін* жұрнақтары арқылы жасалады.

Осы шақ сөйлеу кезінде болып жатқан іс-қимылды, әрекетті білдіреді. Осы шақты топтастыруда А. Ысқақов оны жалпы осы шақ, нақ осы шақ және неғайбыл осы шақ деп 3 түрге бөлсе, Н. Сауранбаев, Н. Оралбай нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ деп 2 түрге бөледі. Нақ осы шақ *отыр, жатыр, жүр, тұр* етістіктерінің жіктік жалғауын тікелей қабылдауы арқылы және осы етістіктердің көсемше тұлғалы негізгі етістіктерге тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *отырмын, жүрсің, тұр, айтып отыр, жазып тұр*, т.б. Ауыспалы осы шақ көсемшенің *-а/-е/-й* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *ойлайды, барады, айтады, жүзеді*, т.б.

Келер шақ іс-әрекеттің алдағы уақытта болатынын білдіреді. Н. Сауранбаев келер шақты шексіз келер шақ, шекті келер шақ, мақсатты келер шақ, Ы. Маманов ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ, ниет келер шақ, А. Ысқақов жалпы (анық) келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, Н. Оралбай ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ деп топтастырады. Қазіргі грамматикада соңғы топтастыру негізге алынады. Ауыспалы келер шақ көсемшенің *-а/-е/-й*, есімшенің *-атын/-етін/-йтын/-йтін* жұрнақтары, болжалды келер шақ есімшенің *-ар/-ер/-р/-с*, мақсатты келер шақ *-мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек,-ғалы/-гелі/-қалы/-келі* жұрнақтары арқылы жасалады.

Жақ категориясы – етістікке тән грамматикалық категориялардың бірі. Жақтық мағына жақ категориясының грамматикалық көрсеткіштері – жіктік жалғаулары арқылы беріледі. Қазақ тілінде жіктік жалғауының үш жағы (сөйлеуші, тыңдаушы, бөгде), жекеше, көпше түрі бар. Етістік жіктік жалғаулары арқылы субъектімен жақ жағынан байланысады. Жіктік жалғаулары сөзге жалғану сипатына қарай 2 түрге бөлінеді: 1) толық түрі: *-мын/-мын/-пын/-пін,-мыз/-міз,-ңыз/-піз,-сың/-сің,-сыз/-сіз,-сыңдар/-сіңдер,-сыздар/-сіздер,-ды/-ді/-ты/-ті;* 2) қысқа түрі: *-м/-қ, -ң/-ңдар/-ңдер, -ыңдар/-іңдер,*

-ыңыз/-іңіз/, -ңыз/-ңіз. Мысалы: барамын, барсам, барасың, барсаң, барасыз, барсаңыз, барады, барамыз, бардық, барасындар, бардыңдар, барасыздар, бардыңыздар, барады. Етістік түбірлері (*отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктер болмаса) жіктік жалғауларын тікелей қабылдамайды.

Есімше, көсемше және қимыл атауы етістіктің ерекше түрлері болып саналады. Есімше – морфологиялық тұлғалануы мен синтаксистік қызметі жағынан өзіндік ерекшеліктері бар, етістіктің есім сөздерге де, етістікке де ұқсас ерекше түрі. Ол есім сөздер сияқты септеліп, көптеліп, тәуелденсе, етістіктер сияқты жіктеледі. Сондай-ақ сөйлемде есім сөздер сияқты анықтауыш, етістіктер сияқты баяндауыш қызметінде қолданылады. Есімше етістіктің басқа түрлерінен есім сөздерге тән түрлену жүйесімен, қызметімен ерекшеленеді. Мысалы: айтқан, айтқанға, айтқанды, айтқандар, айтқаным, айтқанның, т.б. Есімше етістік түбіріне мынадай жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады: *-ған/-ген, -қан/-кен, -ар/-ер/-р, -атын/-етін/-йтін/-йтін, -мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек*. Мысалы: *баратын, келмейтін, барар, келер, жазбақ, көрмек, айтпақ*, т.б.

Іс-әрекеттің, қимылдың амалын, себебін, жай-күйін сипаттайтын жанама қимыл көсемше арқылы беріледі. Қазақ тілінде көсемшелер мағынасы мен қызметіне қарай түрліше топтастырылады. Ы. Маманов оларды мағынасы мен сыртқы тұлғасына қарай өткен шақ көсемше, келер шақ көсемше, мақсатты көсемше, Н. Сауранбаев үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, мақсатты көсемше, А. Ысқақов өткен шақ көсемше, осы шақ көсемше және келер шақ көсемше деп бөледі. Көсемше *-ын/-ін/-н, -а/-е/-й, -ғалы/-гелі/-қалы/-келі, -ғанша/-генше/-қанша/-кенше, -майынша/-мейінше/-байынша/-бейінше/-пайынша/-пейінше* жұрнақтары арқылы жасалады.

Етістіктің мағынасы, түрлену жүйесі жағынан ерекшеленетін түрі – қимыл есімі. Нақты іс-әрекетті білдірмей, тек оны атап көрсететіндіктен қимыл есімі етістіктер сияқты шақ, жақ, рай жұрнақтарымен түрленбейді. Бұл жағынан қимыл есімдері есім сөздерге жақын болады. Қимыл есімі негізгі және туынды етістіктерге *-у, -ыс/-іс/-с* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *себу, егу, азайту, көбейту, жүріс, тұрыс*, т.б.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. *Исаев С.* Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997.
3. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. *Әбуханов Ф.* Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология және синтаксис. – Алматы, 1982.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
6. *Маманов Ы.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
7. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
8. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
9. *Алтаева А.* Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы, 2006.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Етістіктің қазақ тіл біліміндегі зерттелу жайы.
2. Етістіктің лексика-семантикалық жағынан бөлінуі.
3. Негізгі және көмекші етістіктер.
4. Көмекші етістіктің түрлері, қызметі.
5. Етістіктің категориялары, топтастырылуы.
6. Салт-сабақтылық категориясы, сипаты, ерекшелігі.
7. Етіс категориясы, етіс жұрнақтарының қолданылу ерекшелігі.
8. Болымдылық-болымсыздық категориясы, берілу жолдары.
9. Амалдың өту сипаты категориясы, жасалуы, ерекшелігі.
10. Рай категориясы, түрлері.
11. Шақ категориясы және шақ түрлері.
12. Етістіктің жақ категориясы және жіктелуі.
13. Есімше, жасалу жолдары, түрленуі, қызметі.
14. Көсемше, мағынасы, түрлері, жасалуы.
15. Қимыл есімі, жасалуы, зат есімдермен арақатынасы.

10. Етістіктің аналитикалық формасы және аналитикалық формант

Аналитикалық форма (грек. *analytikos* жіктелген, дараланған, латын. *forma*) – құрамы негізгі атауыш және көмекші жеке сөздерден тұратын грамматикалық форма. Осы ұғыммен байланысты лингвистикада аналитизм ұғымы қолданылады. Бұл ұғымдар бір-бірімен байланысып, бірін-бірі толықтырып отырғанымен, өзара ерекшеленеді. Аналитизм (грек. *analysis* жіктелу, ыдырау) – сөздің

негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық, сөзжасамдық) мағыналарын ажыратып білдіретін, синтетизмге, яғни бір сөздің құрамындағы бірнеше морфеманы біріктіретін тіл құрылымының бір-біріне қарама-қарсы типологиялық қасиеті. Егер синтетизмде бірнеше морфема бір сөздің құрамында біріктірілсе, аналитизмде сөздің морфологиялық тұрақты құрамы мен аналитикалық құрылымдар бір-біріне қатысты болады. Мысалы, *отырмын* – *айтып отырмын*; *жақсырақ* – *өте жақсы*, *тым жақсы*, т.б. Ұқастығы: екі жағдайда да етістіктің шақ категориясы мен сапалық сын есімнің шырай категориясы жасалып тұр. Ерекшелігі: осы категориялардың жасалу жолдарында, *отырмын*, *жақсырақ* – синтетикалық формалар; *айтып отырмын*, *өте жақсы*, *тым жақсы* – аналитикалық формалар. Аналитикалық форманың құрамы *-ып* дәнекер қосымша мен *отыр* көмекші етістіктен, *өте*, *тым* күшейткіш көмекшіден қалыптасқан аналитикалық форманттардан тұрады. Бұл тұста аналитикалық форманың сөз таптарында бірдей жолмен берілмейтіндігі де назар аударады. Етістіктерде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы берілсе, сапалық сын есімдерде сөздердің орын тәртібі арқылы беріледі. Соның негізінде сөздің морфологиялық құрамында грамматикалық мағынаның толық мәнді сөздер мен көмекші сөздердің тіркесуі, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы анықталуы аналитизм құбылысымен түсіндіріледі.

Тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория аналитикалық тілдердің ерекшеліктерін зерттеумен байланысты пайда болып, соның негізінде аналитикалық форма ұғымы біраз уақытқа дейін тек аналитикалық тілдер тұрғысынан ғана қарастырылып келгендігі белгілі. Ал қазіргі кезде бұл құбылыстың жүйесі мен құрылымы басқа тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне де тән екендігі нақты тілдік деректермен дәлелденген.

Аналитикалық форма, кем дегенде, екі сөзден құралады. Соның негізінде толық мәнді сөз бен көмекші сөздің тіркесімі немесе форманттар арқылы аналитикалық құрылымдар қалыптасады. Олар: *лексикалық*, *морфологиялық* және *синтаксистік* болып бөлінеді. *Лексикалық аналитикалық құрылым* сөзжасамдық мағыналарды ажыратып көрсетеді: *кішкене көл* – *көліш*, *жұмысшы адам* – *жұмысшы*. Синтаксистік аналитикалық құрылым сөйлемнің жеке мүшелерін ажыратады: *суы мол (жер)* – *сулы*, *досы жоқ (адам)* – *доссыз*, т.б. Ал *морфологиялық аналитикалық құрылымдар* арқылы біртұтас сөз формалары жасалады: *бара сал*, *бара бер*, *бара жатыр*, т.б.

Сөздің аналитикалық формасының құрамына енетін атауыш сөз өзінің грамматикалық қызметі жағынан түбір морфемаға, көмекші сөз сөз түрлендіруші әртүрлі көмекші морфемаларға барабар қызмет атқаруымен ерекшеленеді. Мысалы: *келе жатыр, айта сал, барса екен*, т.б. құрылымдардағы *кел, айт, бар* етістіктері дербес лексикалық мағыналарын сақтаса, *жатыр, сал, екен* етістіктері өздерінің лексикалық мағынасынан айрылып, негізгі етістікке қосымша грамматикалық мағына үстейтін форма ретінде қолданылған. Нәтижесінде етістіктің аналитикалық формасы жасалған.

Бұл ұғым қазақ тіл білімінде түрліше сипатталады. Мәселен, К. Аханов «Аналитикалық форма сөздің синтетикалық формаларымен қатарласа, жарыса жүріп, белгілі бір грамматикалық категорияның категориялық формаларының қатарына енеді» десе, Н. Оралбай «Түркі тілдері үшін аналитикалық форма деген терминді дұрыс деп табамыз. Бұл тілдердің жалғамалылық қасиеті сөздің аналитикалық формасына да қатысты. Бұл тілдерде де дербес сөздің соңынан жалғанған қосымша мен көмекші сөздің көрші қолданылуы ол екеуінің морфологиялық бір единицаға айналуын жеңілдетеді» деген тұжырым айтады.

Сөздің аналитикалық формасы аналитикалық форманттар арқылы жасалады. Бұл ұғым сөздің дыбыстық құрамынан тыс тұратын болғандықтан, оны қосымшалардан ажырату үшін аналитикалық формант деп атайды. Мысалы, *барса екен, айтса екен, жазып ал, айта бер, айтып қойды*, т.б. *-са екен, -ып ал, -а бер, -ып қойды* – негізгі сөзбен тіркесіп, аналитикалық форма жасаушы тұтас бір единица немесе форманттар. Қазақ тілінде аналитикалық формант етістікке түбір сөзден кейін тіркесіп, оған грамматикалық мағына үстейді. Аналитикалық формант арқылы жасалған аналитикалық формалы сөздер белгілі бір грамматикалық категорияның формасы ретінде танылады.

Сонымен, аналитикалық форма – сөз формасының белгілі бір түрі болса, аналитикалық формант – сол форманың жасалуына негіз болатын күрделі морфологиялық құрылым. Сөздің аналитикалық формасы мынадай белгілері арқылы айқындалады: 1) белгілі бір грамматикалық категория жүйесіне, парадигмасына енуі; 2) лексикалық мағынамен қатар грамматикалық мағына білдіруі; 3) аналитикалық форманттар арқылы жасалуы. Сөздің аналитикалық формасын жасауда аналитикалық форманттар синтетикалық формаларға қарама-қарсы қойылады. Ол қарама-қарсылық, егер

синтетикалық формалы сөздерде грамматикалық мағына қосымшалар арқылы берілсе, аналитикалық формалы сөздерде көмекші морфема мен көмекші сөздің тіркесімі арқылы, яғни аналитикалық форманттар арқылы беріледі. Тіл антиномияларының бір-біріне қарама-қарсы бола тұра, бірін-бірі жоққа шығармауы, керісінше, бірін-бірі толықтыруы тілдегі аналитизм және синтетизм құбылыстарының арақатынасынан да айқын көрінеді.

Етістіктердің аналитикалық формаларын түркі тілдерінде алғаш рет А. Юлдашев өзінің «Түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формасы» еңбегінде қарастырып, аналитикалық формалардың жалпы теориялық мәселелері мен грамматикалық категорияларға қатысын саралап, етістіктің елуден астам аналитикалық форманттарын бөліп көрсетеді. Бұл еңбек түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіл біліміне жаңа бағыт әкеліп, сөздің аналитикалық формасының жалғамалы тілдерде де зерттелуіне жол ашты.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселе алғаш Қ. Жұбановтың 1936 жылы жарияланған «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» деген мақаласында қарастырылады. Ғалым «құрылысында синтетизм белгілері сақталған жалғамалы тіл бола тұра, қазақ тілінің де етістіктердің категорияларын шатастыратын морфологиялық даму кезеңінен өтіп жатқандығына» назар аударып, қазақ тіліндегі *отыр*, *тұр*, *жатыр*, *жұр* қалып етістіктерінің көмекші етістік қызметінде негізгі етістіктердің қандай формаларымен тіркесетіндігіне тоқталады. Соның негізінде қалып етістіктері арқылы жасалған етістіктің осышақ категориясының мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: 1) Әмбебап осы шақ (настоящее универсальное). Форматив – *жатыр* көмекші етістігі; 2) Созылыңқы-үзіліссіз емес осы шақ (настоящее длительно-не-непрерывное). Форматив – *жұр*; 3) Үзіліссіз-созылыңқы-нақ осы шақ (настоящее непрерывно-длительно-данное). Форматив – *тұр*; 4) Белсенді-нақ осы шақ (настоящее активно-данное). Форматив – *отыр*. Зерттеуші аналитикалық форма, формант ұғымдарын қолданбағанымен, аналитикалық форма құрамындағы көмекші етістіктерді *форматив* деп атайды. Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімінде одан әрі Н. Сауранбаев, Ы. Маманов, Т. Қордабаев, А. Әбілқасов, А. Ысқақов, С. Омарбеков, Ж. Болатовтың зерттеулерінде дамытылды. Бұл зерттеушілер аналитикалық форма мәселесін арнайы қарастырмаса да, бұл мәселені күрделі етістіктерге қатысты ғылыми тұжырымдармен түсіндіреді. Мәселен, профессор Н. Сауранбаев «Күрделі етістікке енген дара етістіктердің мағына

жағынан барлығы бірдей тең болмайды. Бұлардың біреулері негізгі болады да, қалғаны көмекші болады. Сөйтіп, ылғи етістіктерден құралған күрделі етістіктер бір-бірімен көсемшелер арқылы байланысады» деп, етістіктің аналитикалық формаларын көсемшемен байланыстырғанымен, олардың күрделі етістіктерден аражігін ажыратпай, солардың қатарында қарастырады. Мысалы: *сатып ал, келе жатыр, айта бер, өлең айт, көңіл көтер, күліп жіберді, күліп жібере жаздады*, т.б.

Етістіктің аналитикалық формалары Ы. Маманов, А. Әбілқаевтың еңбектерінде де күрделі етістіктер құрамындағы көмекші етістіктерге қатысты қарастырылады. Ғалым Ы. Маманов «Күрделі етістіктің құрамындағы алдыңғы көсемше түріндегі сыңары лексикалық мағынаға ие болады да, соңғы сыңары – көмекші етістік оған грамматикалық мағына үстейді және етістіктің басқа формаларымен түрленетін конструктивтік қызмет атқарады» деп, бұл мәселені көмекші етістіктердің қызметі тұрғысынан түсіндірсе, ғалым А. Әбілқаев «де» көмекші етістігінің мағынасы мен қызметін талдауда осы етістік арқылы жасалған бірқатар грамматикалық формаларды бөліп көрсетеді. Мысалы: *-йын/йін деп отыр, -йын/йін деп жатыр, -деп жүр, -деп қалды, -деп барады, -деп келді*, т.б.

Аналитикалық етістіктер туралы ғалым А. Ысқақов та маңызды тұжырымдар жасайды. Ғалымның пайымдауынша, егер тіркестегі компоненттердің біреуі ғана негізгі мағынасын сақтап, өзгелері өз лексикалық мағыналарын я солғындатып, я жоғалтып, тек көмекші болып, грамматикалық қызмет атқарса, ол *сараламалы (аналитикалық) етістік* немесе *күрделі етістіктің сараламалы түрі* деп танылады. Алдыңғы пікірлерден ерекшелігі: ғалым етістіктің аналитикалық формаларын (*айтып жібер, келе қой*, т.б.) күрделі етістіктердің жай күрделі тіркес (*алып бар, алып қайт, кіріп шық, оқып бер, алып кет*, т.б.), суреттемелі етістік (*бала едім, жас екен, берсе игі еді*, т.б.), құранды етістік (*жәрдем ет, көмек қыл*, т.б.) тәрізді топтарынан бөліп көрсетіп, күрделі етістіктің сараламалы немесе аналитикалық түрі деп атайды. Бұл топтастыруда күрделі етістіктердің барлық түрі (мысалы, *барған жоқ, айтқан жоқ, баруға болмайды, барған көрінеді, баруы тиіс*, т.б.) толық қамтылмағанмен, ғалым күрделі етістік ұғымын кең мәнде қарастырған. Сонымен қатар етістіктің аналитикалық формасын күрделі етістіктерден ажыратудың мынадай басты қиындықтары мен айырмашылықтарын атап көрсетеді: 1) сыртқы формаларында ешқандай дыбыстық я

басқа айырмашылықтың болмауы; 2) өзара түрлес, формалас келуі. Ал басты айырмашылықтары: 1) ішкі мазмұнында, ондағы компоненттердің арақатынасына байланысты; 2) қосымша грамматикалық семантика жамауы.

Етістіктің аналитикалық формалары туралы С. Исаевтың пікірін сараласақ, ғалым «етістіктің аналитикалық форманты деген термин жалпы кең мағынада емес, етістіктің ерекше бір түрі, категориялық сипаты бар түрі деген ұғымды бере алмайтын сияқты. Ол етістіктің ерекше грамматикалық формалары сияқты шеңберде қалып қояды, ал бұлардың (етістіктің аналитикалық форманттары деп аталатын түрінің) категориялық сипаты, жүйелік қасиеті, өз ішінен бірнеше және әртүрлі грамматикалық категорияларға бөліну мүмкіндігі зерттеушілердің еңбектерінде анық көрсетілгенін» негізге ала отырып, етістік құрамындағы мұндай тілдік единицаны күрделі етістік деген атаумен атауды жөн көреді. Бірақ ғалым негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі және етістіктің белгілі грамматикалық категориясының көрсеткіші бола алатын тұлғаларды ғана күрделі етістік қатарына жатқызады. Сондай-ақ негізгі етістіктің көсемше, есімше, шақ, рай тұлғаларында болып, көмекші етістіктің етістіктің таза грамматикалық категорияларының бірінде қолданылып, негізгі етістікке әртүрлі грамматикалық мағына үстеуіне баса мән береді.

Қазақ тіл білімінде күрделі етістік ұғымынан етістіктің аналитикалық формасы ұғымын бөліп, арнайы зерттеу нысанына алған – ғалым Н. Оралбай. Ғалым аталған мәселеге байланысты өзіне дейін және сол кезеңде жазылған орыс, түркі және қазақ тіл біліміндегі еңбектерге шолу жасап, ондағы ғылыми пікірлерді талдай отырып, соның негізінде етістіктің аналитикалық формалары мен аналитикалық формант мәселесі туралы бірқатар тұжырымдар жасайды. Соның ішінде «қазақ тіл білімінде күрделі етістік, көмекші етістік, етістіктің грамматикалық категорияларымен байланысты өте үлкен жұмыс істелді, олардың сөздің аналитикалық формасын зерттеуге қосатын үлесі мол», «ол еңбектерде аналитикалық формаға жататын тіл фактілері күрделі етістіктер тұрғысынан қаралғанымен, тілдегі аналитикалық формалардың мағыналары, кейбіреулерінің грамматикалық категорияларда атқаратын қызметі ашып берілген» деген тұжырымдары етістіктің аналитикалық формаларының дербес тілдік ұғым ретінде танылып, бұл ұғымның тілдің морфологиялық жүйесінде қалыптасуына жол ашты. Зерттеуші «етістіктің грамматикалық категориясының аналитикалық формантын қабылдап,

сол грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін сөздерді «аналитикалық формалы етістіктер» деп атап, аналитикалық формалардың етістіктің грамматикалық категорияларының формалары екендігін, олардың синтетикалық формалармен өзара шарттас, тектес келіп, ұштасып жататындығын және сөйлеу үдерісінде жасалатындығын көрсетеді. Мысалы: *оқығысы келеді, оқи алады* – модальдылық категориясының аналитикалық формасы; *оқып еді, оқып отыр* – шақ категорияларының аналитикалық формасы.

Етістіктің аналитикалық формалары – мағынасы мен қызметі жағынан ерекше құрылымды морфологиялық категория. Жоғарыдағы пікірлерді сараласақ, олардың басым көпшілігінде етістіктің аналитикалық формасы ұғымының күрделі етістік ұғымының аясында қарастырылғаны айқын көрінеді. Ғалымдардың мұндай ортақ тұжырым жасауының негізгі себебі: аталған ұғымдардың ұқсастықтары. Бірақ сол ұқсастықтармен қатар олардың өзіндік айырмашылықтары да бар. Етістіктің аналитикалық формаларының күрделі етістіктермен құрылымдық және синтаксистік жағынан ұқсастықтары: 1) етістіктің аналитикалық формасының да, күрделі етістіктердің де сыңарлары етістіктерден құралып, екеуінің де алдыңғы сыңары көбінесе етістіктің көсемше формасында қолданылады; 2) етістіктің аналитикалық формаларының да, күрделі етістіктердің де сөйлемде атқаратын қызметі бірдей (баяндауыш); 3) екеуі де сөйлемнің басқа мүшелерімен тұтас күйінде, бір бүтін единица ретінде грамматикалық тұрғыдан байланысады.

Ал бұл ұғымдардың бір-бірінен айырым белгілері: 1) күрделі етістіктер толық, тең мағыналы етістіктердің тіркесінен жасалса, етістіктің аналитикалық формасы тең емес сыңарлардың (негізгі етістік пен көмекші етістік) тіркесінен жасалады; 2) күрделі етістіктің біртұтас лексикалық мағынасына оның екі сыңары бірдей қатысты болса, етістіктің аналитикалық формасының лексикалық мағынасына оның құрамындағы алдыңғы сыңар ғана қатысты болады; 3) күрделі етістік біртұтас сөз ретінде бір бүтін лексикалық мағынаны білдірсе, етістіктің аналитикалық формасы басқа бір сөздерге қатысты болып, лексикалық мағынадан басқа грамматикалық мағыналар мен қатынастарды білдіру қызметінде жұмсалады; 4) күрделі етістік бұрыннан тіркесіп, даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесі немесе сөйлем құрамына енеді; ал етістіктің аналитикалық формасы сөйлеу үдерісінде даяр аналитикалық форманттар арқылы жасалады; 5) күрделі етістіктер ауыспалы сыңар – байланыстырушы элемент – тірек

сыңардан тұрса, етістіктің аналитикалық формасы негізгі етістік – байланыстырушы элемент – көмекші етістіктен тұрады. Мысалы: *бара бер, барса екен, барған еді, айта бер, айтып отыр, жаза алмау, жазып жатыр, келген екен* – етістіктің аналитикалық формасы; *ала кел, алып көр, іздеп кел, сатып ал, естіп біл, барып қайт, кіріп шық, қайтып бер* – күрделі етістіктер.

Етістіктің аналитикалық формасы етістікті сөз тіркестерінің ішінде көсемшелі сөз тіркесімен де сырттай ұқсас келеді. Мысалы, *оқып ал, біліп ал, біле сал, тұра бер* – етістіктің аналитикалық формалары, *асығып сөйлеу, ынтыға тыңдау, шыдамсыздана тыңдау, тақала отыру* – көсемшелі сөз тіркестері. Олардың айырым белгілері: 1) етістіктің аналитикалық формасының құрамында тек негізгі етістік қана өзінің лексикалық мағынасын сақтаса, көсемшелі сөз тіркесінің әрбір сыңары өзінің мағыналық дербестігін сақтайды; 2) аналитикалық форма құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы өздігінен сөйлем мүшесі қызметін атқармайды, ал көсемшелі сөз тіркесінің әрбір сыңары өздігінен жеке сөйлем мүшесі қызметін атқарады; 3) етістіктің аналитикалық формасы құрамындағы сыңарлардың арасындағы байланыста синтаксистік сипат болмайды, ал көсемшелі сөз тіркестері сыңарларының арасында синтаксистік қатынас пен байланыс сақталады; 4) етістіктің аналитикалық формасын құраушы сыңарлардың әрқайсысы сөйлемдегі басқа сөздермен жеке дара емес, тұтасқан күйінде байланысқа түссе, көсемшелі сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемдегі басқа сөздермен жеке байланысқа түсе алады.

Сонымен, етістіктің аналитикалық формалары күрделі етістік және етістікті сөз тіркестерімен құрылымы, синтаксистік сипаты жағынан ұқсас бола тұра, осы қырлары, мағынасы және қызметі жағынан олардан ерекшеленеді. Соның негізінде етістіктің аналитикалық формалары өз алдына дербес морфологиялық категория ретінде танылады.

Қазақ тілінде аналитикалық форманттарға бай сөз табы – етістік. Ғалым Н. Оралбай қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттарының қалыптасуының мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді: 1) күрделі етістіктердің тең мағыналы сыңарларының алғашқысы уақыт өте келе басым мағыналы компонентке айналып, екінші сыңары грамматикалық жалпы мағынаға көшеді. Мысалы: *-п ал, -п бер, -п сал, -а ал, -а бер, -а сал*, т.б; 2) еді, екен екіншілік көмекші етістіктері тілдегі белгілі бір райда тұрған етістіктермен тіркесіп, ол

райдың қосымшасы мен көмекші етістік бірте-бірте бір мағынаға көшіп, одан аналитикалық форманттар қалыптасқан. Мысалы: *-са еді, -са екен, -са игі еді, -мақ еді*, т.б.; 3) қазақ тіліндегі күрделенген аналитикалық форманттардың әрқайсысы екі аналитикалық форманттан тұрады. Мысалы: *-п қой, -а бер, -п бар, -а жатыр*, т.б. Аналитикалық форманттардың бұл ерекшеліктерінен олардың қалыптасуын етістіктердің грамматикалық қызметке көшуімен байланысты деп түсіндіруге болады.

Аналитикалық форманттар тілде грамматикалық формалармен қатар қызмет атқарады. Олардың әрқайсысы бір-бірінен құрамы мен мағынасы жағынан ерекшеленеді. Мысалы, *-са екен (барса екен)* – тілек мағынасын, *-а сал (айта сал)* – қимылдың немқұрайды жасалуын білдіреді. Аналитикалық форманттардың етістіктің әртүрлі грамматикалық категорияларының көрсеткіштері ретінде танылуының бірден бір себебін осы жағдаймен, яғни олардың етістіктің белгілі бір грамматикалық категорияларының мағынасын білдіруімен байланыстыруға болады. Ғалым К. Аханов аналитикалық форманттарды етістіктің грамматикалық категорияларына қатысына қарай мынадай топтарға бөледі: 1) шақ категориясының, оның ішінде нақ осы шақтың (*-п, -а, -е отыр, тұр, жатыр, жүр*), жедел өткен шақтың (*-ып, -ған, -мақ еді*) аналитикалық форманттары; 2) рай категориясының, оның ішінде бұйрық райдың (*-а көрме*), *-шы/ші болма*), қалау райдың (*-ғай/гей еді, -са/се еді, -са/се игі еді, -са/се екен*), шартты райдың (*-р/ар/ер болса, -са/се болды, -ған/ген болса*) аналитикалық форманттары.

Ал ғалым Н. Оралбай етістіктің грамматикалық категорияларына байланысты аналитикалық форманттардың мынадай түрлерін анықтайды: 1) қимылдың өту сипаты категориясының аналитикалық форманттары (*-п ал, -а қой, -ып қал, -а жазда, -ған бол, -е қой, -п жібер, -е бер, -е түс, -а тұр* т.б.); 2) рай категориясының аналитикалық форманттары (*-ушы болма, -а көр, -ғай еді, -са игі еді, -са еді, -са екен*); 3) шақ категориясының аналитикалық форманттары (*-п еді, -п тұр, -ған еді, -п жүр еді, -мақ еді, -п жатыр еді* т.б.). Сонымен қатар етістіктің болымдылық-болымсыздық категориялары да арнаулы аналитикалық форманттар арқылы жасалып, синтетикалық форма-сына қарама-қарсы қолданылады. Мысалы: *бармады-барған жоқ, баратын емес, барар емес (-ған/ген емес/жоқ, -атын/етін емес, -ар/ер емес)*.

Аналитикалық форманттар құрамының әркелкі сипатымен де

ерекшеленеді. Осы ерекшелігіне қарай Н. Оралбай оларды екі морфемалы, үш морфемалы және төрт морфемалы аналитикалық форманттар деп бөледі. Екі морфемалы АФ бір көмекші морфема мен көмекші етістіктен тұрады (*-а қой, -е тұс*, т.б.). Үш морфемалы АФ күрделенген аналитикалық формантқа жатады. Мысалы: *-ушы бол-ма, -р бол-са, -а сал-а, -а сал-ып*, т.б. Төрт морфемалы АФ екі аналитикалық форманттың кірігуінен жасалады. Мысалы: *-н бар-а жатыр, -н кел-е жатыр, -н қой-а бер, -н ке-н қал, -н сал-а бер, -н жүр-е бер, -н ке-н жібер*, т.б. (*өніп келе жатыр, өршіп бара жатыр, лақтырып кеп жіберді, жылап сала берді*, т.б.). Бұл қатарда екі морфемалы АФ негізгі топ болып саналады.

Ғалым А. Ысқақов аналитикалық форманттарды құрамында бір не бірнеше көмекші етістіктердің болуына байланысты жалаң және күрделі деп бөледі. Бір көмекші етістікті формаларды жалаң аналитикалық форманттарға (*-н ал, -н бер, -н қой, -н еді* т.б.), екі не одан артық көмекші етістікті форманы күрделі аналитикалық формантқа (*-н қоя берді, -н кеп жібер, -н кеп қалды*, т.б.) жатқызады.

«Қазақ грамматикасында» аналитикалық форманттар құрамына қарай жалаң және күрделенген АФ болып бөлініп, жалаң АФ-ға бір морфемалы, екі морфемалы аналитикалық форманттармен қатар үш морфемалы АФ-ны да жатқызады. Ал төрт морфемалы АФ-ны күрделенген АФ деп таниды. Мұнда нөлдік морфема мен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалған форманттарды бір морфемалы АФ деп қарастырып, оған *өрбіген жоқ* деген етістіктің құрамындағы *-ген* қосымшасы өз мағынасында қолданылып, болымсыздық мағынаның *нөлдік морфема-жоқ* көмекшілері арқылы үстеліп тұрғандығын негіз етеді. Бірақ тілдегі аналитикалық форманттардың негізінен екі морфемалы аналитикалық форманттардан тұратынын атап көрсетеді.

Сонымен, аналитикалық форма сөз формасының белгілі бір түрі болса, аналитикалық формант сол форманың жасалуына негіз болатын күрделі морфологиялық құрылым болып саналады. Етістіктің аналитикалық формалары құрылымы мен мағынасы, қолданысы жағынан өз алдына дербес морфологиялық категория ретінде танылады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
2. *Оралбаева Н.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1975.

3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы, 1979.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. Оралбай Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар, 2011.
6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
8. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
9. Академик Н. Сауранбаевтың еңбектері. 2-том. – Алматы, 2008.
10. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Тілдегі аналитизм және синтетизм құбылыстары.
2. Сөздің аналитикалық және синтетикалық формалары.
3. Аналитикалық құрылым, түрлері, ерекшелігі.
4. Аналитикалық форма және аналитикалық формант ұғымдарының арақатынасы.
5. Күрделі етістік және етістіктің аналитикалық формасы, зерттелуі, ерекшелігі.
6. Аналитикалық форма және аналитикалық формант.
7. Аналитикалық формант түрлері, құрамы, мағынасы.
8. Аналитикалық форманттардың етістіктің грамматикалық категорияларымен байланысы.

11. Үстеу

Семантикалық жағынан қимылдың, іс-әрекеттің мекенін, мезгілін, жүзеге асу амалын, мақсатын, т.б. әртүрлі белгілерін білдіретін, морфологиялық жағынан арнайы грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін, синтаксистік жағынан сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратын сөз табы үстеу деп аталады. «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) «лексика-семантикалық сипаты жағынан үстеулер заттың қимыл-әрекеті мен сынының әр алуан белгілерін білдіру үшін қолданылатын сөздер» ретінде анықталады. Бірақ бұл орайда үстеудің заттың қимылы мен сынын білдіруі етістік және сын есімдермен бірдей сипатта болмайды. Тілде қимылдың белгісі кейбір есім сөздер мен етістіктердің жеке формалары арқылы да беріледі. Мысалы, *бірді бірден алу, бірден тану; ыстық күнде далаға шықпау, күнде далаға шығу*, т.б. Мұндағы *бірден, күнде* сөздері тұлғасы

жағынан бірдей болғанымен, мағына жағынан бір-бірінен мүлдем алшақ сөздер. Үстеу мағынасындағы (*бірден тану, күнде шығу*) сөздердің басты семантикалық айырмашылығы: сан есім мен зат есімдер қосымша грамматикалық формалармен түрленген жағдайда да өздерінің бастапқы мағыналарынан қол үзбей, соған қосымша грамматикалық мағына үстесе, үстеулердің мағынасы ондай нақтылықтан қол үзіп, жалпылама абстрактілік сипатқа ие болады. Мұндай сөздер белгілі бір грамматикалық формаларда қолданылған жағдайда өзінің лексика-грамматикалық ортасынан оқшауланып, өзгеше лексика-грамматикалық дербестікке ие болып, нәтижесінде үстеу сөздер қатарына ауысады. Басқа сөз табынан үстеу қатарына ауысу үстеулердің сол сөз таптарындағы өзімен тұлғалас сөздермен омонимдес сипатта қолданылуына негіз болады. Мысалы, *қайта (әңгімесін қайта бастады, құстар қайта бастады), бірден (бірден таныды, бірден бірді алды), бірге (баласы бірге келді, баласының жасы бірге келді), жағалай (өзенді жағалай жүрді, жағалай сыйлық берілді), т.б.*

Үстеулер мағыналық жағынан заттың амал-әрекеті мен қимылының белгісінің белгісін және заттың сынының белгісін білдіру сипатымен де ерекшеленеді. Мысалы: *жаңа айтты, әдейі келді, бері жүр* дегендердегі үстеулер етістіктер арқылы бейнеленіп тұрған қимылдың әртүрлі белгісін, атап айтқанда, мезгілін, мақсатын, мекенін, яғни қимылдың белгісінің белгісін білдірсе, *аса қымбат, кілең семіз* дегендердегі *тым, аса, кілең* сөздері заттың сындық белгісінің белгісін білдіреді. Соңғы тіркестердегі *аса, тым* сөздері үстеулер қатарында қарастырылған. Ғалым А. Ысқақов «заттың сынын, қимылдың өзін немесе түрлі мөлшерін, көлемін я аса күшейтіп, я аса солғындатып» көрсететін мұндай сөздерді күшейту (я ұлғайту) үстеулері десе, Н. Оралбай «сындық белгі мағынасының өте жоғары екенін білдіретін» мұндай тілдік бірліктерді (*өте, тым, ең*) күшейткіш көмекшілер деп атайды.

Қимылдың не сынның белгісін білдіру сипатына қарай үстеулерді пысықтауыш үстеулер және анықтауыш үстеулер деп бөлу де кездеседі. Пысықтауыш үстеулерге етістікке байланысты қимылдың, іс-әрекет, амалдың белгісін білдіретін (*амалсыздан, жорта, әдейі, т.б.*) үстеулер, анықтауыш үстеулерге әртүрлі заттық сынның белгісін білдіретін (*тым, аса, кілең*) үстеулер жатқызылады. Үстеулерді бұлайша топтастыруда олардың мағыналары мен қызметі негізге алынады. Қазіргі тіл жүйесінде үстеулер, негізінен, қимыл мен сын-

ның жалпылама белгісін білдіретіндіктен, заттық мағынада қолданылмайды. Зат пен қимылдың белгісін білдіретін және заттанған түрде қолданыла алатын заттық сындар мен қимылдық белгілерден үстеулер осы сипатымен ерекшеленеді. Үстеулердің кей жағдайда белгілі бір контексте өз қасиетінен алшақтап қолданылуы олардың негізгі басты белгісі болып танылмайды. Сонымен, үстеулердің лексика-семантикалық сипаты заттың қимылы мен заттың сынының әр алуан белгісін, яғни белгінің белгісін білдіруімен, сондай-ақ мағыналық абстракциялану нәтижесінде нақтылықтан қол үзуімен, нәтижесінде басқа сөз таптарымен омонимдес сипатта болуымен анықталады. Сондықтан үстеулер заттың қимылы мен сындық белгісін осы аталған сөз таптары арқылы берілетін белгілердің белгісі түрінде ғана білдіруімен ерекшеленеді. Үстеу сөздер құрамындағы әртүрлі сөздердің жалпы категориялық мағынаға ие болуы нәтижесінде дербес сөз табы ретінде қалыптасқан. Үстеу өзінің семантикалық сипаты, сөзжасамы, грамматикалық қызметі жағынан да басқа сөз таптарынан ерекшеленеді.

Ғалым А. Байтұрсынов «сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді үстеу» деп атаса, Қ. Жұбанов мағынасы істің мезгілін не мекенін көрсететін; морфологиялық белгісі - *-қы/-кі, -ғы/-гі* үстеуін (жұрнағын) ертетін: *кешегі, бұрынғы*; синтаксистік белгісі – анықталушысына жалғаусыз жетектеле тұрып, орны еркін болатын сөздерді мезгіл-мекен есімі деп анықтап, «үстеу» сөзінің орнына «мезгіл-мекен есімі» деген атауды ұсынады.

Үстеулердің мағыналық сипаты олардың негізгі морфологиялық ерекшеліктері және сөз түрлендіретін релятивтік тұлғаларының болмауымен байланысты анықталады. Сөз түрлендіретін арнайы жұрнақтарының болмауы үстеулердің басқа сөз таптарынан белгілі бір грамматикалық формалар арқылы туынды сөздер ретінде ауысып келуімен де түсіндіріледі. Мысалы, *қайта, жағалай, ретімен, жөнімен, амалсыздан, тікелей*, т.б. Туынды үстеулер құрамындағы мұндай грамматикалық формалар өзінің бастапқы қалпындағы түрлену, басқа қосымшаларды қабылдау қасиетінен айрылып, нәтижесінде форма жағынан өзгермейтін, тұлғалық өзгеріске түспейтін сөздер қатарына ауысады. Осыған орай үстеулер қатарындағы сөздерді морфологиялық ерекшеліктеріне қарай зат есімдерден (*уақытша, адамша, көйлекшең, қаперсіз* т.б.), сын есімдерден (*бұрынғыша, ескіше, кеңінен* т.б.), сан есімдерден (*екеу-*

леп, бір-бірлеп, т.б.), есімдіктерден (*мұнша, сонша, менше*, т.б.), етістіктерден (*ептеп, өлердей, айлап-жылдап*, т.б.) ауысқан сөздер ретінде топтастыруға болады. Қазіргі тілдегі үстеулердің басым бөлігі делексикалану, лексикалану және грамматикалану тәсілі арқылы жасалған сөздерден құралады. Делексикалану арқылы жасалған үстеулер қатарында дыбыстық не мағыналық өзгерістерге ұшыраған сөздер бар. Мысалы, *бүгін, биыл, түнеугүні*, т.б. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер ешқандай дыбыстық өзгеріске түспей, сол қалпында белгілі бір үстеу мағынасында қолданылады. Мысалы, *біраз, небір*, т.б. Ал грамматикалық тәсіл арқылы жасалған үстеулер бұл екі тәсіл арқылы жасалған үстеулерден сан жағынан анағұрлым көп кездеседі. Мысалы, *бірлі-жарым, бірен-саран, қайта-қайта*, т.б.

Қазақ тілінде үстеулер морфологиялық құрамына қарай негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбей, тек белгілі бір тұлғада ғана қалыптасқан сөздер жатады. Мысалы: *қазір, енді, әрі, бері, әдейі, кенет*, т.б. А. Ысқақов негізгі үстеулерге тән мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсетеді: 1) негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады: *бұрынырақ, әрірек, тым бұрын*, т.б.; 2) олардың кейбіреулері қосарланып та, плеоназм жолымен қабаттаса да қолданылады: *құр босқа, құр бекер, тектен-тек*, т.б.; 3) негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те туынды үстеулер жасала береді: *әрі-бері, әдейілеп, кейіннен, бұрын-соңды*, т.б. Ал туынды үстеулерге басқа сөз таптарынан синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған сөздер жатады. Басқа сөз таптарынан қосымшалар арқылы жасалған туынды үстеулер жалаң туынды үстеулер, бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалған үстеулер күрделі туынды үстеулер деп аталады. Туынды үстеулердің қосымшалар арқылы жасалуында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де бар. Бұл жағдайда адвербиалдану құбылысының маңызы зор. Адвербиум – латын сөзі – сөздің үстеу тобына өтуі. Қ. Жұбанов бұл ұғымды орыстың «наречіесі» латынның адвербиум, гректің епирремма дегендерінің тура аудармасы, етістікке байланысты сөздер болғандықтан, адвербиум епирремма «етістіктің жанындағы деген сөз» деп түсіндіреді.

Семантикалық сипаты жағынан үстеу сөздер бірнеше топқа бөлінеді. Үстеудің мағыналық ерекшелігіне қатысты көзқарастарды екіге бөлуге болады. Біріншісі – үстеу сөздердің мағыналық топ-

тарының сан жағынан түрліше анықталуы, екіншісі – кейбір мағыналық топтарының атауына, қызметіне қатысты. Біріншісі, яғни үстеулердің мағыналық топтарын сан жағынан анықтауда, А. Байтұрсынов оның төмендегідей бес түрін көрсетеді: 1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік, Ғ. Әбуханов та оны бес түрге бөледі: 1) мезгіл, 2) мекен, 3) бейнелік (сын-қимыл), 4) мөлшерлік, 5) күшейткіш үстеулері. Ғалымдар А. Ысқақов, Н. Оралбай үстеулерді мезгіл, мекен, мөлшер, сын (я бейне), күшейту (я ұлғайту), мақсат, себеп-салдар, топтау (я бөлу) үстеулері деп сегіз топқа бөледі. «Қазақ грамматикасында» да осы топтастыру негізге алынады. Бұл топтар морфологиялық құрамы, жасалу тәсілдері, сөйлемдегі орын тәртібі, қызметі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

Мезгіл үстеулері қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу-аспау уақытын, мезгілін білдіреді. Мысалы: *бүгін, биыл, қазір, әлі, бұрын, баяғыда, бұрын-соңды*, т.б. Морфологиялық құрамы жағынан негізгі, туынды, күрделі болып келеді.

Мекен үстеулері іс-әрекеттің бағытын, жүзеге асу орнын, мекенін білдіреді. Мысалы: *жоғары, төмен, әрі, бері, ілгері, әрі-бері, жолшыбай, жол-жөнекей*, т.б.

Мөлшер үстеулері қимылдың, амалдың, іс-әрекеттің шама-сын, мөлшерін, теңдік, кемдік дәрежесін білдіреді. Мысалы: *біраз, бірталай, бірқыдыру, сонша, мұнша, бірен-саран, анағұрлым*, т.б. Мөлшер үстеулері қимылмен қатар заттың да сындық белгісінің мөлшерін білдіреді. Мысалы: *соншама ақылды адам, мұншама қиын есеп, анағұрлым биік жер*, т.б.

Амал-әрекеттің, қимылдың болу не болмау себепін немесе салдарын білдіретін үстеулер себеп-салдар үстеулері деп аталады. Себеп-салдар үстеулері морфологиялық құрамы жағынан, негізінен, барыс және шығыс септігі жалғауларының көнеленуінен жасалған туынды түбірлі сөздерден тұрады. Мысалы: *босқа, текке, бекерге, лажсыздан, шарасыздан, амалсыздан*, т.б. Грамматикалық тұлғасы жағынан түрленбейді.

Қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, тәсілін, жасалу жолын, сынын білдіретін үстеулер сын-бейне үстеулері деп аталады. Мысалы: *бірден, дереу, өзінше, қапыда, қолма-қол, ретімен, тікелей, құр босқа, үнемі, өздігінен*, т.б. Үстеулердің мағыналық топтарының ішінде сан жағынан көп, морфологиялық құрамы ал-уан түрлі болуына қарамастан, сын-бейне үстеулері грамматикалық өзгеріске түспейді, түрленбейді. Сын-бейне үстеулерінің құрамында

негізгі үстеулермен бірге, септік жалғауларының көнеленуі, бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалған туынды үстеулер де молынан кездеседі.

Үстеудің мағыналық топтарының ішінде бірде күшейту (я ұлғайту), бірде күшейтпелі деп аталатын күшейту үстеулері қимыл, әрекетпен қатар заттың да әртүрлі белгісін, сапасын, мөлшерін, көлемін күшейтіп не бәсеңдетіп көрсетеді. А. Ысқақовтың жіктемесі бойынша күшейту үстеулеріне *ең, әбден, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті, тым, нақ, нағыз, нық, әнтек, мүлдем, дәл, керемет, қабағат, мейлінше, сонша, төтенше, жәнсіз, орасан, ерен, аса, өте*, т.б. үстеулер жатады. Ал Н. Оралбай *мейлінше, әбден, ылғи, кілең, өңкей, сәл, төтенше, жәнсіз, ретсіз, соншалық, мұншалық, айрықша, барынша, пәрменінше, оншалықты, соншалықты, мұншалықты тәрізді* сөздерді күшейту үстеулері ретінде көрсетеді. Бұл топтастыруларда кейбір мөлшер үстеулері (*сонша, соншалық, соншама*) мен сын-бейне үстеулері де (*төтенше, жәнсіз, мейлінше*) күшейту үстеулерінің қатарында қарастырылған. Қимыл мен заттың белгісінің белгісін білдіру жағынан күшейту үстеулері мен мөлшер үстеулері ұқсас болып келеді. Мысалы: *сонша қиын есеп – тіпті қиын есеп, анағұрлым жеңіл жұмыс – тіпті жеңіл жұмыс*, т.б. Үстеудің бұл топтарының арасындағы осындай ұқсастық кейде олардың аражігін анықтауда қиындық тудырады. Сол сияқты күшейту үстеулерінің қызметі белгіні, сапаны күшейтіп немесе солғындатып көрсету болса, жоғарыда келтірілген сөздердің мағынасында күшейтуден гөрі мөлшер немесе сын-бейне мәні айқын көрінеді. Сондықтан мұндай сөздер күшейту үстеулеріне жатпайды. Күшейту үстеулерінің қатарындағы *ең, тым, нақ* деген сөздерді А. Байтұрсынов нықтаулық үстеулері деп қарастырса, Қ. Жұбанов бұл сөздердің сөйлемде өз алдына мүше бола алмай, тек басқа бір түбір сөзге, онсыз да мүше болып тұрған сөзге қосылып қана жүре алатынын, сол себепті оларды сөйлемге мүше бола алатын сөз таптарымен теңестіруге болмайтынын айтып, үстеу категориясына жатқызбайды. Бұл тұжырым кейіннен Н. Оралбайдың еңбегінде дамытылып, ғалым *өте, тым, ең* тәрізді сөздерді көмекші сөздердің бір түрі – күшейткіш көмекшілер ретінде қарастырады.

Үстеудің мағыналық топтарының ішінде сан жағынан өте аз сөзді қамтитыны – мақсат үстеулері. Мақсат үстеулері қимылдың, амал-әрекеттің қандай мақсатпен жүзеге асатынын немесе аспайтынын білдіреді. Мысалы: *әдейі келді, қасақана істеді, жорта сөйледі*, т.б.

Топтау үстеулері қимылдың, амалдың, әрекеттің топтық сипатын білдіреді. Мысалы: *аздап, екеулеп, топ-тобымен, бір-бірлеп, аз-аздан, үшеулеп*, т.б. Морфологиялық құрамы жағынан топтау үстеулері тек туынды түбір сөздерден құралады.

Үстеулер әр уақытта өздері пысықтайтын сөздерінің алдында тұрып, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Пысықтауышпен қатар үстеулер сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш және баяндауыш қызметін де атқарады. Бұндай синтаксистік қызмет үстеудің барлық түріне бірдей тән емес. Мәселен, мақсат, себеп-салдар, топтау, мезгіл үстеулері анықтауыш қызметінде жұмсалмайды. Ал мезгіл, мөлшер үстеулері заттануға бейім болғандықтан, бастауыш қызметін де атқарады. Сөйлемде пысықтауыштан да басқа сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалуды үстеудің мағыналық топтарының етістіктен басқа да сөз таптарымен тіркесімділігіне байланысты. Алайда бұл тұрғыдан да олардың сипаты бірдей емес.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
2. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
3. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
5. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
6. *Әбуханов Ф.* Қазақ тілі – Алматы, 1982.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Үстеудің сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Үстеудің басқа сөз таптарымен арақатынасы.
3. Үстеу сөз табының грамматикалық ерекшелігі.
4. Үстеудің мағыналық топтары.
5. Мезгіл үстеулері, жасалуы, ерекшелігі.
6. Мекен үстеулері, құрамы, ерекшелігі.
7. Мөлшер үстеулері, құрамы, ерекшелігі.
8. Сын-бейне үстеулері, құрамы, ерекшелігі.
9. Күшейту үстеулері, құрамы, ерекшелігі.
10. Мақсат үстеулері, құрамы, ерекшелігі.
11. Топтау үстеулері, ерекшелігі, құрамы.
12. Үстеудің сөйлемдегі қызметі.

12. Еліктеу сөздер

Еліктеу сөздер – қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарға еліктеу, айналадағы әртүрлі заттардың өзара қақтығысуынан шыққан немесе қимыл-қозғалысты түрліше сипаттау негізінде қалыптасқан, басқа сөз таптарынан семантикалық, фонетика-морфологиялық және грамматикалық жағынан ерекшеленетін сөз табы. Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде қалыптасу тарихы одағайлармен байланысты. А. Байтұрсынов одағайларды ілездік, одағай, еліктеу одағай және шақырыс одағай тәрізді үш топқа бөліп, еліктеу сөздерді ілездік және еліктеу одағайларының ішінде қарастырады. Ғалымның анықтауынша, *лап, жалт, жұлт, шап, зып, сып, күмп, дүрс, бырт, кілт, тырс, дүңк*, т.б. ілездік одағайы, *шыр-шыр, быр-быр, сықыр-сықыр, былдыр-былдыр*, т.б. еліктеу одағайлары. Ал Қ. Жұбанов «жалт-жұлт», «жылт-жылт» деген сөздерді құбылыстың тұрақты, тұрақсыздығын, бір қалыпта болатынын-болмайтынын білдіретін қолданыстар ретінде түсіндіріп, одағай мен еліктеу сөздердің аражігін бөліп көрсетеді.

Еліктеу сөздердің жеке сөз табы ретінде бөлініп шығуы А. Ысқақовтың есімімен тікелей байланысты. Ғалым қазіргі қазақ тілінде «еліктеу сөздер» деген өзгеше бір сөздердің тобы бар екенін сонау 1948 жылдардың өзінде-ақ айтып, кейіннен еліктеу сөздерді грамматиканың құрамына ендірді. Одан әрі еліктеу сөздер Ш. Сарыбаев, Б. Катембаева тәрізді ғалымдардың еңбектерінде зерттеу нысанына алынып, дербес сөз табы ретіндегі белгілері, мағынасы, қызметі, морфологиялық құрамы анықталды. Сонымен табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе дыбыстау мүшелерінен шығатын әркілы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады. Еліктеу сөздерге қатысты А. Ысқақов «мимема» ұғымын қолданады. Ғ. Әбуханов еліктеу сөздерді өзге сөз таптарына мағыналық жағынан да, морфологиялық белгілері жағынан да ұқсамайтын, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдеби тілде де кеңінен қолданылатын сөз табы ретінде қарастырса, А. Ысқақов оларды семантикалық, грамматикалық сыр-сипатымен қатар, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да ерекшеленетін дербес сөз табы деп көрсетеді.

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан семантикасы, дыбыстық құрамы және морфологиялық сипаты жағынан ерекшеленеді. Семантикалық жағынан еліктеу сөздер табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстар мен табиғи көріністің бейнелерін сипаттайды. Соның негізінде еліктеу сөздер мағынасы жағынан еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып екі топқа бөлінеді. Бұлардың арасындағы басты айырмашылық: еліктеуіш сөздер есту мүшелері арқылы пайда болса, бейнелеуіш сөздер көру мүшелері арқылы пайда болады.

Табиғат құбылыстары мен айналадағы заттардың қозғалысынан шыққан дыбыстарға еліктеуден пайда болған сөздер еліктеуіш сөздер деп аталады. Еліктеуіш сөздер мынадай дыбыстардың негізінде пайда болады: 1) Табиғаттың әртүрлі құбылыстары: желдің гуілі, найзағайдың жарқылы, жапырақтың сыбдыры, судың сылдыры, сарқырауы, т.б.; 2) Айналадағы заттардың бір-біріне соқтығысуынан немесе бір орыннан екінші орынға қозғалуынан шыққан дыбыстар; 3) Аң-құс, жан-жануарлардың дауыстары; 4) Адамның дыбыстау мүшелерінен шыққан дыбыстар, т.б. Еліктеуіш сөздерге *арс, гүрс, тарс-тұрс, сырт, шаңқ, қыңқ, күңк, гу, шатыр-шұтыр, бұрқ-бұрқ, бұрқ-сарқ, қарқ, шыр-шыр, бырс-бырс, салдыр-гүлдір, ызың-ызың*, т.б. әртүрлі дыбыстарға еліктеуден пайда болған сөздер жатады.

Табиғаттағы, айналадағы заттардың сыртқы бейнесін, қимыл-қозғалысын және олардың жүзеге асу сипатын көзбен көру арқылы пайда болған түсінік атаулары бейнелеуіш сөздер деп аталады. Бейнелеуіш сөздерге *қалт, кілт, балпаң-барпаң, ербең, жалп, жалт, шап, лап, сумаң-сумаң, жалп-жалп, жапұр-жұпыр, маң-маң* т.б. сөздер жатады. «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) бейнелеуіш сөздерді мағынасына қарай мынадай екі топқа бөледі: 1) қимыл процесінің бейне-сипатын бейнелейтін сөздер: *алшаң, митің-митің* т.б.; 2) адамның, заттың сыртқы тұлғасын, пішінінің күйін көрсетеді: *дал-дал, өрім-өрім, дода-дода, арса-арса* т.б. Ғалым Н.Оралбай бейнелеуіш сөздердің мағынасындағы мынадай ерекшеліктерді анықтайды: 1) заттардың түрлі сыртқы бейнесін білдіреді: *салаң-салаң, жалба-жұлба* т.б.; 2) қимылдың сипатын білдіреді: *митың-митың, томпаң-томпаң* т.б.; 3) табиғи құбылысты сипаттайды: *жалт-жұлт, жарқ-жұрқ, жалп-жалп* т.б.; 4) жанды заттардың дыбысын, қалпын сипаттайды: *шұнаң-шұнаң, пырт-пырт*, т.б.; 5) жансыз заттардың бейнесін суреттейді: *ойқаң-тойқаң, ақыр-шақыр*, т.б.

Еліктеу сөздердің дыбыстық ерекшеліктері олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағымен анықталады. Дыбыстық

құрамы жағынан еліктеу сөздердің қалыптасқан орнықты жүйесі бар. Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамындағы дауысты дыбыстардың алмасуы олардың мағынасына да әсер етеді. Мысалы: *тарс-тарс, тырс-тырс, тарс-тұрс; шаңқ-шаңқ, шаңқ-шұңқ, шіңк-шіңк* деген еліктеулердің дыбыстық құрамындағы өзгерістер сипатталып отырған құбылыстың дыбыстық жағынан түрліше қабылданатындығын білдіріп тұр. Осы тұрғыдан алғанда, еліктеу сөздердің құрамындағы дыбыстық алмасулардың сөз мағынасына әсері морфонологиялық тұрғыдан емес, фонетика-семантикалық тұрғыдан қарастырылады.

Еліктеу сөздер буын жігіне қарай бір, екі және үш буынды болып бөлінеді. Оның ішінде бір буынды еліктеулер таза еліктеу сөздердің өзінен жасалса, екі буындылар еліктеу сөздерден, ал үш буындылар басқа сөз таптарынан жасалады. Еліктеу сөздердің құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстар адамның көңіл-күйі мен эмоциясына байланысты әртүрлі ырғақпен айтылады. Мысалы, *шыр-шырр, сарт-саарт, дар-дарр, баж-бажж* т.с.с.

Морфологиялық құрылысына қарай еліктеу сөздер жалаң және күрделі болып бөлінеді. Жалаң еліктеу сөздер негізгі және туынды еліктеу сөздерден, ал күрделі еліктеу сөздер туынды еліктеу сөздердің қосарлануы не қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *гүрс, тарс, жарқ, жалп, сылқ, елпең, жалбаң, қараң, созалаң, бұралаң*, т.б. – жалаң еліктеу сөздер, *арс-арс, сарт-сұрт, қараң-құраң, тарс-тұрс, жарқ-жұрқ, зыр-зыр, қорбаң-қорбаң, арса-арса, жалбаң-жалбаң*, т.б. – күрделі еліктеу сөздер.

Еліктеу сөздерді қосарлап айту еліктелетін дыбыстың немесе бейнеленетін қимылдың әртүрлі қалпын білдірсе: *сарт-сұрт, бұрқ-сарқ, тарс-тұрс, шарт-шұрт*, т.б., қайталап айту еліктелетін дыбыстың немесе бейнеленетін қимылдың бірнеше дүркін қайталанғанын білдіреді: *гүрс-гүрс, жарқ-жарқ*, т.б. Еліктеу сөздер негізгі мағынасында көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғауларын қабылдамайды, яғни түрлену жүйесіне түспейді.

Синтаксистік тұрғыдан еліктеу сөздер зат есім және етістіктермен тіркеседі. Мысалы: *сарт-сұрт соққы, шарт-шұрт шапалақ, саңқ-саңқ дауыс, саңқ-саңқ сөйледі, жарқ-жұрқ етті, селк етті, жалт қарады, қалт тоқтады, кілт бұрылды*, т.б. Бірақ аталған сөз таптарымен тіркесімділік сипаты бірдей емес. Зат есімдерге қарағанда, еліктеу сөздер етістіктермен тіркесуге бейім болып келеді. Етістіктермен тіркесу қабілетінде, басқа етістіктермен

салыстырғанда, ет көмекші етістігімен еркін тіркесе береді. Зат есім, етістік сөздермен тіркесуі нәтижесінде еліктеу сөздер сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш, құранды мүше құрамында баяндауыш, заттанған жағдайда бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
3. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
5. *Әбуханов Ф.* Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
6. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Еліктеу сөздердің сөз табы ретінде қалыптасуы.
2. Еліктеу сөздердің семантикалық және морфологиялық ерекшелігі.
3. Еліктеуіш сөздер, мағынасы, дыбыстық-морфологиялық құрамы, қолданысы.
4. Бейнелеуіш сөздер, мағынасы, дыбыстық-морфологиялық құрамы, қолданысы.
5. Жалаң және күрделі еліктеу сөздер, ерекшелігі.
6. Еліктеу сөздердің қызметі.

13. Шылау

Толық мағыналы атауыш сөздермен тіркесіп, оларға қосымша грамматикалық мағына үстейтін, лексика-грамматикалық сипаты атауыш сөздермен тіркескен жағдайда анықталатын, дербес қолданылмайтын көмекші сөздер шылау деп аталады. Шылау сөздер басқа сөз таптарынан мынадай белгілері арқылы ерекшеленеді: 1) толық лексикалық мағынасының болмауы, 2) дербес, контекстен тыс қолданылмауы, 3) контексте атауыш сөздердің шылауында, жетегінде тұруы, 4) атауыш сөздерге қосымша грамматикалық мағына үстеуі, 5) сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруы, 6) сөйлем мүшесі қызметін атқармауы, 7) түрленбеуі.

Шылаулар – грамматикалық мағыналы сөздер. Шылаулардың грамматикалық мағыналары олардың лексикалық мағыналарының грамматикалық қалыпқа көшуімен айқындалады. Соның негізінде шылаулар сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын және өздері тіркескен сөздеріне әртүрлі грамматикалық мағына үстей алатын қызметке ие болуымен ерекшеленеді.

Шылау сөздердің бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланысты, енді бір тобы сөз тіркесі мен сөйлем арасындағы байланысты, ал келесі тобы белгілі бір сөздің грамматикалық мағынасын айқындау үшін қолданылады. Грамматикалық сипатындағы осындай ерекшеліктері жалпы шылау сөзінің қолданысында, оларды іштей топтастыруда қарама-қайшы пікірлердің тууына негіз болды.

Мәселен «Тіл – құралында» А. Байтұрсынов сөздерді атауыш және шылау сөздер деп екі топқа бөліп, шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулықты жатқызады. Ғалым шылау ұғымын дербес сөз табы емес, белгілі бір сөздер тобының атауы ретінде қолданады. Ал Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі барлық сөздерді түп мүше (түбір) және жамау мүше (шылау) тәрізді екі үлкен топқа бөліп алып, шылауларды «екінші түрлі сөз мүшелері түбіршілеп, өздігінен пайдаға аса алмайды, тек түбірге жамалып, жалғанып қана, түбірдің шылауында тұрып қана белгілі мағына шығара алады» деп анықтайды. Одан әрі ғалым шылауларды қосалқы және қосымша, қосымшалардың өзін іштей жалғау және үстеу, ал қосалқыларды жалғауыш және үстеуіш деп бөледі. Ғалымның топтастыруындағы «өзін ерткен сөзді басқа бір сөзбен жалғастыратын» жалғауыш қосалқылары жалғаулық және септеулік шылаулар болса, «өзін ерткен сөзге тек мағына үстеп қана қоятын» үстеуіш қосалқылар демеулік шылауларға сәйкес келеді.

Шылау сөздердің аталуымен қатар оларды мағыналық жағынан топтастыруда да қарама-қайшы пікірлер болды. Мәселен, М. Балақаев алғашқыда қазақ тіліндегі шылау сөздерді төмендегідей бес топқа бөледі: 1) күшейткіш үстеуліктер (*тап, өте, аса, тым*); 2) болымсыздық үстеуліктер (*еш, жоқ, емес, ма, мен*); 3) сұраулық демеуліктер (*ма, ме, па, не* т.б.); 4) демеуліктер; 5) жалғаулықтар. Бұл топтастырудан қазіргі кездегі күшейткіш көмекшілер, есімдіктер, болымсыз етістіктің жұрнақтары мен көмекші етістіктердің шылау сөздердің қатарында қарастырылғаны байқалады. Сондай-ақ шылаулардың іштей топтастырылуы мен олардың аталуында да бірізділік жоқ. Кейіннен автор бұл мәселені қайта қарап, шылау

сөздерді демеулер, демеуліктер, жалғаулықтар деп үш топқа бөледі. Ғалымның бұл топтастыруында, сан жағынан болмаса да, аталуы жағынан өзгешеліктер болды.

Шылаулардың мағыналық топтары, қызметі, грамматикалық ерекшеліктері қазақ тілінің академиялық грамматикалары мен Ғ. Әбуханов, Ә. Төлеуов, А. Ысқақов, С. Исаев, Н. Оралбай, Қ. Молғаждаров, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылып, шылаулардың жалғаулық, септеулік және демеулік деп аталатын негізгі үш тобы жүйеленеді.

Жалғаулық шылаулар тиянақты тұлғада келіп, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін қолданылады. Сондай-ақ байланыстырушы сөздердің, сөйлемдердің арасындағы грамматикалық қатынастар да жалғаулық шылаулар арқылы анықталады.

Жалғаулық шылаулардың мағыналық топтарын ғалымдар түрліше анықтайды. Мәселен, Ғ. Әбуханов жалғаулық шылауларды ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлық деп төрт түрге, А. Ысқақов ыңғайластық, талғаулықты, қарсылықты, себептік, салдарлық, шарттық, айқындағыш, ұштастырғыш деп сегіз түрге бөледі. Ғалым яғни, *демек, ал, ендеше, олай болса, ал ендеше* тәрізді қыстырма сөздерді айқындағыш және ұштастырғыш жалғаулықтары ретінде қарастырады. Ал Н. Оралбай жалғаулық шылауларды мағынасы мен қызметіне қарай ыңғайластық, қарсылық, талғаулықты, себептік, салдарлық, шартты жалғаулық деп алты түрге бөледі.

Қазақ тілінің академиялық грамматикаларында жалғаулық шылаулар мағынасына қарай ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себептік, салдарлық (немесе себеп-салдарлық) және шарттық жалғаулықтар болып 6 түрге бөлінеді.

Ыңғайластық жалғаулықтар өзара тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін және сөйлемдерді салаластыра байланыстырады. Жалғаулықтың бұл түріне *мен, бен, пен, және, әрі, да, де, та, те, әрі* шылаулары жатады.

Қарсылықты жалғаулықтар алғашқы сөйлемде айтылған ойға кейінгі сөйлемдегі ойдың қарама-қарсылығын, яғни сөйлемдер арасындағы қарсылықты қатынасты білдіреді. Оларға *бірақ, алайда, әйткенмен, дегенмен, әйтпесе, әйтсе де, сонда да*, т.б. қарсылық мәнді шылаулар жатады.

Талғаулықты жалғаулықтар бірыңғай сөздер мен салалас сөйлемдерді байланыстырып, ондағы зат, сын, іс-әрекеттің біреуінің

ғана жүзеге асатынын, болатынын білдіреді. Мұндай байланыс *я, яки, әлде, не, немесе, біресе*, т.б. шылаулар арқылы қалыптасады.

Себептік жалғаулықтар соңғысы алдыңғысының себебін білдіретін сөйлемдерді байланыстырады. Ондай жалғаулықтарға *себебі, өйткені* шылаулары жатады.

Салдарлық жалғаулықтар алдыңғы сөйлемде айтылған белгілі бір ойдың, хабардың нәтижесі кейінгі сөйлем арқылы берілуін білдіреді. Салдарлық жалғаулықтарға *сондықтан, сол себепті* шылаулары жатады.

Шарттық жалғаулықтар сөйлемдердің арасындағы шарттық қатынасты білдіреді. Мұндай қызмет *егер, егер де* шылаулары арқылы жүзеге асады.

Септеулік шылаулар өзара бағыныңқылық қатынастағы сөздерді байланыстырып, олардың арасындағы әртүрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылады. Септеулік шылаулардың өзі грамматикалық байланысқа түсетін сөздердің септік жалғауларының бірінде келуін қажет етуі оларды мағынасы мен қызметі жағынан септік жалғауларына жақындатады. Қазақ тілінде ілік, табыс, жатыс септіктерінен басқа септік жалғаулары септеулік шылаулармен тіркеседі.

Септеулік шылауларды топтастыруда олардың өздері меңгеретін септік жалғаулары мен өздері тіркесетін сөздеріне үстейтін негізгі грамматикалық мағыналарына назар аударылады. Меңгеретін септік жалғауларына қарай септеулік шылаулар мынадай түрлерге бөлінеді: 1) атау септікті меңгеретін септеуліктер: *үшін, сайын, арқылы, бойы, шамалы*, т.б.; 2) барыс септікті меңгеретін септеуліктер: *қарай, таман, дейін, шейін, тарта, жуық*, т.б.; 3) шығыс септікті меңгеретін септеуліктер: *кейін, соң, бұрын, бері, гөрі, бетер*, т.б.; 4) көмектес септікті меңгеретін септеуліктер: *бірге, қатар, қабат, қоса*.

Тіркесетін сөзіне үстейтін негізгі грамматикалық мағынасына қарай: 1) мезгіл, мекен мағынасындағы септеуліктер: *үйге дейін, ертеңге шейін, кешке таман, күзге салым* т.б.; 2) амал мағыналы септеуліктер: *анасымен бірге, көпір арқылы, жоспар бойынша*, т.б.; 3) мақсат мағыналы септеуліктер: *оқу үшін, анасына бола*, т.б.; 4) қатыстық мағыналы септеуліктер: *жұмыс жайлы, адамгершілік туралы, жоспар жөнінде*, т.б.; 5) теңеу мағыналы септеуліктер: *күн сияқты, гүл тәрізді*, т.б.

Демеулік шылаулар жалғаулық және септеулік шылаулардан грамматикалық қызметі жағынан ерекшеленеді. Егер жалғаулық,

септеулік шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстырып, олардың арасындағы грамматикалық қатынасты анықтаса, демеулік шылаулар өзі тіркесетін сөзге әртүрлі қосымша грамматикалық мағына үстейді. Мысалы: *мен де, айттыпты-мыс, жақсы-ақ*, т.б.

Демеулік шылаулардың шылау категориясының бір түрі ретінде танылуында бірізділік болғанымен, оны іштей саралауда және мағыналық топтарының атауларында бірқатар алшақтықтар кездеседі. Мысалы, 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілінде» демеуліктер сұрау, жалынышты тілек, тежеу, күшейту, кісінің көңіл-күйін білдіретін, сенімділік, кекесін мағынасындағы демеуліктер болып 7 түрге бөлінсе, «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) сұраулық демеуліктер, күшейту, даралау мағынасындағы демеуліктер, тежеу мағынасындағы демеуліктер, қарсы қою, салғастыру мағынасындағы демеуліктер, көңіл күйін білдіретін демеуліктер, модальдық демеуліктер болып 6 түрге бөлінеді. Ал «Қазақ грамматикасында» (2002) сұраулық демеуліктер, күшейтпелі демеуліктер, шектеу (тежеу) демеуліктері, болжалдық демеуліктер, болымсыздық, қарсы мәнді, салыстыру мағынасындағы демеуліктер, нақтылау мәнді демеуліктер, қосыну мәнді демеуліктер тәрізді 7 түрі көрсетіледі. А. Ысқақовтың еңбегінде де сұраулық, күшейткіш, нақтылық, шектік, болжалдық, болымсыздық, қосыну тәрізді 7 түрі анықталады. Ал Н. Оралбай шектеу (тежеу) демеулігін шектеу демеулігі және тежеу демеулігі деп жеке алып, демеулік шылаулардың 8 түрін көрсетеді.

Демеулік шылаулардың ішінде ең жиі қолданылатыны – сұраулық демеуліктер. Мағынасы жағынан заттың, құбылыстың жайын, күйін, белгілі бір хабарды білу үшін қолданылады. Қазақ тіліндегі сұраулық демеуліктерге *ма, ме, ба, бе, па, пе, ше* шылаулары жатады.

Күшейткіш демеуліктері сөйлемдегі өзі қатысты сөздің мағынасына күшейту мәнін үстейді. Мұндай қызметті *-ай, -ақ, -ау, да, де, та, те* шылаулары атқарады.

Шектеу, тежеу демеуліктері белгілі бір қимылға, затқа, амалға, мезгілге, т.б. тежеу, шек қою мағынасын үстейді. Демеуліктердің бұл тобына *ғана, қана, -ақ* шылаулары жатады.

Болжалдық демеуліктер сөйлемде айтылған ойға күмандану, сенімсіздік, көмескілендіру, мысқыл, кекесін мағынасын үстеу үшін қолданылады. Бұл топқа *-мыс, -міс, -ау* шылаулары жатады.

Болымсыздық демеуліктері сөйлемдегі өзі қатысты сөздің мағынасына қосымша болымсыздық, салыстыру мәнін үстеу

үшін қолданылады. Болымсыздық мағына *түгіл, тұрсын, тұрмақ* демеуліктері арқылы беріледі.

Нақтылау демеулігі жеке сөздер мен сөз тіркестері арқылы берілген мағынаны нақтылау үшін қолданылады. Нақтылау мағынасы *қой, зой, -ды, -ді, -ты, -ты* демеуліктері арқылы беріледі.

Қомсыну демеулігі өзі қатысты сөзге қомсыну, көңілі толмау, кемсіну мағынасын үстейді. Қомсыну мағынасы бір ғана *екеш* демеулігі арқылы беріледі.

Сонымен шылау сөздер басқа көмекші сөздерден (көмекші есім, көмекші етістік) ерекше қолданысы мен грамматикалық мағыналарының сипатына қарай дараланып, жеке сөз табы ретінде қарастырылады.

«Көмекшілердің даму дәрежесінің түрлілігі олардың бәрі грамматикалық мағынаға көшкен деген пікірге күмән туғызады, бірақ әзір бұл бағытта зерттеу жұмыстары аз» екендігін ескерсек, көмекші сөздердің бір түрі – шылаулардың да грамматикалық болмысы, тілдік табиғатына қатысты әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Соның бірі – шылаулардың сөйлем мүшелеріне қатысы, яғни синтаксистік қызметі туралы мәселе. Шылау сөздердің сөйлем ішінде өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармайтыны белгілі. Алайда олардың «грамматикалық мәнділігінің негізгі мағынамен бірге тіркесті сөздің ұғымын кеңейтіп, белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде көріне алуын» ескерсек, негізгі сөздермен тіркесу қабілеті олардың лексика-грамматикалық мағынасының нақтылануына ғана әсер етпей, сөз бен сөз арасындағы байланысу тәсіліне арқау болып, соның негізінде сөз тіркестерінің белгілі бір синтаксистік қатынаста болуына әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
2. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. – Алматы, 2009.
3. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. *Әбуханов Ф.* Қазақ тілі. – Алматы, 1982.
5. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
6. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
7. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
8. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
9. *Молғаждаров Қ.* Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. – Көкшетау, 2002.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Шылаулардың сөз табы ретінде ерекшелігі, зерттелуі.
2. Жалғаулық шылаулар, түрлері, қызметі.
3. Септеулік шылаулар мен септік жалғауларының арақатынасы, қызметі.
4. Септеулік шылаулардың түрлері, мағынасы.
5. Демеулік шылаулар, шылаудың басқа түрлерінен ерекшелігі.
6. Демеулік шылаулардың түрлері, мағынасы.
7. Шылаулардың қызметі.

14. Одағай

Адамның көңіл-күйін, сезімін білдіру үшін, сондай-ақ амандасу, коштасу, бұйыру, төрт түлікті шақыру, айдау жағдайларында қолданылатын сөздер одағайлар деп аталады. «Одағай» термині ең алғаш Г. Архангельскийдің грамматикасында қолданылған. Одағай сөздердің тілдік табиғаты, олардың жеке сөз табы ретінде қалыптасуы бірқатар шетелдік, кеңестік ғалымдар мен түркітанушылардың, сонымен қатар қазақ ғалымдарының да еңбектерінде қарастырылады. Атап айтсақ, Л. Теньер, Ф. Бруно, В. Виноградов, О. Ахманова, В. Гак, К. Гаджиев, Р. Рустамов, С. Иманалиев, М. Балақаев, Ш. Сарыбаев, т.б.

Түркі тіл білімі тарихында одағай сөздер – ғылыми тұрғыдан аз зерттелген сөз таптарының бірі. Бұл бағыттағы зерттеулерде одағайлар лексика-семантикалық және грамматикалық қырынан ғана қарастырылады (М. Закиев, К. Гаджиев, Р. Рустамов, С. Иманалиев).

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының қалыптасу тарихында одағайлар бірде шылау сөздердің ішінде (А. Байтұрсынов), бірде таптаспаған сөздер (Қ. Жұбанов) ретінде өз алдына жеке қарастырылып келді. Мәселен, А. Байтұрсынов сөздерді атауыш және шылау сөздер деп 2 топқа бөліп, одағай сөздерді екінші топта қарастырса, Қ. Жұбанов «таптасқан сөздер заттың өзін, сипатын, ісін айырып атау үшін қажет, таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет» деп, одағай сөздерді «таптаспаған сөздер» ретінде көрсетеді. Мысалы: *Сорап-сорап – су иш* дегендегі *сорап-сорап* таптаспаған, *су иш* таптасқан сөздер болып саналады.

Одағайларды жеке сөз табы ретінде алғаш ғалым Ш. Сарыбаев зерттеу нысанына алды. Ғалымның 1953 жылғы «Қазақ тіліндегі одағайлар» атты зерттеуінде одағайлардың фонетикалық, грамматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, қазақ тіліндегі одағайлардың зерттелу тарихы, емлесі, мағыналық сипаты, дауыс ырғағы сараланып, нақты тұжырымдар жасалады. Бұл зерттеудің тағы бір ерекшелігі, ғалым одағайларды «субъектінің әсерін, көңіл-күйін, сезімін белгілейтін өзгермейтін сөздер» ретінде танып, күнделікті сыпайылық формасы мен әдет-ғұрыпқа қатысты (*рахмет, кеш жарық*, т.б.) сөздерді ескере отырып, одағайдың анықтамасына «сонымен қатар күнделікті қатынастың көпшілік мақұлдаған әдет-ғұрпын анықтайтын сөздер» деген толықтыру енгізеді.

Қазақ тіліндегі одағайлар Ә. Нұрмаханованың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» (1971), «Қазіргі қазақ тілі» (1982) еңбектерінде басқа сөз таптарымен бірге қарастырылса, одан бері З. Ибадилдина, З. Туебекова, Р. Хисамутдинова, З. Базарбаева, Г. Тяжиналардың еңбектерінде жалпы лингвистикалық сипаты тұрғысынан жан-жақты зерттелді.

Одағайлар – түрленбейтін сөздер тобы. Осы орайда ғалым С. Исаевтың «одағай сөздердің сөз табы ретінде қаралуына олардың түрленуі мен синтаксистік қызметі, яғни грамматикалық сипаты емес, ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негіз болып табылады» деген пікірін ұстана отырып, одағай сөздердің жеке сөз табы ретінде танылуын олардың жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстеуімен байланысты түсіндіруге болады.

Сөздерді сөз таптарына бөлуде олардың лексика-грамматикалық сипаты мен тұрақты белгілері негіз болады. Ал одағайлардың сөз табы ретіндегі ерекшелігі, біріншіден, нақты ұғымдық мәнінің болмауы, сол себепті өз алдына жеке лексикалық мағынасы болмайды, екіншіден, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспегенімен, жалпы ойға қатысты субъектінің түрлі көңіл-күй, сезімін білдіруімен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер одағайлардың өзіне тән бірнеше белгілерімен анықталады. Ал ол белгілер ғалымдар тарапынан түрліше сипатталады. Мәселен, Ә. Төлеуов семантикалық ерекшелігі, морфологиялық белгісі, синтаксистік қызметі жағынан өздеріне тән мәні бар сөз таптарының бірі ретінде одағайлардың мынадай белгілерін атап көрсетеді:

1) Заттық ұғымдармен байланысты түсініктердің атын емес, адамның ішкі дүниесімен байланысты ишараттарды білдіреді;

2) Грамматикалық формаларының болмауы себебінен сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түспейді;

3) Негізгі сөйлеммен қабаттаса қолданылатын жанама, жарыспа сөйлем бола алады, бірақ сөйлемде өз алдына жеке сөйлем мүшесі болмайды.

4) Субстантивтенген жағдайда түрлі қосымшалар қабылдап, сөйлемнің қалыпты мүшесі бола алады.

А. Ысқақов та одағайлардың мынадай бірнеше белгілерін атап көрсетеді:

1) Адамның әртүрлі сезімімен байланысты дыбыстық ишараттарды білдіреді;

2) Адамның көңіл-күйі құбылмалы болатындықтан, одағай сөздердің көпшілігінің мағыналары да құбылмалы, көп мағыналы болып келеді;

3) Өздері жарыса айтылатын сөйлемнен дауыс ырғағы арқылы оқшауланып, сөйлем мүшесі қызметін атқармайды.

Одағайлардың қазақ тіл біліміндегі дәстүрлі зерттеулерде қалыптасқан осындай белгілерін Е. Тяжина өз тарапынан мынадай белгілермен толықтырады:

1) Одағайлар – өзгермейтін сөздер тобы, олардың арнайы грамматикалық көрсеткіштері (грамматикалық категориялары) жоқ;

2) Одағай сөздер қатары интеръективация және кірме сөздер арқылы толығыады (интеръективация – дыбыстар мен басқа сөз таптарынан ауысқан сөздердің адамның түрлі сезімін, көңіл-күйін білдіру үшін қолданылу жолы);

3) Сөйлемде басқа сөздермен тікелей синтаксистік қатынасқа түспейді, бірақ жеке сөйлемнің баламасы ретінде жұмсалады;

4) Басқа сөз таптарымен салыстырғанда, ойды көріктендіріп тұратын әуезділік пен дауыс ырғағына өте бай;

5) Белгілі бір сөйлеу жағдаятына байланысты дайындықсыз жүзеге асатын ауызекі сөйлеу тіліндегі тілдік бірліктер ретінде эмоция мен экспрессияға қанық;

6) Эмоционалды-экспрессивті қызметімен қатар модальды-бағалауыштық, фатикалық, волюнтативті, прагматикалық қызмет атқарады;

7) Одағайлардың көп мағыналылығын сөйлеу жағдаяты мен контекстен тыс айқындау мүмкін емес;

8) Одағайлардың тілдік статусы тікелей қатысым актісіне байланысты коммуникативтер ретінде «сөз-сөйлесім» деп анықталады;

9) Адамның көңіл-күйін білдіретін лепті, сұраулы сөйлемдер түрінде қолданылып, жазба тілде белгілі тыныс белгілері арқылы ажыратылады;

10) Көбінесе мимика, жест сияқты паралингвистикалық құбылыстармен бірге беріледі.

Әр сөз табы морфологиялық жүйеде лексика-семантикалық сипатымен де ерекшеленетінін ескерсек, бұл жүйеде одағайлар да мағыналық-морфемдік құрамына қарай түрліше сипатталады.

Одағайлардың мағыналық жағынан топтастырылуы жөніндегі ғылыми пікірлерге сүйенсек, онда, біріншіден, сан жағынан, екіншіден, аталуы, үшіншіден, ішкі сипаты жағынан өзіндік ерекшеліктер, алшақтықтар байқалады. Мәселен, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Ш. Сарыбаев, А. Ысқақов, Ә. Төлеуов, Н. Оралбай, т.б. ғалымдар одағайларды сан жағынан бірдей, яғни 3 топқа бөлсе, Н. Сауранбаев 4 түрін бөліп көрсетеді. Кей тұжырымдарда еліктеу сөздердің де (А. Байтұрсынов, Н. Сауранбаев) одағайлардың ішінде қарастырылғандығы белгілі. Бұл сөз таптарының қалыптасу тарихында еліктеу сөздердің бастапқы кезде одағайлардың ішінде қарастырылуымен байланысты.

Одағайлардың мағыналық жағынан түрліше топтастырылуы оның кейбір топтарының түрліше аталуымен немесе кейбір одағайлардың бірде бір топ ішінде, енді бірде өз алдына жеке топ ретінде қарастырылуымен де байланысты. Мәселен, А. Байтұрсынов барлық одағайларды бір ғана топта қарастырса, Н. Сауранбаев императивтік (шақыру) одағайларды малға байланысты және жекіру, қарғыс одағайлары деп жеке бөліп қарастырады. Ал тұрмыс-салт одағайларын Қ. Жұбанов қатынас, А. Байтұрсынов шақырыс одағайларында қарастырса, А. Ысқақов пен Н. Сауранбаевта бұл топ көрсетілмейді.

Одағайлардың мағыналық топтарына қатысты пікірлердің ішінде ерекше назар аударатыны – Е. Тяжинаның топтастыруы. Алдыңғы пікірлерден ерекшелігі: мұнда одағайлар қатысымдық-прагматикалық сипаты тұрғысынан жіктеледі. Ғалымның пайымдауынша, эмоционалды-бағалауыштық одағайлар субъектінің сыртқы дүние құбылыстары мен адресатқа деген эмотивті-бағалауыштық қатынасын, волонтиативті одағайлар субъектінің адресатқа тікелей әсерін, сөйлесім мен хабарға субъективті-модальдік қатынасын,

қатысымдық одағайлар субъектінің сөйлеу жағдаятына қатынасын білдіреді.

Сонымен, одағайларды топтастыруда олардың мағынасы мен функционалды белгілері негізге алынады. Мағыналық құрамына қарай көңіл-күй одағайлары, императивтік одағайлар және тұрмыс-салт одағайлары, ал функционалды сипатына қарай эмоционалды-бағалауыштық одағайлар, волонтиативті одағайлар және қатысымдық одағайлар деп топтастырған жөн.

Одағайларды мағыналық және морфемдік құрамына қарай бөлуде олардың көпмағыналылығына да назар аударылады. Жалпы көпмағыналылық немесе полисемия құбылысы басқа да сөз таптарына тән. Бірақ одағайлардың көпмағыналылық сипаты сөйлеу жағдаяты және контексте анықталады. Одағайлардың көп мағыналылығын одан тыс анықтау мүмкін емес. Мәселен, *пәлі* одағайының кекету, мысқылдау, таңдану тәрізді мағыналық қырлары тек сөйлеуде не сөйлемде анықталады.

Одағайлар қатарында интерьективтенген одағайлар, яғни бастапқы мағынасынан толық не жартылай (*бетім, дүние-ай, дариға-ай*) алшақтауы нәтижесінде қалыптасқан сөздер де кездеседі. Интерьективтену үдерісінде ондай сөздер бастапқы заттық, қимылдық, сындық мағыналарынан қол үзіп, тікелей сөйлеу актісіне қатысты тілдік бірлік ретінде жұмсалады. Олар сыртқы тұлғасы жағынан өзгермейді. Мысалы, *дүние, бетім* сөздері одағайлану үдерісінде түрленбейді.

Одағайлар іштей мүшеленбейтін, синтаксистік жағынан басқа грамматикалық категориялардан оқшау тұратын ерекшеліктеріне қарай адамның көңіл-күйін, түрлі сезімін білдіретін сұраулы, лепті сөйлемдер ретінде қолданылады. Осындай қызмет ерекшелігіне қарай одағайларды сөз-сөйлем түрінде қараушы пікірлер де кездеседі. Мысалы: *Қане! (іске кірісейік, іске кірісіңдер* деген мағынада). Бұл жағдайда одағайлардың интонациялық сипатының да маңызы ерекше.

Одағайлар заттанған және көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: *аһлеп, ойбайым, аттандап, ойбай салды, аһ ұрды, ә дегенде*, т.б.

Сондай-ақ одағайлар негізгі сөйлемдермен қабаттаса да қолданылып, сөйлемдегі ойдың мазмұнына қатысты түрлі эмоцияны айқындап тұрады.

Одағайлардың сөйлемнен тыс және сөйлеммен қабаттаса қол-

данылуы олардың бірнеше қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Олар: эмоционалды-экспрессивті, модальды-бағалауыштық, фатикалық, волонтиативті, прагматикалық қызметтер.

Сонымен, одағайлар жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармаса да, дербес сөйлем түрінде немесе негізгі сөйлеммен жарыса қолдану нәтижесіндегі функционалды сипатына байланысты басқа сөз таптарынан ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
2. *Жұбанов Қ.* Қазақ тіл жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1998.
3. *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
4. *Төлеуов Ә.* Сөз таптары. – Алматы, 1982.
5. *Тяжина Е.* Одағайлардың прагматикалық қолданысы. – Алматы, 2006.
6. *Академик Н. Сауранбаевтың* еңбектері. – Алматы, 2000.
7. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
8. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Одағайлардың сөз табы ретіндегі ерекшелігі.
2. Одағайлардың қазақ тіл біліміндегі зерттелуі.
3. Одағайлардың өзіне тән белгілері.
4. Негізгі және туынды одағайлар.
5. Одағайлардың мағыналық топтары.
6. Көңіл-күй одағайларының мағыналық қырлары.
7. Тұрмыс-салт одағайлары, ерекшелігі.
8. Императив одағайлар, түрлері, ерекшелігі.
9. Одағайлардың қатысымдық-прагматикалық сипаты.
10. Эмоционалды-бағалауыштық одағайлар.
11. Волонтиативті одағайлар.
12. Қатысымдық одағайлар.
13. Бір мағыналы және көп мағыналы одағайлар, ерекшелігі.
14. Негізгі және туынды одағайлар.
15. Одағайлардың қызметі.

15. Модаль сөздер

Жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге не сөйлемге қосымша грамматикалық мағына үстейтін немесе ойға қатысты қосымша модальділік мәнді білдіретін сөздер модаль сөздер деп аталады.

Түркітануда модаль сөздер мәселесі Е. И. Убрятова, Н. А. Баскаков, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононовтың зерттеулерінде сөз етілгенімен, өз алдына жеке сөз табы ретінде қаралмайды.

Қазақ тіл білімінде модаль сөздерді 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» өз алдына жеке қарастырылып, модаль сөздердің сөз табы ретінде қаралмауын олардың бойындағы сөз таптарына тән жүйелі белгілердің әлі де болса толық анықталмауымен, бір ізге түспеуімен байланысты түсіндіреді.

Сөздердің мағыналық, тұлғалық және қызметіндегі өзгерістер олардың бір сөз табынан екіншісіне, одан үшінші категорияға ауысуына себеп болады. Бұл өзгеріс лексика мен грамматиканың өзара қарым-қатынасы, байланысы нәтижесінде пайда болып, соның ықпалымен сөз таптары да үнемі дамып, толығып отырады. Осындай үдерістің нәтижесінде кейде жаңа сөз табы қалыптасады. Бірақ бір сөз табынан екіншісіне ауысу немесе жаңа сөз табының қалыптасуы тілдің даму барысында тым ұзаққа созылатын тілдік үдерістердің нәтижесінде жүзеге асады. Оған қазақ тіліндегі еліктеу сөздердің бастапқыда одағайлардың ішінде қаралып, бірте-бірте дамып, толығып, тек өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап жеке сөз табы ретінде танылуы негіз бола алады.

Сөздерді таптастырғанда олардың мағыналық, тұлғалық өзгерістері мен саралану дәрежелеріне баса назар аударылады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру, соның негізінде сөз таптарын сан жағынан анықтау мәселесінде бірқатар көзқарастардың болғаны белгілі. Мәселен, 1952 жылға дейін 8 сөз табы ғана қаралып келсе, 1952 жылы еліктеуіш сөздер одағайлардан бөлініп шығып, өз алдына жеке 9-шы сөз табы болып қарастырылды. Ал модаль сөздер бертінге дейін бейтарап сөздер ретінде танылып, шығу төркіні, сөз табына тән категориялық белгілері, сыр-сипаты толық анықталмай келді. Кейіннен ғалым С. Исаев модаль сөздерді сөздерді таптастыру қағидаттары тұрғысынан 10-шы сөз табы ретінде қарауды ұсынады. Соның негізінде «Қазақ грамматикасына» (2002) модаль сөздер жеке сөз табы ретінде енгізілді. Қазіргі кезде модаль сөздер

шығу төркіні, өз алдына категория болып қалыптасу ерекшеліктері мен жолдары, құрамы мен құрылымы, басқа сөз таптарымен және синтаксистік категориялармен, атап айтқанда, қыстырма сөз, сөйлем, сөйлем мүшелерімен, арақатынасы, олардан ерекшелігі, т.б. мәселелері анықталған, сөз таптары жүйесіндегі орны айқындалған сөз таптарының бірі болып танылады.

Қазақ тіл біліміндегі зерттеулерде модаль сөздер әртүрлі қырынан қарастырылады. Мәселен, ғалым Н. Оралбай «модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалады және олардың саны өте аз» деп, оларды сөз таптарының қатарына қоспай, көмекші сөздердің бір тобы ретінде анықтайды. Ғалым модальділік мағынаны тілдің түрлі деңгейіне қатысты кең өрісті тілдік категория ретінде түсіндіріп, оның етістік құрамынан көп орын алатынын, Модальділік мағынаны етістіктің рай категориясымен байланысты қарастыра отырып, алайда модальділік мағынаның құрамы өте кең болғандықтан, оның рай мағынасына сыймайтындығын, сондықтан тілде райдан тыс модальділік мағыналарды білдіретін модальділік мағыналы арнайы көрсеткіштердің де бар екенін және олардың өзінше бір топ құрайтындығын да жоққа шығармайды. Ғалымның пікіріне сүйенсек, модальділік мағынаның тек етістікке, оның рай категориясына ғана қатысты болмайтындығы анық. Сондай-ақ тілде модальділік мағынаны білдіретін арнайы көрсеткіштердің бар екендігін ескерсек, сол көрсеткіштердің бірі – модаль сөздер.

Модаль сөздерді дербес сөз табы ретінде анықтауда модальділік пен модаль сөз ұғымдарының аражігінің толық анықталмауы да қиындық туғызады. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымдар жеке сипатталады. Модальділік айтылған пікірдің шындық болмысқа қатысын, сонымен бірге оған сөйлеушінің әртүрлі субъективтік бағасын білдіретін функционалды-семантикалық категория ретінде түсіндірілсе, модаль сөздер айтылған пікірдің шындық болмысқа қатысы туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіретін сөздер ретінде сипатталады. Бұл тұжырымдардан модальділік пен модаль сөз ұғымдарының арақатынасындағы меже айқын көрінеді. Тілде модальділік бірнеше тәсілдермен, оның ішінде етістіктің рай, жақ категориялары, интонация, сондай-ақ модаль сөздер арқылы да беріледі.

Модальділік мәселесі көмекші етістіктерге қатысты зерттеулерде

де функционалды грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылып жүр. Сондықтан модальділік жалпылама сипаттағы категория ретінде етістіктің рай, жақ категорияларымен тығыз байланысты болады. Ал модаль сөздер өзінің лексика-грамматикалық белгілері жағынан кейбір сөз таптарына, яғни есім, етістік және шылау сөздерге қатысты болып келеді. Модальділіктің грамматикалық рай категориясымен және модаль сөздермен байланысын К. Аханов оның берілу тәсілдерімен түсіндіреді. Атап айтқанда, рай категориялары модальділік мағынаны білдірудің грамматикалық тәсілі болса, модаль сөздер лексикалық тәсілі болып саналады.

Модальділік мағына одағай, қыстырма сөздер және сұраулық шылаулар арқылы да беріледі. Бірақ сөйлемге модальділік реңк беретін мұндай сөздердің барлығын модаль сөздер ретінде қарауға болмайды. Модаль сөздер сөйлеушінің сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатысы туралы пікірін, көзқарасын білдіреді.

Модаль сөздер лексика-грамматикалық сипатына қарай есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден және т.б. сөздерден әртүрлі жолдармен жасалады. Мысалы, *білем, көрінеді, керек* сөздері бірте-бірте грамматикалану нәтижесінде модальдік мағынаға ие болып, етістіктен модаль сөздерге ауысқан. Сонымен *қатар мүмкін, шамасы, рас, әрине, бәлкім* сөздері де қызметі мен тұлғасы жағынан қыстырма сөз болғанымен, мағыналық ерекшелігі жағынан модаль сөздерге жақын. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық сипатындағы мұндай ерекшеліктер олардың өзі қалыптасқан сөз таптарымен омонимдік сипатта қолданылуына да әсер етеді. Мысалы: *мен оны жақсы білем, алыстан бір қара көрінеді, маған кітап керек, ойыңнан бәрін шығар* деген сөйлемдердегі *білем, көрінеді, керек, шығар* сөздері етістік болса, *хабарды естіген білем, жарысқа қатысатын көрінеді, білмей қалса керек, ендігі келген шығар* деген сөйлемдердегі *білем, көрінеді, керек, шығар* сөздері модаль сөз ретінде қолданылып, модаль сөздер мен етістіктер омонимдес болып тұр.

Модаль сөздер мағынасы жағынан бірнеше топқа бөлінеді. «Қазақ грамматикасында» олардың мынадай топтары көрсетіледі:

1) болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, мүмкін, шамасы, әлпеті, болар, шығар, білем, тәрізі*, т.б.; 2) міндеттілік мәнді модаль сөздер: *қажет, керек, тиіс, лазым, -у керек, -у тиіс, -мақ керек*, т.б.; 3) біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер қазақ тілінде де тұлғасының қатысуымен жасалады: *деп естиміз, деп*

айтады, деп айтқан, дейді, т.б.; 4) қостау (растау) мәнді модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында*, т.б.; 5) қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са/-се екен, -са/-се деймін*, т.с.с.; 6) күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *-ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі*, т.б.;

7) сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен, көрінеді*, т.б.; 8) нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, албетте*.

Қазақ тіліндегі модаль сөздер қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді: 1) тек синтаксистік қыстырма мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер: *әлпеті, шамасы, асылы, кім біледі, шынында, расында, бәлкім, әрине, албетте, т.с.с*; 2) тек баяндауыштың құрамында көмекші мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер: *-у керек, -мақ/-мек керек, -са/-се керек, -уы ықтимал, -уы тиіс, -ты/-ті білем, -ған/-ген білем*, т.б.; 3) әрі синтаксистік қыстырма мүше, әрі қимыл есімді баяндауыштың шылауында қолданылатын модаль сөз: *мүмкін, -уы/-уі мүмкін*.

Сонымен, модаль сөздер – семантикалық сипаты жағынан сөйлеуші адамның сөйлем мазмұны туралы өзіндік әртүрлі көзқарасын білдіретін, шығу, даму жолдары анықталған, лексика-грамматикалық белгілеріне қарай есім сөз таптарынан, етістіктерден, көмекші және қыстырма сөздерден грамматикалану жолымен қалыптасқан, өзі қатысты кейбір сөздермен омонимдік сипатта болатын және сөйлемнің әр шеніндегі (позициясында) қолданылысымен ерекшеленетін сөз табының бірі.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
2. *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
3. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005.
5. *Алтаева А.* Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы, 2006.
6. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Модаль сөздердің сөз табы ретінде қалыптасуы.
2. Модальділік мағына мен модаль сөздердің арақатынасы.
3. Модаль сөздердің басқа сөз таптарымен байланысы.
4. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық белгілері.
5. Модаль сөздердің семантикасы.
6. Болжал мәнді модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
7. Міндеттілік мәнді модаль сөздер, берілуі, ерекшелігі.
8. Біреудің сөзі не дерек негізіндегі модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
9. Қостау (растау) мәнді модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
10. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
11. Күмән (күдік) мәнді модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
12. Айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
13. Сенімділікті білдіретін модаль сөздер, құрамы, ерекшелігі.
14. Модаль сөздердің қызметі.

Екінші бөлім

Практикалық сабақтардың тақырыптары мен тапсырмалар

1. Тілдің грамматикалық құрылысы

1. Сөйлемдердегі сөздерге морфологиялық талдау жасап, морфемалық құрамын анықтаңыздар.

Қонақасыға әрқашан аса мырза атанған Сүйіндік үйі бүгін де етті келістіріп асқан екен. Қарабастың өткір сары пышағы қыстан қалған семіз жаяны да, алтындай сары үлдірікті де лып-лып сызып, жапырақтап жатыр. Қыс бойы бордаққа байлаған, жаңада сойылған семіз қойдың жас сүбелері де бар екен (М. Әуезов). Шай ішіп болған соң, Ршыман бос кесеге ыстық су құйғызып алып, ұстарасымен сақал-мұртын басты. Әлі де қайраты қайтып, жаси қоймаған сақал-мұрты қияқтай қатты білінгенімен, ағы дендеп бурыл тартыпты (А. Сейдімбек).

2. Берілген сөздердің құрамындағы морфема түрлерін анықтап, түбір және қосымша морфемаларды бөліп жазыңыздар.

Қалың, көңілдену, білезік, түйеөркеш, жұмсақ, мезгіл, мезет, көкшіл, ұзақ, жүргінші, қысқы, желіс, желі, томсарыңқы, кеңес, кеңей, тыным, ағынды, сана, күмбірлет, жиналу, қалады, жайғас, түсінбес, бітімі, төселу, көндік, орналастыру, сейілту, түсіндірді.

2. Грамматикалық мағына, грамматикалық форма және грамматикалық категория

1. Морфологиялық талдау жасап, грамматикалық категорияның түрлерін, сөз таптарына қатысын анықтаңыздар.

Екеуі асау көк құнанды жетектеп бара жатқанда, бір төбелесқой, тентек Сағит деген баланың бұларға істеген қырсығын да есіне алды. Бұлар қақпасының жанынан өте бергенде Сағит терезеден көре сала жүгіріп шығып, тас лақтырып, айғай салған. Өзін керек еткен сөз

бен шырайды көрмеген соң, енді Абай да Жиренше кеткеннен кейін, біраздан соң ақырын сусып, тысқа шықты (М. Әуезов). Енді, міне, осынау жапан түзде жалғыз тұрған қараша үйдің ішінде шошайып отырып, соның бәрін ой елегінен өткізді. Дәурені өтіп бара жатқан қоңыр күздің сарабал реңі қазір Ршыманның көңіл күйіне де сан килы сес беріп келеді (А. Сейдімбек).

2. Морфологиялық талдау арқылы грамматикалық мағынаның түрлері мен берілу жолдарын түсіндіріңіздер.

Бұл уақытта Жиренше соңғы атқа шідер салып, отқа жіберіп жатыр екен. Абай әкесінің жаңағы «дарға асу» деген жердегі аяздай суық пішінін еске алды. Енді көңілі де айығып, бұрынғы балалық шаттығын да, ойын-ермегін де тапса керек. Қызылшоқыдан Шыңғысқа қарай тартатын көш соқпақтың сол жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді (М. Әуезов). Түнде түскен күзгі боқыраудың қырбығы қазір көз жасындай мөлтілдеп, табиғаттың сабыр күйімен жарасым тапқан. Жапырақ біткен ақ сары, қан қызыл, қара көк түсімен тершіп, болмашы діріл қақса болды, жарқ-жұрқ сәуле шашады (А. Сейдімбек).

3. Грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен арақатынасын анықтап, нөлдік форма арқылы берілген грамматикалық мағынаны табыңыздар.

Құдайберді арғы шеткі көшке жеткенше, Құнанбай қасына жиырма-отыз аттылар жиылып қалды. Қора басына пішендерін тасу, тоңын аудару, қыс жағатын қиларын қалап алу, мал қораның жыртық-тесігін бүтіндеу, үй сылау, пеш түзету сияқты істері – қыстық мекені бар елдердің бәрінің де тегіс жұмылған науқаны. Үркімбай босағаннан кейін, олар жосытып шапқылап, тау асып кетті (М. Әуезов). Көк жүзі жалтыр ашық. Тек қана шығыс аспанында жұқалап тартқан ақ түбіттей болар-болмас шарбы бұлт білінеді. Мол етіп отын үйдік. Жұрт қолына қару алып, астына машина мініп, киікті қойша қайырып жүріп атқанда, көк бақа ешкі-лақтарын жазым етіп жатады (А. Сейдімбек).

3. Сөз таптары және сөздерді таптастыру қағидаттары

1. Сөйлемдердегі сөздерді сөз таптарына қарай топтастырып, оларды таптастыру қағидаттарын анықтаңыздар.

Бүгін өзге Бөкеншіге айтпастан Сүйіндік, Сүгір, Жексендер таң атысымен түйелерін ұстатып, арқан-жібін қамдап, жаппаларын да жыға бастады. Қамысбай бұл отырғандардың сиязға оңай көне қоймайтынын ертеден біледі. Сондықтан ол егес сөзді молайтпай, жақындағы Байдалымен ақылдасып алмақ болды (М. Әуезов). Содан жылт етіп жаз да келді. Күмбірлетіп қарағайдан үй салып алдық. Күрекпен басып, дүниенің жеріне егін де салып тастадық. Кешікпей-ақ жиырма-отыз шаңырағы бар қарлы-шақарлы ауыл болдық та кеттік. Сол жолы екі түлкі, бір қоян олжамен қайтып келе жатқанда, Жәкен әріден сөз қозғап, үзеңгілесінің бүркітіне қолқа салған (А. Сейдімбек).

2. Сөздерді сөз таптарына қарай топтастырып, омоним сөздердің сөз табы ретіндегі белгілерін, морфемалық құрамын анықтаңыздар.

Қоғам, барша, ер, қуаныш, адамзат, ойпырмай, гуіл, қазір, екінші, сәуір, әзірге, сана, көмектес, жәрдем, алқызыл, әрі, сол, жорта, тарс, мүмкін, аттан, қап, бірге, кейін, қабаған, жаңа, керек, хош, дүние, айтыс, сабау, тоқсан, сыр, аз, сен, бірден, тоқырау, күзеу, мен, біз.

4. Зат есім

1. Сөйлемдердегі сөздерге морфологиялық талдау жасап, зат есімдердің семантикалық топтарын, түрлену жүйесі мен құрамын, қызметін және емлесін анықтаңыздар.

Жер-дүние азан-қазан. Бөжей тобы әлі күнге қыстау алдында еді. Тай-құнандар бастарын тегіс көтеріп, қос құлақтарын қалың жылқы келе жатқан жаққа қарай қайшыландыра шаншып ап, үйірсек үнмен шұрқырай кісінеді. Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді (М. Әуезов). Тасбұлақтағы ауылдың үлкен-кішісін таңырқатқан, күнде қайталана бермейтін, әдеттен тыс оқиға осылай басталып еді. Мұса бойына қалыптасқан сабырмен, зеңгір көкте сұлу бетіндегі меңше қарайып жүрген тұз тағысына ұзақ қадалды. (А. Сейдімбек). Қар астындағы минуттар ауыр өтті. Қарбаласта әрең жасап алған үңгір иықтан басып тұрған сияқты. Дауыл жел дүниені неше рет шырқ айналса да, түп қазығын теріскей беттен суырмай тұр еді, бүгін батысқа қарай жылысқандығы байқалады (Ғ. Мүсірепов).

2. Көмекші есімдерді тауып, олардың қолданысы мен морфосемантикалық ерекшелігін, түрлену жүйесін түсіндіріңіздер.

Қала арасы салт аттыға соншалық қолайлы емес. Көше бойының шыныланып қалған қалың қары, көк аттың тағасы тиген сайын сықырлай түсіп, кірш-кірш етеді. Жас жігіт талайдан бері көкейін тескен бір түйіннің шешуін тапқандай боп, қуанып кетті. Дөң басында ауыр оймен жалғыз отырып қалды. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен (М. Әуезов). Ауыл үстінде ұзақ қалқыған күшігендердің самарқау қимылынан тез жалыққан балалар тарап кеткен соң да, Жәкеннің өндірішегі созылған қалпы қотан ортасында селтиіп жалғыз қалып еді. Әншейінде аңшылық, саятшылықтан басқа сөзді сөз деп санамайтын Жәкен бұл жолы елендеп, қайта-қайта сыртқа шыға беріп еді. Шай қайнатым уақыт өткен шақта аспан төрі сөгіліп келе жатқандай өткір суыл үй ішіндегілерді селт еткізген (А. Сейдімбек).

5. Сын есім

1. Сын есімдерді тауып, мағынасы мен морфемалық құрамына талдау жасаңыздар.

Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы, үлкен ағаш үйді жатақ еткен. Қазағуар, қонақшыл, татар саудагерінің үйі. Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Күрең құнаншығардың таңдамалы жылы-жұмсағы ас үйге қарай әкетілді. Осындай жиында үлкенді-кішілі рулардың атқамінер, ақсақал, қарасақалы араласып жатты. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді (М. Әуезов). Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр қаршыға, құмай тазы, айлалы сұңқар, болат қақпан, тұзу мылтық сияқтылардың қай-қайсысы да өзіндік сырға толы тамашасымен әркімді-ақ еліктіре білген. Бүркіт ұя басарында, таулы жер болсын, орманды жер болсын, араларын бір, бір жарым шақырымнан бірнеше ұя салады (А. Сейдімбек).

2. Сөйлемдерге морфологиялық талдау жасап, шырай түрлерін, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

Екі беті қып-қызыл боп, қайратты шаштары үдірейіп, жалт етіп Абайларға қарап, сақ-сақ күліп жіберді. Сырты үп-үлкен ақшыл үйге Абайлар кіре бергенде-ақ, Байдалының бір нәрсеге қатты ашула-

нып, айқайлап жатқан үні естілді. Баласының екі көзі от шашып, беті қызғылттанып, танауы да желбірей түседі. Қаны қашқан, сарғылт, жүдеу жүзіне көкшіл таңбадай ашу келді (М. Әуезов). Керісінше, әжім торлаған қысықтау қой көзіне болар-болмас күлкі ұялаған сияқты. Жөні түзу, тәрбиесі жақсы, сүп-сүйкімді адам еді. Соған қарамай, Рамазан мерген дәл осы кезде киіктің ізін көбірек бағатын. Жайлау төрінен әп-сәтте үй орны таңдалып, жосалы қызыл керегелер жайылып, аппақ жұмыртқадай киіз үйлер нобай таныта бастады. Бүркіт жұмыртқасының түсі ақшыл болады (А. Сейдімбек). Қыстыгүні оқу үшін, Болжықтың бір бөлмесін үлкенірек етіп салдырдық. Көше де, үйдің айналасы да тап-таза (Ғ. Мүсірепов).

3. Сын есімдерді сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңыздар.

Аласа алқұрең бетеге даланы да, бөктер, беткейді де тегіс көгертіп, жасарта бастаған. Бірақ аспан ашық емес. Істеп келген ісін қысқа ғана баян етіп еді. Ол Құнанбайға өкпелі. Үлкен қазанның астын қызыл жалын дамыл алмай жалап тұр. Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, алашалы екен. Қара көкті осы жаз басынан байлап жүр еді. Күрең ат – Бөжейдің қыс мінітетін аты (М.Әуезов). Бүркіт деп қазақ аңшылары жыртқыш құстардың ішіндегі аса тектісін, адам қолына тез үйренгіш естісін атаған. Сол кемерге салынған ұяға қанаттыдан басқаның тұяғы тиер емес. Осы сәт осынау қиын қияда менің қимасым қалып бара жатқандай, енді қайтып мына сары үрпекті көрмеспін-ау деген ой жанымды құлазытып, жүрегімді шым еткізгендей болды (А. Сейдімбек). Мұндай жерде оның сөйлегені де бір түрлі, қызық. Томарша қатесіз түсіне қалды, не берсе де ақысыз, пұлсыз, жай беріп жатыр (Ғ. Мүсірепов).

6. Сан есім

1. Сан есімдердің мағыналық топтарын анықтап, морфемалық құрамына талдау жасаңыздар.

Киіз есік ашылып, екі бала жігіт кіріп келді. Сол кештен он шақты күн өткен шамада Құнанбайдың үлкен аулы Ақбайтал асуынан асып барып, Шыңғыстың сыртындағы Жігітек, Бөкенші жайлауы болған Қопаның аузына қонды. Қасында бір-ақ бөтен ат бар. Бұл атыраптағы отыз-қырық ауыл тегіс, ендігі бір өзгеше жиынның ордасы сияқты боп алды. Өртеңнің бауырына қонып отырған Ұлжан

аулына Құнанбай екі-үш күндей қонақтады. – Ербол екеуің талдай құқайды көресің. Жастарды күттірген той Абайлар келген соң үшінші күнде болды (М. Әуезов). Ұзыны 59-71 миллиметр, салмағы 95-100 грамм тартады. Ұя көлемі бір жарым, екі метр болады. Томаға кигізген соң да екі-үш күн ұйықтамай қарсылық көрсететін қиқарлығы болады. Ғылыми деректерде бүркіт 100-150 жыл жасайды дейді. Ал қазақ құсбегілері көбінесе 15-20 жыл салған құсты сөз етеді (А. Сейдімбек).

2. Сан есімдердің мағыналық топтарын сөйлемдегі қызметіне қарай талдап, ерекшеліктерін, басқа сөз таптарымен байланысын анықтаңыздар.

Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Абайдың қасындағы жас жігіттер саны он екі. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге теңдері құда-құдағилар сыбағасы. Абай мен Ербол жол көрген біреу керек деп, мұны ылғи басшы боп отыруға лайықтап, өз қастарында ұстайтын боп еді. Осыны есіткелі Абай жол бойында бір сейіле алмады. Осы кезде келіншектерге еріп келген балалар күйеу жігіттердің аттарына екіден, үштен мінгесіп ап, шаба-шаба жөнелісті. Ең болмаса, Бөжейдің жетісіне шейін немесе тіпті қырқына шейін «жыласатын ағайынды», «бата оқырды» осы кең қоныс – Шалқарда тоспақ болды (М. Әуезов). Нағашылы-жиенді болып екеуі сол жолы ұзақ ақылдасыпты. Торғын болса, төрт жасар ұлымен ошақ күзетіп қала берді. Осы әдетпен Қабантау бауырындағы Тасбұлаққа Нұркей деген қойшының көшіп-қонғанына төрт-бес күн болған. Бұл бағанағы құрық шошайтып ауылдан шыққан үш жылқышының бірі болатын. Бұл кезде айқай-сүренді салып, ауыл жақтан жеті-сегіз аттылы құйындатып келіп қалды. Екіншісінің мінгені – лоқылдақ желісті ала аяқ торы (А. Сейдімбек).

7. Есімдік

1. Есімдіктердің мағыналық тобын және қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын анықтап, морфологиялық талдау жасаңыздар.

Абайға бұл сөз бір түрлі түрпідей тиген қатты тұрпайылық сияқты көрінді. Үй маңынан барлық жұрт арылыпты. Жүрегін әлдеқандай реніш, өкініш басқандай. Сол үлкендердің өз ойларындағы сыпайылық, сыйластық дәстүр үшін біреуге сый беріп, біреуге серт, уәде беріп, кейбіреулерді салқын ызғар, сәлем хатпен тартып, әйтеуір,

бір ай шамасында талай руды қайырып, баурап апты (М. Әуезов). Осы сынаптай сырғып, жанасқанын қан қақсатып, өзіне сілтеген сойылға жер қаптырып, ұршықтай үйіріледі. Наймантай өзінің осы жүрісінен ыңғайсыздық сезінгендей болды. Тағаты таусыла асыққанда күткені мұнан гөрі басқа бірдеңе сияқты еді. Қонақтардың қыбырына сырттан құлақ түріп жүрген күтуші жігіттер де бұлар тұрысымен түндік ашып, саулық сұрасып, құрақ ұшты. Бүгін қаңтардың жылдай түнін еш қалғып-мүлгусіз сергек өткізді. Тап бір ұрлық жасағандай, бұл қылығымды әлдекімнен жасырғандай, сасып жүрмін (А. Сейдімбек).

2. Сөйлемдерден есімдіктерді тауып, морфемалық құрамындағы ерекшеліктеріне, түрлену жүйесі мен қызметіне, жасалу жолына толық сипаттама беріңіздер.

Мынау отырған төрт досының ішінде сыр беріп жылаған – жалғыз Сүйіндік. Анау үшеуі үн қатқан жоқ. Осыдан кейін бір жанға бір ауыз сөз айтқан жоқ. Қалған жай бәріне де мәлім еді. Бұл үлкендер осы түнде қырық-елудей жігіт-желеңді және бірер ақылшы кәріні қастарына алып, өліктің артын күтетін қамға кірісті. Хабарды кімге беріп, кімге бермеуді Байдалы өзі атаған (М. Әуезов). Мұндайда балқыған алтындай шашырап, көкжиектен шыққан сұлу күнді де алдымен өзі көруші еді. Көкірегін күш кернеп, қомағай сезімі әлденедей қан қызу айқас тілейтін. Әсіресе, күн шығар сәттегі дала тағыларының өзіндік тіршілік қарекеттері, бой жазу жортуылы, әлдінің әлсізге жасаған зорлығы, сақтық қорғанысы, алаңсыз ойындары, қайсыбірінің сыланып ұзақ таранатыны, міне, солардың бәрі де ақиық бүркіт үшін алақанында болып жатқандай ап-айқын көрінуші еді. Ол жер бетінің осынша мол, думанды тіршілігіне тек өзіне ғана тән өрлікпен иемдене қарайтын. Ал Табиғат-Ана ешқашан қателесіп көрген емес, қателеспейді де (А. Сейдімбек).

8. Етістік

1. Етістіктерді мағынасы мен құрамына қарай талдап, тұлғалық құрылымы мен грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.

Абай толқыған қуанышын жасыра алмады. Құнанбай бұл өзгерісті байқаса да, себебін сұрамады. Жайлау биыл ерте көктеді. Қарашоқудан Жидебайға дейін қатты жортып жүріп еді. Шыңғыстағы ел бауырға көшпей, жайлауға асығып отыр. Үй іші келушілердің барлығына ырза болды да, келмегендерді санаған жоқ.

Бөжей аулы Қопаның аузынан алыс емес. Абай жүрегі жаман белгіні сезгендей су етіп, қатты аянышпен шаншып кетті. (М. Әуезов). Батыс жақ бетінің ұңғыл-шұңғылын үрінді қар тегістей жапқан. Қар тұрмайтын қия беттері қошқылданып, шұбарта көрінеді. Сай-сай, сала-сала болып төмендеген етегі бірте-бірте ұсақ адырлы жалпақ далаға ұласқан. Сонау көкжиекпен астаса созылып, сұлық жатыр. Әредік-әредік кездесіп қалатын қараған, тобылғылардың ығына үрінді қарлар теңкиіп-теңкиіп сұлай орналасыпты. Сібірлеп атқан таңның бозғылт сәулесіне жонын төсегендей ерекше ағара көрінеді (А. Сейдімбек).

2. Етістіктерді морфемалық құрамы мен сөйлемдегі қызметіне қарай талдаңыздар.

Екі ұрты кәдімгі қайғы шеккен, аштық көрген үлкен адамдардың бетіндей боп, тозығы жетіп, жиырылып тұр. Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады. Бұл сөзінде Бөжейді жеңер дәлелі бар еді. Кешпес қатал ызаға кетті. – Жылағанмен жақсы Бөжей қайта ма? Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді (М. Әуезов). Әсіресе, қолмен құйғандай мінсіз тұлғаның еш дірілсіз, зор қайрат, ұлы сабырда қалқып бара жатқанын көргенде, тасқа шапса да қайтпайтын асылдың қайратындай қайрат таныған еді. Бұл сәтте үстінен түнере өтіп бара жатқан түз тағысына Мұрат та қадала қарап қалған. Жай қарас емес, балалық толқу үстінде бүркіт бойынан әкесі айтып отыратын қырандарға тән ерекше қасиеттерді іздеп еді. Әсіресе, ұзара түскен берік құйрығы мен болат шалғыша иілген қос қанатына іштей таңдана көз тігіп, мұндай қанат-құйрықты тек қана өз қиялындағы мұзбалақ қырандарға тән бітім деп түйген (А. Сейдімбек).

9. Етістіктің грамматикалық категориялары

1. Етістіктердің грамматикалық категорияларын анықтап, тұлғасы мен етістікке үстеп тұрған грамматикалық мағынасына талдау жасаңыздар.

Күн түске жетпей-ақ, Бақанас бойы қайнап, шыжып кетті. Тәкежан Абайға қарап мақтана күлді. Ат үстіндегі әйелдер бөлек топ боп кейінірек келе жатыр. Сол шабысты ең әуелі үлкендер бастамақ керек. Үш күннен бері сілбілеген ақ жауын айықпай тұр. Жұрт жазғы үлкен үйлерді қоймаларға тастап, енді кішілеу қоңырқай

үйлер көтеріскен. Күздің бұлыңғыр күндегі кеші мезгілді анық бол- жатпайды (М. Әуезов). Жар қабағы түйіле түсіп, тұнжырап отыр. Үйге келген соң да томаға тұйық кейіпте ой шырмауынан арылма- ды. Алдымен Мұсатайдың сөзін есіне түсірді. Бірақ толып жатқан цифрлардың бірі жадында қалмапты. Елестете алмады. Арада тағы бір жұма өткенде Сарыбұйраттағы ауыл үстіне қара-құра көбейе ба- стады. Бұл тірлігін тайдың тулағаны құрлы сезінген бір пенде бол- са бұйырмасын. Шамалы жер жүргені сол еді, бір уақытта артында қалған екі жігіттің қатты күлген дауысы естілді. Айекең бұл тосын күлкіге елең еткенмен, мойын бұрып қараған жоқ. Сібірдің мол суын қай жермен тарту керек, қалай тарту керектігі туралы он шақты ұсыныс жасалды (А. Сейдімбек).

2. Есімше, көсемше тұлғалы етістіктер мен қимыл есімдерін тауып, мағынасы мен қызметін, тұлғалық ерекшеліктерінанықтаңыздар.

Бес қасқаның төртеуі төмен қарап томсарып, түк естімегендей жым-жырт отыр. Сол кезде Құнанбайдың Құлыншақ аулынан атақты «бөрте атты» сұратқаны тап болды. Қасына бес жігіт қосып, қалталарына қалындап ақша салды. Әлденеше күн сүйінші тілесіп шапқыласқан жақындар топ-топ болып Құнанбайға келеді. Уықтың қарына шейін жағалай тұтылған ылғи су жаңа жібек кілем (М. Әуе- зов). – Бұл каналдың арнасын өзгерту енді ешкімнің де қолынан келмейді. Олай дейтінім, осы канал құрылысының жобасын жасау үшін ондағы ғалымдар талай жылдарын сарп етті. Ақыры мұқият сарапқа салына келе, ең қолайлысы деп осы қазып келе жатқан жеріміз таңдалды. Сондықтан бұл жобаның өзгеруі мүмкін емес, бұл жобадан қылдай ауытқуға хақымыз жоқ. Таң алдында Айтуған ақсақал канал басынан көріп қайтқандарын есіне алды. Айтуған ақсақал бір тостаған қымызды тастап алып, атқа мінгенде таң жаңа сызат беріп келе жатқан. Сол бетінде қалың қыртыс сары адырлар- мен төтелей жүріп, атының маңдайын Тұзды қаласының іргесіндегі теңізге бұрып еді (А. Сейдімбек).

10. Етістіктің аналитикалық формасы

1. Аналитикалық тұлғалы етістіктер мен күрделі етістіктерді ажыратып, морфологиялық талдау жасаңыздар.

Ол жақтан жалғыз кеп жатқан суық, қатал сөздердің бірталайын айтысып өтті. Осының ертеңінде Құнанбайдың сәлемімен Бөжей

аулына Жұмабай барып қайтты. Бөжейдің бұл жауабынан Абай да қатты түңілген еді. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Айғыз бен Ұлжан есіткенде, бүгін қойшыдан естіп отыр (М. Әуезов). Түлкі орнынан да қозғалған жоқ. Тәрізі, аязсып тұрған мылтықтың алғашқы оғы аяқ астынан әріге бармаса керек. Бұл әңгімені Рамазан мергеннің өз аузынан естіп едім. Құлақшекенің тұсы осы-ау деп қарауылға іліктірген мезетте шүріпшені тартып қалады. Мергеннің ақ шолақ мылтығы шаңқ етеді. Көптен бері жер шалғай болып, сан соғып жүруші едім, жаңа қонысын естіген соң барып қайтпақшы болдым. Бір-екі рет кергіп, қанат қомдап алды да, жуан мойынын қылқыңдата төңірегіне қарап қойды. Мұса тұз тағысының бұл қимылынан тоят алып қалғанын аңғарып еді (А. Сейдімбек).

2. Берілген аналитикалық форманттармен аналитикалық етістіктер жасап, сөйлем құраңыздар. Аналитикалық форманттардың мағынасы мен құрамын анықтаңыздар.

-п тұр, -п ал, -п сал, -п бара жатыр, -а ал, -а сала, -а тұр, -а бер, -а келе, -са екен, -са игі еді, -са болды.

11. Үстеу

1. Сөйлемдердегі сөздерге морфологиялық талдау жасап, үстеулерді мағынасына қарай топтастырыңыздар.

Бұл бай ауыл емес, бірен-саран ғана бозғылт үйі бар. Қазір сол ас басынан анау алыстағы қонақ үйлерге қарай күтушілер жосылып жатыр. Осы жаймен біраз отырған соң, есік жақта үлкен қозғалыс басталды. Барлық осы күйеулік жайын лезде қайта шолып шықты. Ақырын жүріп, дабырламай келді. Ол жақтан жалғыз кеп жатқан суық, қатал сөздердің бірталайын айтысып өтті. Әлі жаздың басы. Шыңғыстан жаңа ғана асып қонысқаны осы еді. Құнанбайдың мына баласын осында шақыртып алып отырған және жаңағыдай етіп бұларға танытқалы отырғанын өзгеден Қаратай бұрын аңғарған (М. Әуезов). Содан жаз ортасы ауа, шөп буынын бекітіп, қыркүйек туар мезгілде әлгі бүркіттер ертелі-кеш түңілектей боп қалқып, тау үстінен жиі көрінетін болды. Ауылдан ерте-ақ шығып едік, сәске түс әлетінде таудың бауыздау алқымына эзер іліктік. Таудан құлай ескен қоңыр леп терең шатқалда тұнып тұрған мың-сан өсімдіктің хош иісімен әлсін-әлсін шомылдырып өтеді. Кешікпей-ақ өңшең

жас жігіттер Саңғырудың қия бетімен таутекедей ырғып, жоғары көтеріле бердік. Тау басына шыққан жанның дүние дидарын жаңа көргендей сұқтанатын әдегі. Сүмбідей сүйірленіп біткен биіктің басына бір шыққан соң, онша көп табан тоздырғамыз жоқ. Бүгін күн ашық болған соң, әдейі Саржалдың етегіндегі шалғай қорыққа тұяқ тигізген (А. Сейдімбек).

2. Үстеулерді тұлғасы жағынан өзіне ұқсас басқа сөз таптарынан ажыратып, ерекшелігін, сөйлемдегі қызметін анықтаңыздар.

Құнанбай қатты сұрланып алып, түрулі тұрған есіктен алыстағы көк адырға қадалып отырып, ернін жыбырлатты да, баяу ғана бата қылды. Әдейі алалап тастапты. Бөжей ұзақ ауырған жоқ. Тез бермейтінін біліп, балалар да талмай сұраушы еді. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады (М. Әуезов). Жырта қарыс езуінің сарғыш табы әлі де қайта қоймапты. Өгіздің еті тасталған сайдың бергі жағындағы мұрыншақ төбеге тақалғанда, Мұса тізгін тежеп, баспалай қарады. Құс қарамын алыстан көрсе де, Мұса ой құсы екенін бірден таныды. Тұз тағысының әлгі бір тоят алған кергуінен кейін Мұса уақыт алған жоқ. Бағана басқа атты ерттетпей осы шұбарды қалауы да сондықтан еді. Жемтік ортасында отырған дала тағысы бойына біткен сақтықпен іле қимылдады. Кенет қорық тебінінен шығып, бұта басын шалып жүрген бірлі-жарым ешкі-лақ, бойдақ қойлар әлденеден секем алғандай жалт беріп кейін серпілді. Түлкі қашанғы тыпырласын, әрі-беріден соң көзі жайнап көкке қараған қалпы керіліп тұра қалады. Аттан түсіп қарасам, жаңадан қазылған жалғыз ауыз ін. Тұйғын болса түлкі ініне тұмсығын әрі батыра алмай жанталасып жүгіріп жүр. Тұйғынды зекіп кейін тұрғыздым да, інге құрық салдым. Ал енді осыдан кейін аңшыны өтірікші деп көрші (А. Сейдімбек).

12. Еліктеу сөздер

1. Еліктеу сөздерді тауып, мағынасына қарай топтастырыңыздар. Дыбыстық құрамы мен морфологиялық сипатындағы ерекшеліктерін түсіндіріп, сөйлемде қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықтаңыздар.

Тыста анда-санда шылдыр еткен шолпысы білінеді. Екі жігіт жалт бере жөнелді. Рас, Ызғұтты мен Ербол да сондай алжа-алжа болған екен. Аздан соң ай туып, аса бір тынық, жым-жырт, жайлы түн жыл-

жып келді. Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан немесе бояуы оңған көздерінен, әр алуан сақал-мұртынан – өзінше неше түрлі жанды, жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын (М. Әуезов). Кәдуілгі тасбақаның сауыты, бұж-бұж болып қабыршақтана қурай бастапты. Арқасын жақпар тасқа беріп, қауырсыны қата бастаған қара қанатымен жер тіреп, ұшталып қалған біз тұмсығын сақ-сақ еткізеді. Айтқанындай, сарылып көп күтпейді, әлден уақытта қарсы алдындағы көделі ақ жалдан әлдене қараң етті дейді. Аңғарады да, тырс етіп дыбыс шығармаған қалпы ақырының немен тынарын күтеді ғой. Күн ұзын мамырлап, сабырмен жылжыған киік табаны осы сәт бірін-бірі киіп-жарып, Айнабұлақтың үстінде шапұр-шұпұр болады да қалады. Бұл екі арада қасқырдың бойын көріп қалған киіктер опыр-топыр болып, әп-сәтте жөңкіле орғып, ыға жөнеледі. Үзеңгі-таралғысынан бастап, ердің қасына дейін қаптырған құйма күміс жарқ-жұрқ етіп, алыстан көз ұялтады. Лып-лып еткен епті қимылы, серпінді тегеуріні көрген жанның айызын қандырғандай (А. Сейдімбек).

2. Еліктеу сөздерді басқа сөз таптарымен тіркестіріп, сөйлем құраңыздар. Олардың сөйлемдегі қызметін анықтаңыздар.

Мырс, алшаң, ағараң, шарт, шұбалаң, көлбең, дүңк, қызараң, баж, саңк, жарқ-жұрқ, шалп-шұлп, кіржің, қылт, лау.

13. Шылау сөздер

1. Жалғаулық шылауларды тауып, түрлеріне қарай топтастырыңыздар. Сөйлемдегі қызметін, ерекшелігін түсіндіріңіздер.

Сондықтан Асылбекке өзінше бір оқшау ақыл салды. Қарашашты қоршаған жеңгелер мен қыздар да аз емес. Бірақ биылдан бұрын қымызы, сойысы жеткілікті болушы еді. Келесі күні қымыз үстіндегі мәжілістерінде осы әңгімелер және де сөйленді (М. Әуезов). Денесі шіліктей серпілген талдырмаш жігіт сияқты, бірақ қимылы кесек. Маңдайы кешегі Наймантайлар түнделетіп өткен Маңадырдың көк бұйра тарлауы мен боз бетегесі. Егер мынау аязда бүркітті суық, жас терекке отырғызса, табанының майын сорып, күрт жүдетпек (А. Сейдімбек). Қыран баласына дүние әрі кең, әрі тар. Жазушы мен әнші қыз ағалы-қарындас, ақын мен әнші қыз егіз туғандар дер едім.

Әсет әрі балуан, әрі әнші, әрі сері деп атағы жайылған жігіт болатын. Бұл оның Наталья жеңгейді қуантарда, не болмаса ерлік сияқты бірдеме істеп салғанда шығатын дауысы еді. Қасен қар астында біраз жатқасын жылынып, әрі-беріден соң түрегеп те алған (Ғ. Мүсірепов).

2. Септеулік шылауларды өзі меңгеретін септік жалғауларына қарай топтастырып, қай сөз табымен тіркесіп тұрғанын, мағынасын, қызметін, ерекшелігін анықтаңыздар. Морфологиялық талдау жасаңыздар.

Алғашқы кезде қонақтармен бірге кірген көршілер қазір тарап кеткен болатын. Асылбектермен айрылыспай бірге сапар шегетініне Абай көңілденіп қалды. Осы екеуі Құнанбай ісін күзден бері созып, астыртын шолақ қағаздармен бірге Омбыға, көрпіске беттетіп жатқан (М. Әуезов). Онан әрі құба төбел, қоңыр үйлер қотан жасай қонысыпты. Ауылды алыстан айналып өту үшін Наймантай жігіттері ағаш ішін бойлаңқырап біраз жер жүрді. Тіпті мая ығындағы аттарға дейін сілейе тыныстап, таңғы жусауға бой алдырыпты. Осынау еш мойымаған өр мінезіне қоса бүгінгі түннен бері қиялшыл болып алды (А. Сейдімбек). Түс ауа Қояндыға қарай жүріп кеттік. Келер жылғы Қоянды базары мен үшін үлкен мейрам болып өтті. Олар қашаннан бері қаласын қорғаумен қалжыраған, ашыққан. Кешке таман жұмыстан келгесін біздің үйге жиналып аламыз да, Сембек оқиды, біз тыңдаймыз. Қуаныш белгісі берілгеннен кейін, бригада таңертеңгі қайратқа қайта мініп, ақ тауды талқандап, ілгері қарай тезірек жүріп кетті. Кешегіден гөрі бүгінгі күннің алды тар сияқты (Ғ. Мүсірепов).

3. Демеулік шылауларды тауып, шылаудың басқа түрлерінен ерекшелігін, өзі тіркескен сөзіне үстеп тұрған мағынасын түсіндіріңіздер.

Екеуі де шарасыз ауыр мұңға батып, үндемей жүдеп қалды. Енді соның арты оңай айыға ма? Жалғыз-жарым сауын мен тірлігі осы сен әкеткен аз ғана қарада тұр (М. Әуезов). Қозы өрісіндей ғана жерге жайылған бұлақ табанының көгорай шалғынына ірге тиістіре, шүпірлей қонысқан. Меңсіз қарасын сүйкей қамшылаған Тұрсын кешікпей-ақ қалың ағаштың тасасына сіңіп, жоқ болып кетті. Үні де, қимылы да іші-бауырыңа кіргендей сыпайы-ақ. – Сол сөзің рас болса, тақияңа тар болып келе жатыр ма? Ол құс қасқырдан мерт болған-ды, сонан бері қилы-қилы заман өтіп, Сыздықтың қолына талай-талай бүркіт түссе де, солардың біріне бұл томаға шақ келмеген. Бүгінгі

түнде ұйықтамаған тек Сыздық қана (А. Сейдімбек). Ұябасар оны өлімге жұмсаған жоқ-ты. Мен «Қос шалқарды» өмірімде үш-ақ рет көрдім. Кіруін ұрланып кірсек те, көңілді көкке көтеріп, қылып еткен сыбдырға жаңғырығып тұрған нуға кіргесін, айғайламасқа дәтіміз шыдасын ба!? Жидекті қуып ұзасқан сайын айғайымыз басымдап, Тәпелі «құрғыр» естіп қалыпты ғой. Жаңа ғана барған жайлаудың қызығы артта қалғаны жігіттерге қатты батып келеді. Қуар-ау, сабар-ау деп те ойлағаным жоқ. Соңғы боран іштен шыққан кесек қарларды да бауырына басып, кейбір елеусіз бейнелерді ғана қалдырған. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да (Ғ. Мүсірепов).

14. Одағай сөздер

1. Сөйлемдерден одағай сөздерді тауып, мағынасы мен қызметіндегі ерекшелігін, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңіздер.

- Шіркін, Базаралы! Бұл өңірдің жігітіне бітпеген сыртың мен нұрың бар. Тек, сорлы жазған, қарымы шолақ Қауменнен несіне тудың екен?- деді. – Өй, өзің әкеңе шыныңды айтсаң, мұндай қуанбас ең. Өтірік деген рақат екен-ау өзі, ә!.. Мәзсің ғой! - деп, Абай күлген бойында тебініп жүре берді. – Қап, сорлы қылған тәңір-ай, не қара басып еді?! – деді. – Әттен, Абай-ай, кеше әкең болыс бол дегенде болмаймын деп, бас тартқаныңды қайтейін?! Тым құрыса, елге жаның ашыр еді, - деді (М.Әуезов). О, шіркін, ақылға сыймас, ақылға құлаш ұрғызған тәтті тіршілік-ай десейші! Сонсоң да «Ой, тәйірі-ай, қан шығарғанға мәз болған аңшыны аңшы демей-ақ қой!» деп отыратын. – Уай, мұнан артық не істейін деп едің-ей сен, аһ! Ой, дүние-ай десейші, сол сапар Алтыбай ауылынан оралған Абзалдың жан дүниесіндегі өзгеріс әлі есімде. Хош, сонымен Абзал Ақбілекті алып қашты. – Бәсе, дөп өзі! – деді Тұрсын жұлдыздай ағып келе жатқан ақбозды көргенде. - Жә, енді жалтақтайтын ештеңе жоқ, көре жатармыз, - деді. Кешікпей-ақ сықырлауықтың қос беті бірдей ашылды да: - Ассалаумағалейкүм! – деп Наймантайлар кіріп келді. – Бәрекемді, Аққыз, аттың жалы, түйенің қомы өзіндей аяулы замандаспен жолығысар жер ме еді! – Беу, айналайын Аққыз-ай, қисыны келсе, құдайдың өзіне қыр көрсетуден тайынбас-ау! – деп, Аламан кеңк-кеңк күліп алды (А. Сейдімбек).

2. Одағайларды қатыстырып сөйлем құрап, олардың бір мағыналылық және көпмағыналылық сипатын, сөйлемдегі интонациялық және грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.

Шіркін, алақай, қап, құп, әттең, ойбай, пәлі, тек, жә, пай-пай, бәрекелді, ойпырмай, ә, мәссаған, сап-сап, әлди-әлди, шөре-шөре.

15. Модаль сөздер

1. Сөйлемдердегі сөздерге морфологиялық талдау жасап, модаль сөздерді тауып, мағынасы мен қызметін анықтаңыздар.

Айтыс қысқарған сияқты. Шындап ойласа, Тәкежандардың шектен асып жатқан істері бар. Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала қарызы – әдеп пен сый екені рас. Бір шақта өрге басып, енді, міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді. Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты (М. Әуезов). Көрік үйінен Сағын ақсақалдың алып шыққаны үлкенді-кішілі он шақты қақпан көрінеді. Байқаймын, ұяда қара қанат болып, есі кіріп қалған жалқы балапан бар сияқты. Сырт көзге, дәлірек айтсақ, адамның көзімен қарағанда ұшқан құс, жүгірген аңның бірі азулы, екіншісі айлакер, үшіншісі көрінгеннен зәбір көретін қорғансыз болып көрінуі мүмкін. Тәрізі, бай ауылының қонақты қарсы алуға қойған адамы болса керек (А. Сейдімбек).

2. Берілген сөздермен сөйлем құрастырып, модаль сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшелігін түсіндіріңіз.

Қысқасы, рас, білем, деседі, мүмкін, бәлкім, қажет, көрінеді, тиіс, керек.

Ү ш і н ш і б ө л і м

Студенттердің өздік жұмысының (СӨЖ) тақырыптары

1. Адамзат және ғаламзат есімдері

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
3. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.

2. Жалқы есімдердің түрлері, емлесі

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.
2. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. - Астана, 2000.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
4. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім категориясы. - Алматы, 1975.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

3. Көптік жалғауының мағыналық қырлары

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
4. Нұрғалиева М. Көптік жалғау туралы. - Алматы, 1971.

4. Септік жалғауларының мағынасы мен қызметі

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.

5. Сын есімдердің заттануы

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы, 1999.
2. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. -Алматы, 1988.
3. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.
4. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. - Алматы, 1961.

6. «Бір» сан есімінің мағынасы мен қолданылу ерекшелігі

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

7. Жіктеу есімдігінің түрлену ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.
2. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы, 1961.
3. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

8. Түбір етістіктердің мағыналық ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. Қасабек Қ. Бір буынды негізгі түбір салт етістіктер.
- Алматы, 1999.
2. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер.
- Алматы, 1996.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2007.
4. Оразов М. Етістік. - Алматы, 2001.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.
- Алматы, 2007.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.
7. Хасанова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты.
- Алматы, 1971.

9. Көмекші етістіктердің мағынасы мен қызметі

Әдебиеттер:

1. Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы.
- Алматы, 2006.
2. Әбілқаев А. Де етістігінің мағыналары мен қызметі.
- Алматы, 1958.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.-Алматы, 1999.
4. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер.
- Алматы, 1996.

10. Етіс жұрнақтарының қолданылу ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
2. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
3. Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы.
- Алматы, 1957.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

11. Есімше тұлғаларының қолданылу ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы. - Алматы, 1958.
3. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 1966.
4. Оразов М. Етістік. -Алматы, 2001.
5. Өмірбекова Р. Қазіргі қазақ тіліндегі есімшелі оралымдар: ҚДА. – Алматы, 1997.

12. Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамы

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
3. Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. - Алматы, 1960.

13. Жалғаулық шылаулардың қызметі

Әдебиеттер:

1. Әміров Р. Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. - Алматы, 1959.
2. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. - Көкшетау, 2002.
3. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

14. Септеулік шылаулардың омонимдік сипаты

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
3. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. - Көкшетау, 2002.

15. Одағайлардың мағынасы мен қызметі

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
4. Тяжина Е. Одағайлардың прагматикалық қолданысы. - Алматы, 2006.
5. Академик Н.Сауранбаевтің еңбектері. - Алматы, 2000.

Студенттердің оқытушымен өздік жұмысының (СОӨЖ) тақырыптары

1. Грамматикалық мағынаның түрлері мен берілу тәсілдері

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы, 1992.
3. Исаев С. Қазақ тілі туралы ойлар. - Алматы, 1997.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.

2. Сөздің грамматикалық формасы және нөлдік форма

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы, 1992.
3. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. - Алматы, 1986.
4. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. - Алматы, 2007.
5. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
6. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.

3. Грамматикалық категориялардың сөз таптарындағы көрінісі

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы, 1992.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
4. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
6. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2009.

4. Көптік категориясы және көптік форма

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. -Алматы, 1967.
3. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2007.
5. Нұрғалиева М. Көптік жалғау туралы. -Алматы, 1971.

5. Тәуелдік категориясы және тәуелдік форма

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы, 1992.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
4. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
5. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. - Алматы, 1986.

6. Септік категориясы және септік форма

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.

3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. - Алматы, 1992.

4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.

5. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім категориясы. - Алматы, 1975.

7. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының зерттелуі

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.

2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.

3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.

4. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954.

5. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.

6. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.

7. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.

8. Көмекші есімдердің мағынасы мен қолданысы

Әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954.

2. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.

3. Қазақ грамматикасы. - Алматы, 2002.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.

9. Қазақ тіл біліміндегі шырай түрлерінің топтастырылуы

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.

2. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.

3. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.

4. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.

5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.

6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары. - Алматы, 1961.

10. Сілтеу және сұрау есімдіктерінің мағыналық қырлары

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
3. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. - Алматы, 1961.
4. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.

11. Етістіктің рай, шақ категорияларының сипаты

Әдебиеттер:

1. Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы. - Алматы, 2006.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
3. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. - Алматы, 1953.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
5. Хасанова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. - Алматы, 1971.

12. Амалдың өту сипаты категориясы

Әдебиеттер:

1. Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы.-Алматы, 2006.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
3. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
4. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының құрылысы мен мағынасы. - Алматы, 1979.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

13. Туынды үстеулердің морфемалық құрамы мен мағынасы

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
4. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

14. Демеулік шылаулардың мағынасы мен қолданылу ерекшеліктері

Әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
3. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
4. Молғаждаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. - Көкшетау, 2002.
5. Төлеуов Ә. Сөз таптары. - Алматы, 1982.

15. Модаль сөз және модальдылық мағына

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
3. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.

Тест тапсырмалары

1. Грамматикалық ұғымдарға жататын тілдік бірліктер:
 - А) дыбыс, сөз, сөйлем
 - Ә) мағына, морфема
 - Б) буын, екпін
 - В) грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория
 - Г) грамматикалық тәсіл, сөзжасамдық мағына
2. Грамматикалық мағынаның түрлері:
 - А) тура мағына, ауыспалы мағына
 - Ә) нақты мағына, жалпы мағына
 - Б) жалпы мағына, категориялық мағына, қатыстық мағына
 - В) лексикалық мағына, сөзжасамдық мағына
 - Г) синтаксистік шартты мағына, фразеологиялық байлаулы мағына
3. Сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағына.
 - А) қатыстық грамматикалық мағына
 - Ә) сөзжасамдық мағына
 - Б) фразеологиялық мағына
 - В) категориялық грамматикалық мағына
 - Г) жалпы грамматикалық мағына
4. Тілдердің өзге жүйесінен қазақ тілін ерекшелеп, даралап көрсететін зат есімнің семантикалық тобы.
 - А) адамзат, ғаламзат есімі
 - Б) негізгі зат есімдер
 - Ә) деректі, дерексіз зат есім
 - Г) туынды зат есімдер
 - Б) жалпы, жалқы есімдер
5. Бір-біріне ұқсас нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың ортақ атауы ретінде жұмсалатын зат есімдер.
 - А) деректі зат есім
 - Б) ғаламзат есімі
 - Ә) көмекші есім
 - Г) дерексіз зат есім
 - Б) жалпы есім
6. Зат есімдердің кеңістік ұғымын білдіретін сөздер тобы.
 - А) шылау
 - Б) септік жалғау
 - Ә) көмекші есім
 - Г) көптік жалғау
 - Б) көмекші етістік

7. Көмекші есімді тіркесті көрсетіңіз.

- А) кешке қарай В) таудың басы
Ә) жиналыстан соң Г) басынан сипау
Б) сабаққа дейін

8. Зат есімнің көлбеу (горизонталь) бағыттағы кеңістік қатынасын білдіретін қатарды анықтаңыз.

- А) судың беті В) судың түбі
Ә) ауыл маңы Г) таудың төбесі
Б) үстелдің асты

9. Зат есімнің тік (вертикаль) бағыттағы кеңістік қатынасын білдіретін қатарды анықтаңыз.

- А) үйдің алды В) судың түбі
Ә) алдынан шығу Г) қаланың маңы
Б) ауылдың жаны

10. Зат есімнің көлемдік кеңістік қатынасын білдіретін көмекші сөзі бар қатарды табыңыз.

- А) ел арасы В) судың түбі
Ә) есіктің алды Г) үйдің жаны
Б) өзеннің бойы

11. Сын есімнің семантикалық тобы

- А) негізгі сын есім В) шырай категориясы
Ә) күрделі сын есім Г) туынды сын есім
Б) қатыстық сын есім

12. Басқа сөз таптарының сын есімге ауысу құбылысы

- А) субстантивтену В) адъективтену
Ә) адвербиалдану Г) вербалдану
Б) прономиналдану

13. Күрделі адъективтерді көрсетіңіз.

- А) сүзеген В) көкшіл
Ә) безбүйрек Г) аппақ
Б) ұшқыр

14. Сан есімнің заттың нақты санын және абстракті сандық ұғымды білдіретін мағыналық тобы

- А) реттік В) бөлшектік

- Б) шақ категориясы
- В) жақ категориясы
- Г) болымды-болымсыздық категория

22. Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың шындыққа, болмысқа қатысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы

- А) етіс
- В) рай
- Ә) есімше
- Г) салт-сабақтылық
- Б) жақ

23. Болымсыз етістік тұлғасындағы сөзді көрсетіңіз.

- А) келдің бе?
- В) ешнәрсе
- Ә) айтпады
- Г) ештеңе
- Б) жазды ма?

24. Бұйрық рай тұлғасындағы етістікті көрсетіңіз.

- А) баласын
- В) жазса
- Ә) өзімсін
- Г) айтсын
- Б) білгішсін

25. Қалау рай тұлғасындағы етістікті көрсетіңіз.

- А) оқыды
- В) оқып отыр
- Ә) оқығысы келеді
- Г) оқыған еді
- Б) оқыса

26. Жедел өткен шақ тұлғасындағы етістікті көрсетіңіз.

- А) жазған
- В) жазды
- Ә) жазыпты
- Г) жазған екен
- Б) жазады

27. Бұрынғы өткен шақ тұлғасындағы етістікті көрсетіңіз.

- А) қатысыпты
- В) қатыспақшы
- Ә) қатысты
- Г) қатыспайды
- Б) қатысады

28. Тұлғалық, мағыналық жағынан тиянақсыз болып, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет ететін етістіктің түрі

- А) қимыл есімі
- В) шартты рай
- Ә) есімше
- Г) қалау рай
- Б) көсемше

- Б) императивтік ишара одағайлары Г) еліктеу сөздер
В) бейтарап сөздер

44. Амандасу, коштасу, т.б. қарым-қатынасқа қатысты қолданылатын сөздер

- А) тұрмыс-салт одағайлары В) бейнелеуіш сөздер
Ә) императивтік ишара одағайлары Г) көмекші сөздер
Б) күрделі одағайлар

45. Сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа сәйкестігі жөніндегі көзқарасын білдіретін сөздер

- А) оқшау сөз В) одағай сөз
Ә) еліктеуіш сөз Г) көмекші сөз
Б) модаль сөз

46. Болжал мәнді модаль сөзді көрсетіңіз.

- А) Оны білуі тиіс В) Алыстан бір қара көрінеді
Ә) Әрине, ол келіседі Г) Түсінетін сияқты
Б) Айтқаны дұрыс

47. Міндеттілік мәнді модаль сөзді көрсетіңіз.

- А) білуі қажет В) келсе екен
Ә) көрсе керек Г) көрген деседі
Б) сыңайы жақсы

48. Қостау, растау мәнді модаль сөзді көрсетіңіз.

- А) айтқан шығар В) рас, айтқан жоқ
Ә) айтқан тәрізді Г) айтатын шығар
Б) айтуы мүмкін

49. Тілек, қалау мәнді модаль сөзді көрсетіңіз.

- А) оқуы тиіс В) оқыған шығар
Ә) оқыса екен Г) оқымапты
Б) оқыған тәрізді

50. Күдік, күмән мәнді модаль сөзді көрсетіңіз.

- А) барған жоқ В) барған сыңайлы
Ә) барғаны жөн Г) барғаны рас
Б) бармаса неғылсын

Глоссарий

Адвербиалдану (латын. үстеу) – морфологиялық жолмен басқа сөз таптарынан үстеуге айналған сөздер.

Адъективтену (латын. сын есім) – басқа сөз таптарының сын есімге айналуы.

Аналитизм (грек. жіктелу, ыдырау) – сөздің негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық, сөзжасамдық) мағыналарын ажыратып білдіретін, синтетизмге қарама-қарсы типологиялық құбылыс.

Аналитикалық форма (грек. жіктелген, дараланған; латын. құрамды, күрделі) – құрамы негізгі атауыш және көмекші жеке сөздерден тұратын грамматикалық форма.

Аналитикалық формант – қосымша мен көмекші етістіктен құралған, етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясына қатысты мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіш.

Аффикс (латын. жалғанған) – қосымша, түбірге жалғанып, грамматикалық немесе сөзжасамдық мағына тудыратын сөз бөлшегі, сөздің ең кіші құрылымдық элементі, көмекші морфема.

Вербалдану (латын. етістік) – басқа сөз таптарына жататын сөздердің етістікке ауысуы.

Грамматика (грек. әріп, жазу д.м.) – тіл құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Грамматикалану – дербес мағыналы сөздердің көмекші сөз қызметінде жұмсалуды нәтижесінде лексикалық дербестігінен айрылуы.

Грамматикалық категория – мағынасы біртектес грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгеше жүйесі.

Грамматикалық мағына – тілде қалыпты сипаты бар сөздер тобы мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән жинақты, дерексіз тілдік мағына.

Грамматикалық форма – грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік белгі.

Инфинитив (латын. анықталмаған форма) – флективті және агглютинативті тілдердегі етістіктің қимыл атауының формасы, тұйық рай етістік.

Көптік жалғау – көптік ұғымды білдіретін қосымша.

Көптік категориясы – белгісіздік мөлшерін білдіретін категориялық тұлға.

Көпше форма – заттың көп екендігін немесе көптік түрде қолданылатынын білдіретін категориялық форма.

Модальдылық (латын. модальды) – айтылған пікірдің шындық болмысқа, сонымен бірге оған сөйлеушінің әртүрлі субъективтік бағасын білдіретін функционалды-семантикалық категория.

Модаль сөздер – айтылған пікірдің шындық болмысқа қатысы туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіретін сөздер.

Морф (грек. форма д.м.) – мәтіннің морфемдік деңгейде әрі қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігі, морфеманың мәтіндік көрінісі.

Морфема – әрі қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі.

Морфология (грек. форма және сөз туралы ілім д.м.) – сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Морфологиялық парадигма – сөздің грамматикалық мағынасы мен әртүрлі қосымшалар жалғану арқылы тұлғасының өзгеруі арасындағы сәйкестіктен жасалған модельдер, схемалар.

Нөлдік форма – сөйлемде кейбір сөздердің арнайы грамматикалық формасыз-ақ грамматикалық мағына білдіруі.

Парадигма – 1. Кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы; 2. Осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу үлгісі мен схемасы; 3. Неғұрлым тар мағынада – морфологиялық парадигма терминінің синонимі.

Проминалдану – басқа сөз табына жататын сөздердің есімдікке айналуы.

Септеу – 1) есім сөз таптарының түрленуі; 2) жекеше, көпше септік формаларының жиынтығы.

Септік жалғауы – сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, олардың арасындағы синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымша.

Септеулік шылаулар – толық мағыналы сөздерге тіркесіп, әртүрлі грамматикалық қатынасты білдіретін шылаулар.

Синтетикалық форма (грек. қосу, құрастыру) – сөздің негізіне қосымшалардың жалғануы арқылы туатын, яғни аффикстік тәсілмен жасалатын сөз формасы.

Сөз табы – өздеріне тән лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік ортақ белгілердің негізінде қалыптасқан категориялары бар сөз топтары.

Сөзтұлға – белгілі бір грамматикалық тұлғада тұрған сөз.

Субстантивтену – басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы.

Тәуелдік жалғау – бір заттың басқа бір затқа тәуелді, меншікті екенін білдіретін, зат есімнің тәуелдеу категориясының қосымшасы.

Тәуелдеу категориясы – заттың үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін грамматикалық категория.

Транспозиция (латын. орын алмастырушы) – парадигмалық қатардағы бір форманы одан өзгеше басқа форма орнына пайдалану; кең мағынада кез келген тілдік форманың ауысуын; тар мағынада бір сөз табындағы сөздің басқа сөз табына ауысуын не сол сөз табының қызметін атқаратынын білдіреді.

Формант (латын. жасаушы, тудырушы) – 1) аффикс мағынасында; 2) сөзжасамдық және сөз түрлендіргіш қосымшалардың бірігуінен туған сөздің күрделі формасы.

Негізгі және қосымша әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет

1. *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.
2. *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.
3. *Байтұрсынұлы А.* Тіл – құрал. - Алматы, 2009.
4. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999.
5. *Ибатов А.* Сөздердің морфологиялық құрамы.- Алматы, 1983.
6. *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992.
7. *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.
8. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 1954.
9. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы, 1967.
10. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
- 11.Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. - Алматы, 2007.
12. *Қалыбаева А., Оралбаева Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.
13. *Маманов Ы.* Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1973.
14. *Маманов Ы.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
15. *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.
16. *Сауранбаев Н.* Қазақ тіл білімінің проблемалары. - Алматы, 1962.
17. *Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О.* Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1991.
18. *Төлеуов Ә.* Қазақ тіліндегі есім категориясы. -Алматы,1963.
19. *Төлеуов Ә.* Сөз таптары. - Алматы, 1982.
20. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991.

Қосымша әдебиет

1. *Алтаева А.* Көмекші етістіктердің семантикасы. - Алматы, 2006.
2. *Әбілқаяв А.* Де етістігінің мағыналары мен қызметі. - Алматы, 1958.
3. *Әміров Р.* Қазақ тіліндегі жалғаулықтар. - Алматы, 1959.
4. *Әбдіғалиева Т.* Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. - Алматы, 1996.
5. *Ерғалиев Т.* Қазақ тіліндегі есімше категориясы. - Алматы, 1958.
6. *Ибатов А.* Қазақ тіліндегі есімдіктер тарихынан. - Алматы, 1961.
7. *Исаев С.* Қазақ тілі туралы ойлар. - Алматы, 1997.
8. *Исаев С.* Сөйлемді грамматикалық талдаудың тәсілдері. - Алматы, 1985.
9. *Қалыбаева А.* Қазақ тіліндегі етіс категориясы. - Алматы, 1957.
10. *Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. - Алматы, 1953.
11. *Қасабек Қ.* Бір буынды негізгі түбір салт етістіктер. - Алматы, 1999.
12. *Қасымова Б.* Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. - Алматы, 1996.
13. *Мамаева Г.* Тіркесті күрделі сын есімдер. - Астана, 2005.
14. *Мұсабаев Ф.* Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары. - Алматы, 1961.
15. *Молғаждаров Қ.* Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. - Көкшетау, 2002.
16. *Нұрғалиева М.* Көптік жалғау туралы. - Алматы, 1971.
17. *Оразов М.* Етістік. - Алматы, 2001.
18. *Оразбаева Ф.* Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер. - Алматы, 1988.
19. *Оралбаева Н.* Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларының құрылысы мен мағынасы. - Алматы, 1979.
20. *Оралбай Н.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Павлодар, 2011.
21. *Сарыбаев Ш.* Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. - Алматы, 1960.
22. *Сәдуақасұлы Ж.* Тілдік талдау түрлері. - Қызылорда, 2008.
23. *Сыздықова Г.О.* Қатыстық сын есімдердің семантикасы. - Астана, 2004.
24. *Төлеуов Ә.* Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім категориясы. - Алматы, 1975.
25. *Хасанова А.* Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. - Алматы, 1971.
26. *Хасанова С., Әбдіғалиева Т., Қасабекова Қ., Шалабаев Б.* Кестелі грамматика. - Алматы, 1996.
27. *Шәкенов Ж.* Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. - Алматы, 1961.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

Грамматика және оның салалары.....	4
Негізгі грамматикалық ұғымдар.....	9
Сөз таптары.....	21
Зат есім. Көмекші есімдер.....	28
Зат есімнің грамматикалық категориялары.....	36
Сын есім.....	49
Сан есім.....	58
Есімдік.....	67
Етістік. Етістіктің грамматикалық категориялары.....	76
Етістіктің аналитикалық формасы және аналитикалық формант.....	87
Үстеу.....	97
Еліктеу сөздер.....	104
Шылау.....	107
Одағай.....	113
Модаль сөздер.....	119

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Практикалық сабақтардың тақырыптары мен тапсырмалар.....	124
--	-----

ҮШІНШІ БӨЛІМ

СӨЖ тақырыптары.....	139
СОӨЖ тақырыптары.....	143
Тест тапсырмалары.....	148
Глоссарий.....	155
Негізгі және қосымша әдебиет тізімі.....	157

Сыздықова Гүлбаршын Олжабайқызы
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫ

Оқулық

Басуға 17. 10. 12. қол қойылды. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі “Таймс” Пішімі 60х90/16. Баспа табағы 10.
Таралымы 1300 дана. Тапсырыс № 1136.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru